



ONOMASTIKALYQ  
HABARSHY

Nº2 (39)  
2020



ONOMASTIKALYQ  
HABARSHY

N°2 (39)  
2020

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы  
Республикалық ономастика комиссиясының бюллетені

ONOMASTIKALYQ  
HABARSHY

№2 (39) 2020

**Бас редактор**

Ә. Қаба

**Жауапты редактор**

Қ. Есентаев

*ҚР Ақпарат министрлігінде  
тіркеліп, тіркеу туралы  
2004 жылғы 11 тамызда  
№5336 – куәлігі берілген.*

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
Тіл саясаты комитеті

**Редакциялық алқаның төрағасы:**

А. Райымқұлова

**Редакциялық алқа:**

Ә. Қаба  
М. Бақтиярұлы  
С. Абдрахманов  
А. Смағұлов  
З. Қабылдинов  
Н. Уәли  
С. Негимов  
А. Жартыбаев  
Д. Қыдырәлі  
Т. Қышқашбаев  
Н. Байғара  
С. Иманбердиева

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

### Ақмола облысының кейбір білім беру ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы»  
1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы  
10-бабының

4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы  
әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансалары-  
на, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, фи-  
зикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объекті-  
лерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының  
транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлға-  
ларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін  
беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан  
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысының мынадай білім беру ұйымдарына:

1) Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы, (қазақ  
тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған № 3 облыстық ма-  
мандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік меке-  
месіне Абайдың есімі;

2) Көкшетау қаласы білім бөлімінің «ІТ мектеп-лицейі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесіне әл-Фарабидің есімі берілсін.

2. Ақмола облысы Степногорск қаласының мынадай білім беру  
ұйымдары:

1) Степногорск қаласының білім бөлімінің «Н. Островский атындағы  
№ 1 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Степногорск  
қаласы білім бөлімінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы № 1 орта мек-

теп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Степногорск қаласының білім бөлімінің «А.М. Горький № 2 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Степногорск қаласы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 2 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Степногорск қаласының білім бөлімінің «А.П. Гайдар атындағы № 8 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Степногорск қаласы білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы № 8 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Степногорск қаласының білім бөлімінің «А. Косарев атындағы № 9 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Степногорск қаласы білім бөлімінің «Қаныш Сәтпаев атындағы № 9 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**А. Мамин**



ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

**Солтүстік Қазақстан облысының кейбір білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру және оларды қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы»

1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының

4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына:

1) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Өнер колледжі – музыкалық эстетикалық бейіндегі дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ермек Серкебаевтың есімі;

2) «Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының облыстық филармониясы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Ақан серінің есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру ұйымдары:

1) Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының

«№ 4 Булаево орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Солтүстік Қазақстан облысы «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Преснов жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қожаберген жырау атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**А. Мамин**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2020 жылғы « 23 » қазандағы  
№ 703 қаулысына  
2-қосымша

**АТАУЛАРЫНЫҢ ТРАНСКРИПЦИЯСЫ ӨЗГЕРТІЛУГЕ ТИІС  
ТЕМІРЖОЛ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ**

**Жамбыл облысы бойынша**

1.	Бурул станциясы	Бурыл станциясы
2.	Асса станциясы	Аса станциясы
3.	Жума станциясы	Жұма станциясы
4.	Каратау станциясы	Қаратау станциясы
5.	Ақтаутас станциясы	Ақтаутас станциясы
6.	Табак-Булак станциясы	Табакбұлақ станциясы
7.	Жанатас станциясы	Жаңатас станциясы
8.	Кумшагал станциясы	Құмшағыл станциясы
9.	Ақыр-Тюбе станциясы	Ақыртөбе станциясы
10.	Курагаты станциясы	Қорағаты станциясы
11.	Берлик-1 станциясы	Бірлік-1 станциясы
12.	Жидели станциясы	Жиделі станциясы
13.	Кияхты станциясы	Қияқты станциясы
14.	Қурмангазы станциясы	Құрманғазы станциясы
15.	Карасай станциясы	Қарасай станциясы
16.	Бурул-Байтал станциясы	Бурылбайтал станциясы
17.	Мын-Арал станциясы	Мыңарал станциясы
18.	Кок-Тобе станциясы	Көктөбе станциясы
19.	Эспе станциясы	Еспе станциясы
20.	Ала-Айғыр станциясы	Алаайғыр станциясы
21.	Кулакшино станциясы	Құлақшын станциясы
22.	Бель станциясы	Бел станциясы



23.	Анрахай станциясы	Аңырақай станциясы
24.	Курдай станциясы	Қордай станциясы
25.	Чокпак станциясы	Шақпақ станциясы
26.	Сурум станциясы	Сүрім станциясы
27.	Куркуреу-су станциясы	Күркіреусу станциясы
28.	Кайратколь станциясы	Қайраткөл станциясы

### Қарағанды облысы бойынша

1.	Коктас станциясы	Көктас станциясы
2.	Сары-Шаган станциясы	Сарышаған станциясы
3.	Новалы станциясы	Науалы станциясы
4.	Қаражинғыл станциясы	Қаражыңғыл станциясы
5.	Ащи су станциясы	Ащысу станциясы
6.	Сары-Кум станциясы	Сарықұм станциясы
7.	Майкудук станциясы	Майқұдық станциясы
8.	Калагир станциясы	Құлайғыр станциясы

### Қызылорда облысы бойынша

1.	Аккум станциясы	Аққұм станциясы
2.	Боройнак станциясы	Бөройнақ станциясы
3.	Яныкорған станциясы	Жаңақорған станциясы
4.	Жаилма станциясы	Жайылма станциясы
5.	Акмая станциясы	Ақмая станциясы
6.	Байгакум станциясы	Бәйгеқұм станциясы
7.	Бактысай станциясы	Бақтысай станциясы
8.	Майлытоғай станциясы	Майлытоғай станциясы
9.	Керкелмес станциясы	Керікелмес станциясы
10.	Қараирим станциясы	Қараірім станциясы
11.	Ақжар станциясы	Ақжар станциясы

12.	Бостандық станциясы	Бостандық станциясы
13.	Енбекшиказах станциясы	Еңбекшіқазақ станциясы
14.	Сапак станциясы	Сапақ станциясы
15.	Карашеген станциясы	Қарашеген станциясы

**Солтүстік Қазақстан облысы бойынша**

1.	Тайнча станциясы	Тайынша станциясы
----	------------------	-------------------

**Түркістан облысы бойынша**

1.	Шорнак станциясы	Шорнақ станциясы
----	------------------	------------------

**Шығыс Қазақстан облысы бойынша**

1.	Балықты-Коль станциясы	Балықтыкөл станциясы
2.	Талдынская станциясы	Талды станциясы
3.	Шоптыхак станциясы	Шөптіқақ станциясы
4.	Ушбийк станциясы	Үшбиік станциясы

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫН ТАРИХТАҒЫ ӘУЕЛГІ АТАУЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЙЕЛЕУ БАСТАЛДЫ

**Кез келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер-су атаулары арқылы көрініс табады. Сол секілді қазақ елінің жер-су атаулары да халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді.**

Әрбір атаудың өз тарихы, дүниеге келу себебі бар. Өзен, су, құдық, бұлақ, көл, теңіз аттарын (гидронимдерді) тау, сай-сала, қырат, жоталар, асулар, орман-тоғай, жайлау аттарын (оронимдерді) елді мекендердің аттарын (ойконимдерді) жан-жақты зерттеп, тарихи атауларына келтіру ғылыми зерттеулерді қажет етеді. Белгілі бір өңірдің ономастикалық атауларына қарап сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өресі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сондықтан, әрқилы замандарда көптеген өзгеріске ұшырап, ұмыт бола бастаған жер-су атауларын зерттеу бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Баршамызға аян, еліміздің елді мекендері мен жер-су атаулары XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап күрт өзгере бастады. Санамалай берсек, *Алексеевка, Петровка, Орск, Омск, Алма-Ата, Кантемировка, Бурное, Луговое, Петропавловск, Семипалатинск, Павлодар* секілді елімізге қатысы жоқ шұбарланған атаулар әлі күнге жеткілікті.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен ағымдағы жылы тарихи диахрондық әдіс арқылы ономастикалық атауларды жүйелеу жұмыстарын жүргізу үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қолға алынды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысы бойынша Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Тарихи диахрондық әдіс арқылы ономастикалық атауларды жүйелендіру қызметі» жобасы іске қосылды.

Орындау мерзімі алты жылға жоспарланған бұл шара Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың

2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» міндеттерін іске асыруға арналған.

Биылдан Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары бойынша ономастикалық атауларды тарихи-диахрондық әдіс арқылы жүйелеу басталды. Жобаны орындауға, іс-шараның өзегі ғылыми ізденістер болғандықтан, құрамында алты ономаст-ғалым бар жұмыс тобы құрылды.

Жобаның мақсаты республикадағы ономастикалық қызметті ретке келтірудің негізгі ғылыми дәйектерін басшылыққа ала отырып, жер-су атауларына қатысты тарихи деректерді ғылыми айналымға түсіру және тарихи ономастикалық атауларды қалыпқа келтіру, жүйелеу.

Қазіргі Қазақстан аумағындағы топонимдердің диахрондық картасын әзірлеу арқылы топонимдердің өзгеру динамикасын көрсету әрі біріздендіру маңызды.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығында жұмыс тобының 2020 жылы қаңтар-қыркүйек айларында атқарып жатқан жұмыстары сарапталды. Нәтижесінде қазіргі таңда ономастикалық атауларды жүйелеу мақсатында кезеңдер бойынша карталарды жинақтау қолға алынды.

Жоба бойынша ғылыми, ғылыми-әдістемелік, публицистикалық мақалалар [www.atau.kz](http://www.atau.kz), [www.abai.kz](http://www.abai.kz) сайттарында жарияланды.

Бұл мақалаларда Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары бойынша астионимдерінің өзгеру динамикасы, өңірлердің топонимдерінің этимологиясы, топонимдерінің диахрониясы туралы тұщымды мәлімет алуға болады. Мақалалардың толық мазмұнымен төмендегі сілтемелер арқылы танысуға болады:

1. *Атамекеніміздің мың жылдық таңбасы* (Авторлары: топ мүшелері, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ғылыми қызметкерлері З.Тайшыбай, С.Мәлікова) <https://atau.kz/kz/article/51>;

2. *Солтүстік Қазақстандағы антропонимдер хақында* (Авторлары: топ мүшелері, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ғылыми қызметкерлері З.Тайшыбай, С.Мәлікова) <https://atau.kz/kz/article/52>;

3. *Латын қарпі: қазақ топонимдерінің дұрыс берілуі және қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері жайлы нұсқаулық* (Авторы: топ мүшесі, С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ профессоры, ф.ғ.д. С.Иманбердиева) <https://atau.kz/kz/article/53>;

4. *Көше атаулары – тарихи, мәдени және ақпараттық код* (Авто-

ры: топ мүшесі, Е.Бөкетов атындағы ҚҰУ профессоры, ф.ғ.д А.Әділова) <https://atau.kz/kz/article/54>;

5. *Шешенқара ауылы топонимі* (Авторы: топ мүшесі, Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы Т.Аршабеков) <https://atau.kz/kz/article/55>;

6. *Қазақ топонимдерінің түркілік қабаты: тілдік сипаты* (Авторы: топ мүшесі, С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ профессоры, ф.ғ.д. С.Иманбердиева) <https://atau.kz/kz/article/56>;

7. *Ақтоғай өңірінің топонимдері* (Авторы: топ мүшесі, Е.Бөкетов атындағы ҚҰУ профессоры, ф.ғ.д А.Әділова) <https://atau.kz/kz/article/57>;

8. *Сарыарқаның сарыбелі* (Авторы: топ мүшесі, Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы Т.Аршабеков) <https://atau.kz/kz/article/58>;

9. *XIX ғасырда Жаңаарқа өңірінің этнопонимдерінің қалыптасу ерекшеліктері* (Авторы: топ мүшесі, Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы Т.Аршабеков) <https://atau.kz/kz/article/59>;

10. *Қазақтың жері қайда шашылмаған* (Авторлары: топ мүшелері, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ғылыми қызметкерлері З.Тайшыбай, С.Мәлікова) <https://atau.kz/kz/article/60>;

11. *Тораңғы өспесе де...* (Авторлары: топ мүшелері, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ғылыми қызметкерлері З.Тайшыбай, С.Мәлікова) <https://atau.kz/kz/article/61>;

12. *Петропавл – Қарағанды облысының орталығы* (Авторлары: топ мүшелері, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ғылыми қызметкерлері З.Тайшыбай, С.Мәлікова) <https://atau.kz/kz/article/62>;

13. *Жер-су атаулары – тарих қана емес. Екі бөлімнен тұрады* (Авторлары: топ мүшелері, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ғылыми қызметкерлері З.Тайшыбай, С.Мәлікова) <https://abai.kz/post/114524>, <https://abai.kz/post/114622>;

Сондай-ақ ақпараттық-насихат жүргізу үшін Солтүстік Қазақстан облыстық «Қызылжар» телеарнасында «Туған жердің атаулары» топтамасымен «Алтын қазық» хабарының бірнеше көрсетілімі берілді. Хабарға топ мүшелері, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ғылыми қызметкерлері З.Тайшыбай, С.Мәлікова қатысты. Сондай-ақ, Қарағанды қалалық «5 те-

леарнасында» топ мүшесі, Е.Бөкетов атындағы ҚҰУ профессоры, ф.ғ.д. А.Әділова сұхбат берді.

СҚО топонимдерінің түрлері, құрылымы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілді. Онда топоним түрлері туралы, топонимдердің құрылымы бойынша жан-жақты мәлімет берілді. Әр түрге қатысты аудандар бойынша термин-индикаторлардың статистикалық мәліметтері кестелер түрінде берілген. Әр түрдің жалпы саны бойынша диаграмма жасалған. Осы облыс бойынша StoryMap JS платформасында интерактивті карта әзірлене бастады (<https://storymap.knightlab.com/edit/?id=soltustik-kazakistan-oblysy-toponimderi>).

Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары бойынша астионимдерінің өзгеру динамикасы, өңірлердің топонимдерінің этимологиясы, топонимдерінің диахрониясы бойынша біршама жұмыстар атқарылып жатыр. Атап айтсақ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша (*бір кездердегі Ақмола губерниясының орталығы Петропавл, оған қарайтын Петропавл уезі, Атбасар, Көкшетау, Ақмола уездері*) ойконимдердің Кеңес үкіметінің орнауына байланысты өзгеру динамикасы анықталды;

2. Аталған облыс бойынша 1990 жылдан бергі өзгерген атаулардың динамикасы кесте түрінде жасалынды;

3. Ойконимдердің құрылымдық ерекшеліктері анықталды;

4. Қарағанды облысы бойынша ХХ ғасырдың басындағы қазіргі Жаңаарқа, Бұқар жырау аудандары елді мекен атауларының динамикалық өзгерісі бойынша материал жинақталды;

Облыстардың интерактивті картасын жасау жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысы жыл аяғында ғылыми-практикалық жинақ ретінде жарияланатын болады. Сондай-ақ «Ономастикалық хабаршы» бюллетенінің №2 электрондық нұсқасы осы мәселелерге арналады.



**СӘУЛЕ ИМАНБЕРДИЕВА,**

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық  
университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

## **СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

Жалқы есімдерді құрылымына қарай топтастырудың түркі және славян ономастикаларында бірнеше жолдары қалыптасқан. Т.Жанұзақов жалқы есімдерді (антропонимдер, топонимдер, космонимдер) құрылымына қарай: а) негізгі; ә) туынды; б) екі компонентті; в) көп компонентті деп бөледі [1, 61б.]. Қазіргі қазақ тілінде кеңінен тараған құрылымға, Т.Жанұзақовтың айтуынша, әртүрлі сөз табының бірігуінен жасалған екі компоненттілер жатады.

О.А. Сұлтаньяев күрделі жалқы есімдерді екі құрылымдық типке бөледі: а) есімдерден жасалған атаулар; ә) етістіктен жасалған атаулар [2, 30].

Атаулардың құрамында түбір сөзді саны жағынан топтастыру компоненттер арасында синтаксистік қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Х.Ф. Искакованың сұрыптауында мұндай талдау кездеседі. Ғалым күрделі жалқы есімдерді анықтауышты және предикативті деп бөледі. Ал анықтаушысы бар құрылымның өзін тәуелдік, сандық және бейімделуші компоненттеріне жіктеген [3, 163-171]. Қазақстан өлкесін зерттеген ғалымдар топонимдерді компонент санына қарай бірнегізді, екінегізді, үшнегізді, төртнегізді атаулар деп топтайды. Зоонимдерді талдаған Т.В. Линко атауларды жай және күрделі сөздерге бөледі [4, 120]. Ғалымның мұндай құрылымдық топтастыруы екі және одан да көп сыңарлы сөздердің қай сөз таптар қатынасынан жасалғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Демек, түркі ономастикасында жалқы есімдердің құрылымдық типін анықтауға көп көңіл аударылған. Түркі ономастикасында кеңінен тарағаны бірнегізді және екінегізді атаулар.

Біз қарастырып отырған СҚО топонимдерінде бірнегізді, екінегізді, үш және одан да көпнегізді типтері анықталды.



*Диаграмма – 1 Бірнегізді топонимдер*



*Диаграмма – 2 Екінегізді топонимдер*



*Диаграмма – 3 Үш және одан да көпнегізді топонимдер*

Диаграммадан көріп тұрғанымыздай, бірнегізді, екінегізді, үш және одан да көпнегізді топонимдер ішінде ойконимдер саны басым, бұл жалпы ойконимдер санының басым болуына байланысты болса керек. Сонымен бірге ойконимдерде кісі есімдерден, яғни антропоойконимдер саны көбірек.

Екіншілік атау – жаңа атауды тілде бұрыннан қалыптасқан атау арқылы жасайтын тілдік құбылыс. Бұрынырақта қолданған атауды жаңа атау ретінде қолдану механизмін зерттеу екіншілік атаудың көп аспектілі, көп қырлы тілдік құбылыс екендігін көрсетеді. Тілдегі бұрыннан қалыптасқан номинативті бірлікті жаңа семантикалық қызмет атқарушы ретінде қолдану жаңа және бастапқы мағынасының ішкі байланысының болуы мүмкінділігін тудырады. Алайда екіншілік атау бастапқы мағынасынан тәуелсіз болуы да мүмкін. Атау беруші субъект объектінің сипаттарын талдай отырып, басқа да белгілі объектілердің атауларымен байланыстырады. Ол жаңадан ескіге оралады. Олардың ұқсастықтарын белгілей отырып, таныс үйреншіктіге арқа сүйеп, жаңа атау береді. Ұқсастық белгілерін салыстыра отырып, объектінің басқа объектілерден бөлек бір белгісіне тоқталады. Екіншілік атау процесін зерттеу осындай ұқсастық белгілерін іздестіру арқылы іске асады. Ұғымдардың бір-біріне ықпалын белгілеу төмендегідей жасалады:

- 1) екі объектінің белгілі бір сипатына қарай ұқсастықтары арқылы;
- 2) екіншілік атау негізіндегі объектілердің ұқсастық белгілері атау ретінде бұрынырақ қолдануы арқылы жасалады.

Жиналған материалдар бойынша екіншілік атауды екіге бөліп қарастыруға болады: 1. Семантикалық екіншілік атау. Сөзжасам - ат қоюдың негізгі элементі. Бірақ сөзжасамнан ат қою үдерісі кең: сөзжасам ат беру қызметін атқарады, ал атау беру тек қана сөзжасам арқылы жасалмайды. Атау беру тілде бар сөздің трансформациялануы немесе лексикалық бірлікті қолдану арқылы жасалады. Бір объекті атауының екінші бір объектіге ауысуы ұқсастықтарымен немесе уәждерінің бірдей болуымен түсіндіріледі. Мысалы: *Қызыл қалқан - күн*. Мұндай ат қою түрін біз семантикалық деп атаймыз, себебі тілдегі бар лексикалық бірліктің семантикалық құрылымын өсіреді. Уәждеделген сөздің дыбыс жамылғышы объектінің атауы болып қолданылады.

Семантикалық екіншілік атауда бірнеше сөз тіркестері анықталды. Оларды мынадай жүйемен көрсетуге болады.

Кесте 1 – Семантикалық екіншілік атаудағы сөз тіркестері

№	Қабылдау аспектілері	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Үдеріс нәтижесі (жағымсыз)	Бұқаөлген	комоним

2.	Бағыт пен термин-индикатор	Ортакөл	лимноним
3.	Бастау орны	Басқаракөл	лимноним
4.	Сапасы	Қараащы	гелионим
6.	Заттық бірлік	Сүліктітомар	гелионим
7.	Кісі аты мен термин-индикатор	Абайауыл	комоним
8.	Бағыт пен пішін және термин-индикатор	Оңтүстік Ұзынкөл	ороним
9.	Жер рельефі (/түс) мен географиялық термин	Сарыадыр	ороним

Біз бұл жүйе арқылы сөз тіркестері түріндегі біріншілік атау мен екіншілік атау арасында тоқтатуға келмейтін (қайтарымсыз, жағымсыз) үдеріс, түс және пішін, бастау орны аспектілері болатынын сөз тіркестерінен анықтадық.

2. Морфологиялық екіншілік атау. Жаңа атаудың белгілі бір аффикстер, біріккен сөздер арқылы жасалуын морфологиялық екіншілік атау дейміз. Мұндай атауды төмендегідей жүйемен көрсетуге болады.

#### Кесте 2 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғау	Айтқұл+ов + Ауыл+ы	комоним
2.	Жұрнақ	Арқа+лық	комоним
3.	Біріккен сөздер	Бұқа+қара+су (зат есім + сын есім+зат есім)	лимноним
4.	Біріккен сөздер	Бие+сойған (зат есім+есімше)	гелионим
5.	Жұрнақ	Мал+ды+көл	гелионим
6.	Біріккен сөздер	Түркі + стан	топоним
7.	Жұрнақ	Былқыл+дақ	лимноним
8.	Жұрнақ	Шағала+лы	комоним
9.	Біріккен сөздер	Жалғыз+көл	гелионим

Морфологиялық екіншілік атау жалғау, жұрнақ, біріккен сөздер, эпен-теза арқылы қалыптасатынын анықтадық.

Түркі, соның ішінде қазақ топонимиясына аналитикалық және синтетикалық екі негізгі құрылымдық модельдер өнімді болып келетін жеке сөзжасам тәсілі тән [5].

Аналитикалық топонимдердің қалыптасуы келесіге негізделеді:

а) қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: *Ақсықпа, Әулиеоба, Жоғарғы Балық* т.б.;

ә) анықтауыш – қосымша: *Байтомар, Жаманқоңыр, Кіші Ақшешей* т.б.

б) тәуелдік тіркес: *Алуа Моласы, Қыздың Қарасуы, Жаңажол Шаппа Орыны, Айтқұлов ауылы, Анастың көлі* т.б.;

в) есімшелі және етістікті тіркестер: *Есенейөлген, Өгізөлген, Тіленшіөлгенсор, Бұзауөлген, Аққуөлген, Айғыржығылған* т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

1. Солтүстік Қазақстан облысы топонимиясы үшін есімді сөзжасам моделіне келесі аффикстер тән:

- дақ/дық – етістіктен сын есім жасайтын аффикс: *Бұрқыл+дақ, Былқыл+дақ, Шуыл+дақ* т.б.;

- лы/лі/ды/ді/ты/ті – көптік мәнді реликтік аффикс: *Қарағайлы, Қамысты, Қиялы, Сулы* т.б.;

- ған/ген/қан/ген – есімше аффиксі: *Биесойған, Бұзауөлген* т.б.;

- ша - зат есімнің рең мәнін жасайтын аффикс: *Тайынша* т.б.

Зерттеу барысында Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің келесі құрылымы анықталған: термин-индикаторлық компонент: *Бұлақ, Жота, Батпақ, Бекет* т.б.; термин-индикаторлық компонент + аффикс: *Су + лы;* т.б.; термин-индикаторлық компонент + термин-индикаторлық компонент: *Арал+көл, Дала+көл, Батпақ+көл, Шоқы+көл, Жар+кент, Жар+көл, Жер+лі+көл, Арал+ауыл, Арал+төбе* т.б.


Реттік форма+ термин-индикатор: *Бірінші+көл;*

Көптік жалғаулы: *Бақша+лар,* т.б.


Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: *Жалтыркөл, Ұзынкөл, Ұлыкөл* т.б.; комплетивті: *Қалдыаман, Қисық Қалдыаман, Қожақонған, Қонаққонған, Айғыржығылған, Алыпқаш* предикативті байланыс байқалады.

Сонымен бірге, СҚО топонимдері иррадиация (берілген нысанның географиялық атау негізінің басқа, жақын жатқан нысандарға таралуы) және антитеза (қарама-қайшылық) негізінде қалыптасқаны айқындалды.

Иррадиация негізінде қалыптасқан атаулар:



Жалтырша атауы көл бетінің жалтырап жатқан, суы мөлдір таза екенін аңғартатын болса, көл маңында жатқан батпақ пен ауылға иррадиация негізінде атау ретінде таралғаны анық.



Сол сияқты Сарықамыс атауы көл жағасының сары қамыс қаулап өсуі негізінде көлге атау ретінде тағылып, көл маңындағы қоныс пен төбешікке иррадиация негізінде атау ретінде таралғаны анық.

Антитеза: кіші (14) – үлкен (58), жақсы (13) – жаман (23), ақ (76) – қара (132), жаңа (33) – ескі (8), бас (19) – аяқ (9):

*Кіші Сүлікті – Үлкен Қоскөл*

*Кіші Шабақ – Үлкен Жарма*

*Жақсыжаркөл - Жаманкөл*

*Жақсы Жалғызтау – Жамантүз*

*Ақтүбек – Қараөзек*

*Ақбұлақ - Қарабұлақ*

*Жаңатілек – Ескі Бекет*

*Жаңатұрмыс – Ескі Алғабас*

*Баскөл – Аяққопа*

*Басқамыс – Аяқшілік*

Тілді антропология тұрғысынан зерттеу – маңызды. Тілді сөйлеушінің іс-әрекеті (психоллингвистика), қоршаған ортаны тану, қабылдау, қорыту және тілдік белгілермен көрініс табуы (когнитивті лингвистика), оның қоғамдағы рөлі мен сөйлеу әрекеті (әлеуметтік лингвистика) арқылы тану – біршама ғылым салаларын туғызып қана қоймай, іргелі зерттеулерге негіз болды.



Жоғарыда аталған антитеза негізіндегі бинарлық атаулардың қалыптасуында тілді тұтынушының мақсаттары қандай болды деген мәселені қарастыру да қызығушылығымызды тудырды. Мәселен, профессор Т.Жанұзақтың Жаманқара атауын талдау нәтижесінде ой қорытуын дұрыс деп қабылдауға болады: «Жаман» сөзі топонимдер құрамында келгенде, «нашар, кішігірім» мағынасын білдіреді» [6].

Алайда «Құрамында *жаман*» сөзі келетін жер-су аттары республиканың барлық аймағында кездеседі. Ол «нашар» мағынасында қолданылса, кейде монғол, тәжік тілдеріндегі *чаман* сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген күйінде жұмсалады. Біздің байқауымызша, тәжік тіліндегі *чаман* – «көк шалғын», «майса», «жазық алаң» сөзінің өзгерген түрі болуы мүмкін. Оған тәжік тіліндегі «Чаманбұлақ», «Чаманкулы» атаулары толық айғақ. Сөз басындағы *ч/ш* дыбыстары ж дыбысына алмасқан сияқты» деген нұсқалары да кездеседі [6]. Демек, топоним құрамындағы «жаман» сөзінің мағынасы екінші компонентке байланысты болуы мүмкін.

Ғалым Е.Қойшыбаев «жақсы/жаман» бинарлы оппозициялы сөздердің семасиологиялық мәнінен басқа ономазиологиялық мәні болатынын да айта келе, этнонимдер құрамында ерекше мәнге ие болатынын білдірген [7]. Сонымен бірге Жақсы атауы жеке келсе, ертедегі ру атауына байланысты дегенді білдіреді. Ал жаман сөзі топоним құрамында «кіші» деген мәнге де ие бола алады [7].

Сол сияқты топонимдер құрамындағы «ақ/қара» бинарлы ұғымдар да түс мағынасын ғана емес, сонымен бірге «ағу, таза, ірі, үлкен, жер» т.б. мәндерге ие болатыны және «аяқ/бас» бинарлы ұғымдардағы «аяқ» сөзі – төменгі жақтағы, соңғы мәнін білдірсе, «бас» сөзі – «жоғары жақтағы», «алғашқы, бастапқы» деген ұғымдарды білдіретіні жайлы ономаст-ғалымдар айтып кеткен.

Б.Бияров «жаңа/ескі» бинарлық ұғымдарға қатысты мынадай деректерді келтіреді: «Жаңа сын есімі тіркесті топонимдер де жасайды және өзен, судың «жаңа арнаға аунауын»; елді мекеннің «жаңа орынға көшірілуін»; «жаңа өмірге, қоғамдық құрылысқа ауысқанын» т.б. білдіреді» және «Ескі сын есімі «көне, ескірген» мағынасын беріп, жаңа сын есіміне бинарлық позицияда болады. Сонымен бірге «тозған, бұрынғы, дағдылы» сияқты семалық реңктері де бар» [8].

Сонымен бірге «үлкен/кіші» бинарлық ұғымдарға қатысты: «Кіші сын есімі «кішкентай, шағын, азғантай» көлемдік мәндері арқылы жер-

су атын жасауға қатысады. Алайда біріккен атауларға қарағанда, үлкен сын есіміне қарсы мәнде қолданылатын тіркесті атаулар басым болып келеді» деген пікірі де көңілге қонымды [8].



Диаграмма – 4 Термин-индикатор негізінде қалыптасқан топонимдер

Диаграмма негізінде «көл» термин-индикаторы компонент ретінде жиі қолданысқа түскен. Бұл облыс аумағында көлдердің көп болуына қарай, көл ерекшелігін нақыштайтын атаулардың басым болуына байланысты болса керек. Сонымен бірге көл атауынан иррадиация негізінде таралған атауларға да байланысты.

Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің қалыптасуында көптеген ономотүзуші тәсілдер қолданылғаны анық. Қарапайым халық атау түзуде қай тәсіл арқылы қалыптастыруын ойлап жатпайтыны анық, алайда уәж негізінде қалыптасқан атау қазіргі қазақ тілінің нормаларына сай келетіні халық даналығының айғағы. Сонымен, облыс топонимдерін қалыптастыруда халық саналы/санасыз түрде аналитикалық, синтетикалық, иррадиация, антитеза тәсілдерін қолданған. Сонымен бірге топонимдердің құрылымы басқа түркі тілдеріндегідей бірнегізді, екінегізді, үш және одан да көпнегізді болып келеді. Алайда екінегізді топонимдер басым екені зерттеу барысында айқындалды.

Құрамында термин-индикаторлары бар топонимдердің разряд түрлері негізінде «көл» термин-индикаторы компонент ретінде жиі қолданылғаны айқындалды. Мұның жауабы облыстың жер-рельефтік ерекшелігінде болса керек. Топоним құрылымының неліктен тап осындай

болатыны, неліктен осы компоненттер қолданылды деген сұрақтардың психологиялық жауабын іздеу мақсатында да зерттеу жүргізуге болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанұзақов Т. Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары: филол. ғыл. докт. ... дисс. –Алматы, 1976. –Б. 23.
2. Султаньяев О.А. Казахские микротопонимы Кокчетавской области, образованные от личных имен. Ономастика. –М.: Наука, 1969. –С. 208.
3. Исакова Х.Ф. Структура составных топонимов (на материале Крыма) // Тюркская ономастика. –Алма-Ата: Наука, 1984. –С. 163-171.
4. Линко Т.В. Қазақша мал атаулары // Қазақ ономастикасының мәселелері. –Алматы, 1986. –Б. 116-121.
5. Древнетюркский словарь. –Л., 1969. –С. 471.
6. ЖанұзақТ. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010.-356 бет.
7. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі, - Алматы: Мектеп. 1985, - 256 бет.
8. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. - Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. – 460 бет.

**ЗАРҚЫН ТАЙШЫБАЙ,**  
*Солтүстік Қазақстан мемлекеттік  
 университетінің профессоры,  
 филология ғылымдарының кандидаты*

### СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ СЫН ЕСІМ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТОПОНИМДЕР

«Ақ» және «қара». Облыстың жер-су атаулары тізілген каталогта «ақ» сын есімімен немесе осыдан туындайтын зат есімнен басталатын 102 атау бар екен. Солардың ішінде Ақан, Ақанбет, Ақбай, Ақбас, Ақби, Ақжан, Ақжарқын, Аққошқар, Ақсары, Ақтай, Ақыш бастатқан 25 антропоним болса, қалғандары +балық 2, «Ақбас» және «Ақбасты» аталатын тұзды көлдер 8, +бұлақ 2, +жар 2, +көл 4, +қайың 3, «аққу» 3, +құдық 3, +мола 3, +сай 3, +сораң 3, +су 7, +суат 7, +тас 3, +төбе 6 рет кездесті.

Ал, бұдан жүз жыл бұрынғы елді мекендердің атауы тізімі болып табылатын «Тарихи топонимикадан» қазақтардың «ақтан» басталатын 32 елді мекенін таптық. Бұлардың ішінде Ақбас, Ақбота, Ақжан, Ақпан, Аққусақ сияқты кісі есімдері мен, қазақ тұрмысын бейнелейтін: «Ақжан қонған ағаш», «Ақ ит өлген», «Ақбас тың көлі», «Ақ оба», «Ақ мола», «Ақ шығанақ», «Ақ өгіз», «Ақтөбел», «Ақтөс», «Аққойлы», «Ақөгіз», «Бозарал» т.б. этнографиялық атаулар баршылық.

Жерлестеріміздің басым бөлігі қазақтан өзге ұлт өкілдері болғандықтан, зер сала қарасақ, осы «ақ» анықтауышының орысша аудармасы «белый». «белая»» «белое» сөзіне қатысты 26 атау ұшырайды. Солардың ішінде «ақ топырақ», яғни «Белая глина» деп екі ауыл және Аққанбұрлық өзенінің бір саласы, өзенше аталады. Осыған ұқсас «Белоглинка» деген екі ауылдың біреуі Айыртау ауданында, екіншісі Шал ақын ауданында. 9 «Белое» болса, соның бесеуі көл, яғни Ақ көлдер, төртеуі село. Ойконимдер арасында төрт «Белоградовка» бар екен.

Біздің ойымызша, мағнасы жағынан «белоеге» жақынырақ сын есім «чистое» болса керек. Қазақша «таза» деген тура аудармасы болмаса да, бейнелі түрде «ақтың» мағнасын беретін 27 *чистое* санауымыз, соның бір айғағы болса керек. Атап айтқанда, Чистое

деп аталатын көлдердің саны 17, қалғаны батпақтар немесе елді мекендердің аты.

Топонимист мамандар қазақ тілінде «қара» сын есімінен басталатын, немесе осы сөз жалғанған атаулардың көптігіне назар аударып, осы құбылысты түсіндіруге тырысады. Басқа халықтардағыдай *қазақ халқы үшін де әлем екі түске – ақ пен қараға бөлінген*. Оның бірі *ақ түс* – күллі игі жақсы қасиеттер иесі болса, *қара түс* – жамандық біткеннің белгісіне ие. Бұл түсінік халық санасына терең ұялап, оның тілі мен ойлау жүйесінен орын алған. Сондықтан *ақ түс* күні бүгінге дейін жақсы бастама атаулының бәрінен де табылады. Өйткені ол сұлулық әлемінің, адамгершілік қасиеттерінің біртұтас жиынтығын құрайды. Қазақ халқының ежелгі дүниетанымында дүниені төрт бұрышты деп түсініп, әр тұсқа өзіндік таңбалық түс бергені белгілі. Сонда *қара түс* солтүстікті белгілейді. Зерттеулерге сүйенсек, «Авестада» солтүстік жақтағы қасиетті тауды «Хукариа» деп атайтындығы айтылады. «Хукариа» атауының иран тіліндегі бастапқы айтылу нұсқасының «Хух Хара» болғандығын ескерсек, мұндағы «хара» о баста дей-түркінің (арғықазақ) «қара» формасынан шыққандығын айтуға болады. Яғни «Хух Хара» сөзі бүгінгі түркі тіліне «Харатау» - «Қаратау» деп аударылады. Бұл жердегі «қара» сөзі түсті емес, «түпкі, бастапқы» деген мағынаға ие болып тұр. Түркі тілдерінің бірі өзбек тілінде «қара» сөзі «темір» деген мағынада қолданылады. Мұндай ұғым буряттардың дүниетанымдық негіздегі фольклорында да болғандығы байқалады. «Қара» сөзі жер асты, төменгі әлем ұғымын білдірсе, «ақ» сөзі оған қарама-қарсы жоғарғы әлем, құдайлар мекені, аспанның символы болған.

Сонда, байқалғанымыз: «Қара» деген сөз нысанның түсін көрсетіп қана қоймайды, «қара» сөзі «үлкені, «көп» «көлемді» деген сөздерге синоним ретінде жұмсалып, атаулардың бейнелі, көрнекті, есте қаларлық болуына, айтқанда әсерлі естілуіне байланысты күшейткіш шырай түрінде қолданылады. Ал, орыс тілінде олай емес екеніне осы өзіміздің солтүстік аймақтың жер-су атауларын зерттеу үстінде көз жеткіздік. Мысалы, «Черное» деген екі көл, Чернобаевка, Чернозубово және Чернолесье деген елді мекендер бар. Бұл арада әрбір этностың сыртқы әсерді бағалауы, қабылдауы және санадан өткізіп таңбалауы әртүрлі екендігі сөз болуға тиіс.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» **қара** сөзінің мағынасына қатысты

берілген сөздерден түстік, белгісіздік, қайғы-уайым, қатыгездік, киелілік, қасиеттілік, қарапайымдылық мағыналарын тануға болады. Бұл мағыналар қара сөзінің ұғымдық нышандық, яғни таңбалық белгісін де білдіріп тұр. **Қара** сөзінің тура мағынасы – «ақтың қарама-қарсы түрі». Бұл оның негізгі мағынасы. Бірақ бұл номинативтік мағына одан кейін пайда болған коннотативтік мағынаның қалыптасуының барлығына бірдей ұйытқы бола алмайды. Оны мына мысалдардан байқауға болады.

Енді осы көрсеткішті бұдан 100 жылдан аса бұрын қағазға түскен мәліметтермен салыстыратын болсақ, ел тарихының, демографиясының, тұрмыс жағдайының түбегейлі өзгерістерін байқауға болады. Айталық, «тарихи топонимикада» «қара» сөзінен басталатын елді мекендер (географиялық атаулардың ішінен бөлініп алынған ойконимдер.-авт.) саны 171 болса, соның ішінде: +ағаш 43, +тал 43, +терек 37, +шілік 7, +мойыл 11, +томар 5, +шоқы 5, + шоқ 4 т.б. адамға жайлы қоныс болатын табиғи нысандар екенін байқаймыз. Назар аударатын ерекшелік, қазақ халқының отырықшылыққа қарай бейімделуіне байланысты өзгерген атаулардың көбеюі немесе азаюы.

2012 жылы шыққан тізбеде облыс аумағындағы жер-су атауларының арасында «Қара» сөзінен басталатын 167 атау болса, соның 14-і «Қарағаш», +балық 3, +4 бие, «Қарағай», «Қарағайлысы» 10, +көл 7, +қамыс 4, +қоға 14, +қожа 4, +мойыл 3, +мола 4, +сор 5, +су 12, +тал 10, +терек 6, + томар 9, +шоқ 3, +шоқы 1, +шілік 5 жиілігінде байқалуы да өңіріміздің табиғи келбетін ерекшелеп көрсететін белгілер деуге әбден болады. Және де айта кету керек, «қара» сын есімінің көмегімен жасалған топонимдер орысшаға аударылмай, қазақша сақталған.

*Қара* түсті білдіретін атаудың «ақ» түсті білдіретін атау сияқты көп мағынаға ие болуы, біріншіден, оның табиғаттағы ең негізгі, көрнекті және басқа да көп түстердің құрамында кездесетін табиғаты күрделі түс болуына байланысты болса, екіншіден, қоғамдық өмірдегі көптеген құбылыстармен түр-түсіне байланысты сәйкестігі, ұқсастығы, мән-дес-мағыналастығы негіз болған деп қарауға болады. *Қара* сөзінің түркі тілдеріндегі ауыспалы мағыналары бұдан да көп деп көрсетіледі, ал қазақ тілінде, ғалымдардың беруінше, талдауымызға нысана болған отыз шақтысын ғана кездестірдік. Сонымен қазақ тіліндегі *қара* сөзінің ауыспалы мағынасы нақтылы бір сөздермен тіркесте қолданылғанда ғана көрініп, молая түсері белгілі.



### Қоңыр, Көк, Қызыл, Сары...

Халқымыздың жанына жақын түстердің бірі – қоңыр түсі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *қоңыр* түсіне байланысты тура және ауыспалы сөздер тізбегі берілген, мысалы: *қоңыр, қоңыр ала, қоңыр аю, қоңыр ән, қоңыр бел, қоңыр дауыс, қоңыр жел, қоңыр жүз, қоңыр көлеңке, қоңыр күз, қоңыр қаз, қоңыр леп, қоңыр салқын, қоңыр тарту, қоңыр үн*. Қоңыр – жер түсі, тірлік, өмір бейнесі. Қазақ нанымында бұл түс ерекше орын иеленеді. Қоңыр – алдымен қауіпсіздік, тыныштық, мамыражай тірлік белгісі. Қоңыр сөзі түстік мағынадан басқа мынадай: қоңыр күй, қоңыр дауыс, қоңыр күз, қоңыр жел, қоңыр әңгіме, қоңыр қабақ, қоңыр тірлік, қоңыр сөз, қоңыр самал, қоңыр дала, қоңыр салқын, қоңыр кеш, қойдай қоңыр, майда қоңыр сияқты тіркестермен келіп, әртүрлі құбылыстың небір жанға жайлы, құлаққа жағымды, жүрек тебірентетін нәзік те әсем сәттерін, өмір, тіршіліктің жайбарақат, мамыражай, кейде тіпті жұпыны да сыпайы қалпын суреттейтін ерекшеліктері көзге түседі. Мысалы: *қоңыр кеш, қоңыр үн, қоңыр үй, қоңыр көлеңке, қоңыр төбе, қоңырқай көз*, т.б.

«Қоңыр» сын есімі+зат есім түрінде жасалған топонимдер де көңіл аударуға тұрады. Біздің қолымыздағы көне деректерде бұлардың саны аз – жетеу ғана: екі Қоңыр, Қоңыр+ағаш, Қоңыр+бұзау, Қоңыр+қасқыр, Қоңыр+лан, Қоңыр+лы+шоқы, Қоңыр+шоқы. Ал. Қазір, ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде бұлардың өзі сиреп, Қоңыркөл, Қоңырсиыр және екі Қоңырсу түрінде ғана қалуы уақыт өткен сайын қазақы әлеуметтік лексикасының жүдеу тартқанын көрсететін сыңайлы.

Топонимжасамда қоңыр түсті, яғни қашықтықтан қоңырайып көрінетін бұта, қарағаны мол тау, төбелерді, «шөбі пісіп, сола бастаған» табиғи нысандарды белгілейді (Ақкөзов Ә. 2005, 150). Шын мәнінде «Қоңыр» сын есіміне зат есім тірекжу жолымен жасалған жер атауларының саны аздығы табиғаттағы қоңыр түстің уақытша ғана, күз айларына тән екендігімен түсіндіруге болар. Іздей түсу керек шығар.

Солтүстік Қазақстанның тарихи топонимдері қатарында едәуір орын алған «көк» сын есімі арқылы аналитикалық жолмен жасалған топонимдерге тоқталудың қажеті бар. Көк сапалық сын есімі көне түркі жазба ескерткіштерінен байқалатындай, ежелден түрік елінің сүйікті түсі болып есептеледі (көк тәңірі, көк түрік, көк бөрі концептілері). Көк сөзінің *көкшіл, көгірек* деген *түстік* мағыналарына орнығуы адам танымы арқылы танылған зат пен құбылыстардың танымдық құрылымы

арқылы берілетін бейненің ортақ сипатымен байланысты. Аспанды көк деп атап, *көк тәңірге табынған, көк бөрінің ұрпағы* саналған түркі тектес халықтардың танымында аспанның түсі барлық осы түстес белгілерге атау ретінде берілген. Неге аспан деп аталынбаған деген сұраққа «аспан» сөзінің өзі таза түркілік емес, әрі қолдану уақыты да кейін енген деуге болады. *Көк* сөзі – түркі тектес халықтарға ортақ сөз. Заттық мәндегі *көк* (аспан) пен түр-түс атауы *көкті* синкретикалық түбір деп қарастырып жүр. Аспан мағынасындағы *көк* сөзі мен онымен түстес нәрселердің салыстырмалы түрде *көк* аталуы әбден мүмкін. Көне түркі тілдерінде «көк» сөзінің бір мағынасы «тамыр», «көкяң» қазіргі түркі тілдерінде «тамырлас» ұғымын береді. Мұндай мағына «көгі жақсы», «көгі жаман» тіркестерінде сақталған. Бұлар көне жазба ескерткіштерінде де кездеседі. М.Қашқаридың еңбегіндегі «көгің кім» тіркесінің аудармасы «шыққан тегің қандай» дегенді білдіреді.

Номадтар үшін *көк* сөзі шынымен қасиетті болатын себебі: *көк* – аспан, *көк* – көктем, *көк-жаз*, өріс кеңейіп, мал тойынатын кез. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы қыстаулар тізбесінен сүзіп алған деректеріміз мынау: *Көк+ала+бие, Көк+аяқ, Көк+байтал, Көк+бас, Көк+бие+өлген, Көки, Көк+өгіз, 18 рет Көк+терек, Көк+терек+тоғай, 2 рет Көк+шалғын, 3 рет Көк+ше+ағаш, Көк+ше+тал, Көк+шіл+ағаш*. Мысалдарда сын есім+зат есім+зат есім, немесе сын есім+ күшейткіш шырай жалғауы+зат есім түрінде топонимдердің бірнеше жасалу жолдарын келтірдік.

Облысымыздың аумағын мекендеген ертеректегі ата-бабаларымыздың жер-қоныс атауларында көзге оқшау көрінетін аса қызық құбылыс «Қызыл» сын есімініне тіркескен зат есімдер мен сын есімдерден жасалған атаулардың жиілігі. Бір қарағанда сыры ашыла қоймайтын бұл «қызылдар» әлдеқайда тереңірек зерттеуді қажет ететіндіктен, кейбір авторлардың пікірлерімен ғана шектелмекпіз.

Әуелі мысалдар мынадай. Жақшаға алынған сандар бұл атаулардың неше рет кездесетінін айғақтайды. Сонымен: Ащылықызыл (2), Байқызыл (2), Басқызыл (4), Басқызылағаш (2), Бейітқызыл, Бірқызыл, Дөңқызыл, Желқызыл (7), Жақсықызыл, Жаңақызыл, Жаңақызыл, Желқызыл (7), Жоңқызыл, Кепеқызыл, Көлденеңқызыл (2) Қалыңқызыл (3), Қарағаш (Ортақызыл), Қожақызыл, Қосқызыл, Құрықтықызыл, Қызқызыл, Қызылағаш (31) Қызылат, Қызылкүйген, Қы-

зылқұм, Қызылмөңке, Қызылой, Қызылөзек, Қызылтал(3), Қызылтау, Қызылтоғай (2), Қызылтомар, Қызылшілік (2), Қызылшоқ, Қызылшырпы (2), Қылқалықызыл, Миқызыл, Милықызыл, Ойқызыл (7), Ортақызыл, Салпықызыл, Тойқожақызыл, Үшқызыл 4, Ұзынқызыл 25, Шарбақтықызыл, Шөлқызыл (12).

Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі қызыл мен жасыл сөздерінің түбірі «қыз» бен «жас» деген пікір көптен бері айтылып келеді. Сондағы ғалымдардың дәлелі: бұлардың екеуі де – *ыл - іл* моделі негізінде бүгінде жеке-дара қолданылмаса да, бөліп алып қарауға болатындығы. Ал белгілі топонимист Е.Қойшыбаев *қызыл* сөзін тіліміздегі *қысыл* (тар, қысылу) етістігімен байланыстырады. Ғалымның мұндағы сүйенетін дерегі – Жоңғар және Іле Алатауларындағы шатқал аты – *Қызылауыз* («узкие ворота» мағынасында). Бірақ та көптеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, жоғарыдағыдай, *қызыл* сөзінің түбірі – *қыз*: бірде етістік («краснеть», «пламенеть»), бірде сын есім мағынасында («красный», «багровый») екіұдай қолданылған екен. Сын есім мағынасында қолданылғандығын дәлелдеу үшін қызар етістігін алып, *боз - бозар, көк - көгер, ақ - ағар* моделі бойынша талдаса да жеткілікті. Бұл жердегі түбір тек зат есім немесе сын есім ғана болуы керек. Сонда қазіргі қазақ тіліндегі *қызыл* сөзінің құрамындағы *о* бастағы дербестігін жойған «қыз» түбірінің төркіні айқындалмақшы. Ол тек *қызыл* түстің ғана емес, тіпті алабұртып, қызу қанды, сұлу реңді мағынасындағы «қыз» сөзінің шығуына да негіз болса керек. М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» сөздігінде бұл қыз түбірінің тағы бір мағынасы беріледі: *Бұ ат қыз алдым – Бұл атты қымбат* алдым. Сонда қыз түбірінің мағынасы: 1) *қызыл*; 2) *қымбат*, соған тағы да *-ыл* жұрнағы қосылып, тарихи тұрғыдан қатыстық сын туғызса, біздің тілімізде сапа сыны болып қалыптасқан. (Лауланбекова РТ. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты (сын есім + зат есім үлгісі бойынша). Астана, 2006,)

Облыс аумағындағы топонимикалық кеңістікте орысша «Красныйға» тән 33 атау бар екен. Біз сөз етіп отырған мәселеге бұлардың қатысы шамалы сияқты, себебі, басым көпшілігі коммунистік «қызылдың» әсерінен пайда болған сияқты. Сондай-ақ, қазір қазақша қызылдардың да назар аударатындай ізі жоқ.

Қазақ тілінде де, жалпы түркі тілдерінде де сары түс атауы сындық мағынада қолданылады. Жоғарыдағы талданған түр-түс атаулары

сияқты бұл сөздің де шығу тегін, этимологиясын анықтау оңай емес. *Сары* сөзінің негізгі түстік мағынасымен қатар түрлі-түрлі ауыс мағыналары да аз емес. *Сары* сөзі – жиі қолданыста болатын, көп жағдайда түсті білдіретін лексема. Бірақ ол да кез келген қолданысында түсті білдіре бермейді. «*Сары*» сөзі жер-су атауларымен тіркескенде «*сар*» тұлғасында қолданылатынын байқау қиын емес. Топономист Е.Қойшыбаев «*сар*» сөзі топонимдік атаулармен тіркескенде көбінесе «*айқын, кең, негізгі, басты*» деген мағынада жұмсалатынын айтады. Ал, Р.Сыздықова «*сары алтын*» тіркесіндегі сары сөзінің мағынасы қоспасыз, таза, ал «*сары уайым*» дегендегі «*сары*» сөзі парсы тілінде уайым, қайғы екенін айта келіп, «*сары уайым*» тіркесі бір мағыналы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болып, бала-шаға, бекер-босқа сияқты бір сыңары парсыша – уайым (*сар*), екіншісі – қазақша уайым сөзінен жасалған плеонастық тіркес болып табылады», – дейді [11, 106 б] (Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Мектеп, 1980. – 125 б.)

Сондай-ақ «*сары алтын*» тіркесіндегі «*сары*» сөзінің негізгі мағынасы «*таза*», «*шынайы*» екендігінде дау жоқ, ал «*сары уайым*» тіркесіндегі «*сары*» сөзі түсті білдірмейді, плеонастық тіркес те емес. Себебі, «*сар(ы)*» сөзінің түркі тілдеріндегі бір мағынасы – «*шын*», «*нағыз*». Е.Қойшыбаевтың «*сары*» туралы «*айқын*», «*анық көрінген*», «*басты*» деуі біздің мысалдарымызды көркейте түсетін қисынға жақын. Осыған орай «*сары уайым*» – «*негізгі, анық уайым*», ал «*сарыла күту*» – «*шыдаммен, нағыз күту*» дегенге саяды. «*Сары*» сөзінің «*нағыз, таза*» деген мағынасының барлығын тарихшы ғалым Х.Көктәнді де сары сөзіне берген талдамасында анықтайды. Ғалым сары сөзінің түбірін *са/со* деп бөліп алып, «*са*» түбірі *дала* деген ұғымды білдіретінін айтады. Кейбір тарихшылар *сары ұйғыр* дегенді *көне ұйғыр* ұғымын береді деген пікір айтады [10, 148 б] (Көктәнді Х. Аспан мен даланың арасындағы ұмытылған тарих. М.: Қасиет, 2001. – 462б.)

Бұл асылы, *таза далалық ұйғыр* деген сөз. *Ра* – *таза*, *шын* деген сөз. *Со* – *дала*, *со* сөзі, *салқар (с//ш)*, *сақара* деген сөздердің түпкі буынында сақталған. *Сайын* сөзі жеке тұлғасында ұғынықсыз болған соң, кейін халықтың өзі *сайын дала* деп калькалық тәсілмен көшірме аударма жасаған. Осы күнге дейін бұл екі сөз қосарланып айтылады. «*Сары*» түс туралы ғылымда белгілі-белгісіз жорамалдарға тереңдемей-ақ, өзіміздің солтүстіктегі Есіл бойының топонимикасының мысалдарына көз са-

лып, ойланып көрсек... *Сары+қамыс, Сары+май, Сары+оба, Сары+өзек (2), Сар+өлең+ағаш, Сары+терек, Сары+айғыр, Сары+ат+сойған, Сары+бай+жұрт, Сары+байтал, Сары+бас, Сары+бауыр, Сары+бие, Сар+ала+айғыр, Сараланың үйірі, Сары жабағы...* Тізімді одан әрі жалғастырып, туған өлкеміздің тарихынан тамыр тартқан көңілге тоқ, көркем атаулардың үлгісін ұсынар болсақ: *Ақбайтал, Аққойлы, Ақөгіз, Алаатөлген, Алабие, Алаатөлген, Алабие, Аткескен, Атшантырған, Бозат, Бие сойған (3), Бота, Ботажеген, Ботантай, Ботатуған, Бұзаужығылған, Бұзауқырған, Бұзаусойған, Бұзау сүйегі, Қара бұзау, Қара жабағы, Қара құнан, Қарала айғыр, Қарала жабағы, Қарасиыр, Торы бие, Торыбиеөлген, Қоңырбұзау, Қоңырқасқыр, Қоңырлан, Көкалабие Көкааяқ, Көкбайтал, Көкбиеөлген, Көки, Көкөгіз, Күреңайғыр Қызылат, Шабдар ат, Шошқалы (5), Шұбарбие, Сиырқырылған, Сиырөлген, Сиырсалған, Төрт өгіз, Түйе байлаған көлденең, Бұлардың бәрі – ерте кездегі қазақ ауылдарының, қыстаулары мен күзектерінің атаулары. Ата-бабаларымыздың кәсібі мен тұрмысы, салт-дәстүрлері, қоршаған ортаға қатынасы, дүниетанымы мен мінез-құлқына дейін ақпарат беретін өшпес құжаттар *Талдыкөл, Талдықарасу, Талдықыстау, Талдыөзек, Талкестірген, Талқыстау, Талмаш, Кеңарал, Кеңаралағаш, Кеңөзек, Кеңөлең, Кеңтоғай, Кеңшабыс, Кеңшоқы, Күйген, Күйген жұрт (4), Күйгенкепе (8), Күйгенқыстау.**

**Жақсы мен жаман.** Жақсықызыл, Жаманағаш (2), Жаманжан, Жаманқара, Жаманқонған, Жаманқұдық, Жаманқыз, Жаманөзек, Жамантал, Жамантерек, Жамантомар (5), Жаманшілік (4), Жаманшоқы, Жаманшұбар (3), Сұлуағаш(2), Сұлужал, Сұлукөл, Сұлуқызыл, Сұлуөзек, Сұлутомар (5), Сұлушоқ, Сұлушоқы (3) деген атаулардың әрқайсысы-ақ, көңіл аударуға, ерінбей зерттеуге тұрады.

**СӘУЛЕ МӘЛІКОВА,**

*Солтүстік Қазақстан облыстық архив директоры,  
тарих ғылымдарының кандидаты*

**АЙЫРТАУ АУДАНЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕН ТАРИХЫНАН**

1928 жылы ұйымдастырылған Айыртау ауданы Солтүстік Қазақстан облысының оңтүстігінде орналасқан, аумағы 9,6 мың шаршы шақырымды қамтыды. Халық саны 35,814 мың адамды құрады (2020). 76 елді мекен 14 селолық округтен тұрады.

Осыдан 97 жыл бұрын Айыртау ауданы Ақмола губерниясы Көкшетау уезінің Володар болысының құрамында болған. Осы болысқа төмендегі селолық кеңестер енген:

- |                   |                     |
|-------------------|---------------------|
| 1. Антоновский    | 13. Кириловский     |
| 2. Аиртавский     | 14. Каменный брод   |
| 3. Арык-Балыкский | 15. Лавровский      |
| 4. Белоглинский   | 16. Лобановский     |
| 5. Володаровский  | 17. Междуозерный    |
| 6. Воскресенский  | 18. Ново-Покровский |
| 7. Елецкий        | 19. П-Павловский    |
| 8. Златогорский   | 20. Павлодарский    |
| 9. Коморовский    | 21. Тетеревинский   |
| 10. Карасевский   | 22. Чалкарский      |
| 11. Качиловский   | 23. Имантавский     |
| 12. Карловский    |                     |

(Құжатта осылай жазылған-авт.) [1, 61]

Айыртау ауданы Қызылжар (Петропавл) округінің, 1932 жылы Қарғанды облысының, 1936 жылы Солтүстік Қазақстан облысының құрамында болды. 1944 жылы жаңа құрылған Көкшетау облысының құрамында, 1997 жылдың мамырында Арықбалық ауданын қосып қайта Солтүстік Қазақстан облысының құрамына енді.

Сарыарқаның солтүстігінде орналасқан аумақ батыста Имантау және Сырымбет тауларымен шектелген. Аудан аумағынан Ақанбұрлық, Қарасу, Тайсары, Құрқарағай, Иманбұлақ, Қамысақты деген өзендер ағады. Сонымен қатар, жері көлге бай. Олардың арасында Саумалкөл, Шалқар, Үлкен, Қоскөл, Имантау, Жақсыжалғызтау, Айыртаушық, Байсары деген көлдер үлкендігімен ершеленеді.

**Айыртау ауданы** – мәдени мұра мен тарихи жәдігерлерге бай жер. Оның бірі – 15 гектар жерді алып жатқан, «Ежелгі Қазақстан тарихы», «Өлкетану» оқулықтарына енгізілген, республикалық маңызы бар, жалпыұлттық киелі жерлер тізіміне еніп, ЮНЕСКО-ның қорғауындағы аса құнды Ботай тұрағы. Энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

Қазақ халқының атақты батырлары – аш бөрідей анталаған ата жаулардан ұлан байтақ жерімізді қорғаған Қарасай батыр мен Ағынтай батыр. Жорықтас жолдасы Ағынтай батырдың шақыруымен Солтүстік өңірге келіп, сонда тұрақтап қалған Қарасай батырға Айыртаудың топырағы бұйырды. Ағынтай батыр да көп ұзамай қайтыс болды. Қазір екі батыр қатар жатыр. Мәдениет ауылының жанында екі батырға кесене тұрғызылып, мемориалдық кешен салынды. Арықбалық ауылдық округінің екі ауылына осы екі батырдың аты берілді.

Сырымбет ауылына жақын Уәлихановтар мекені орналасқан. Ол - XIX ғасырдың ағаш сәулет өнерінің ескерткіші, тарихи-мәдени мұра объектісі. Мекен Уәли ханның жесірі Айғанымға арнап орыс үкіметі 1822-1827 жылдары салды. Құрылымы, жоспарлануы және орналастыруы бойынша XIX ғасырдағы орыс помещьесіне ұқсайды. Ол қонақ үй, мектеп, мешіт, диірмен үй қызметшісіне арналған тұрғын-жай, монша, шаруашылық құрылыстардан тұрды [2,1-52]. Осында Шоқан Уәлихановтың балалық шағы өтті. Уәлихановтардың тектілік мекені қазақ даласында білім беру идеяларын таратуда және мәдени мұраны насихаттауда маңызды рөл



атқарды. Бұл жерде ақындар айтысы өткен, белгілі ақындар, әншілер, музыканттар, композиторлар өнер көрсеткен, Біржан Қожағұлұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, әнші Көке Әлжанұлы, қобызшы Құрымбай Қанқожаұлы, ақын Ажардың жарыстары өтті. Мекенде көптеген орыс ғалымдары, саяхатшы және шенеуніктер (олардың арасында ақын С.Ф. Дуров, Г.Н. Потанин, А.К. Гейнс). Ш.Уәлихановтың қызметтестері, әртүрлі бағыттағы ғалымдар, олар қазақ халқының тұрмысына, фольклорына қызығушылық білдірген. Олардың барлықтары сол кезеңнің атақты ғалымдары: П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Ф.И. Усов, Н. Ядринцев, А. Сотников.

1917 жылы мекен қаусағандықтан бұзылып, 1985 жылы Шоқан Уәлихановтың 150 жылдығына орай мекен қайтадан қалпына келтірілді. Осы жылы Ш.Уәлиханов атындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық кешені ашылған. 6 бөлмеден тұратын музейде Шоқан туралы құнды мәліметтер жиналған. Сонымен қатар, оның туыстары және қазақ халқының рухани мәдениеті туралы бірталай материалдар бар.

**Саумалкөл ауылы.** Саумалкөл ауылының атауы осы аймақтың географиялық ерекшелігіне байланысты қалыптасқан. Суының түсі ақшыл, дәмі қышқыл көл мағынасында. Соған байланысты «Саумалкөл» топонимі пайда болған.

XVIII-XX ғ. осы жерде Саумалкөл (Сажанкөл) елді мекені болған. 1866 ж. бұл жерге Ресейден келімсектер келіп, Кривоозерное деген атау беріп тұра бастаған.

Тек келімсектердің 1884 жылы ғана бірнеше рет Көкшетау, Омбы. Петербургке сұрау салудан кейін тұрақ заңдастырған болатын [3, 29]. Соған қарамастан ресми деректе Кривоозерное селосы 1890 жылдан құрылған деген.

Село тұрғындары 1898 жылы христиан шіркеуін, 1904 жылы мектеп салған [2, 29]. [4].

Кривоозерное селосы 1923 жылы Володаровское деп аты өзгерген. Дерек бойынша Ресей революциялық қозғалысының қайраткері В.Володарскийдің (шын есімі Моисей Маркович Гольдштейн) атына өзгерген. [5].

Тарихи атауын қайтару мақсатында Володарское селосы ҚР Жоғарғы Кеңес Президиумының 1993 жылғы 04.05. №2189-Х-2 Қаулысымен «Саумалкөл» ауылы болып өзгертілді [6].

**Айыртау.** Айыртау ауылының атауы осы аймақтың географиялық ерекшелігіне байланысты қалыптасқан. Айыртау – екі ашалы, төбелі, сәлалы тау мәнін білдіреді. Соған байланысты «Айыртау» топонимі пайда болған.

**Ақан сері ауылы.** 1993 жылы Ақан серінің 150 жылына арнап Қоскөлдің жағасында жаңа заманауи «Ақан сері» ауылы және мемориалдық кешен салынды. Ақан сері, Ақжігіт Қорамсаұлы 1843 жылы Үлкен Қоскөлдің маңында туған. 1913 жылы сонда дүниеден өтті. Әкесінің есімі Қорамса, шешесі – Жаңыл. Ақан жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. Ақан серінің “Ақтоқты”, “Алтыбасар”, “Тер қатқан”, “Мақпал”, “Балқадиша”, “Сырымбет”, “Майда қоңыр”, т.б. әндері әйел жанының сұлулығын жарқырата көрсетуімен бірге, махаббат құдіретін асқақтата суреттеген. Ақан сері ақын-әнші ғана емес, саңлақ аңшы, атбегі де болған. Ақынның сүйікті досына, қимас өмірлік серігіне айналған сәйгүлігі мен қыран құстарына арналған әндері: “Маңмаңгер”, “Қараторғай”, “Көкжендет”, “Құлагер”.

Ақан серінің мемориалдық кешені осы ауылдың көрікті жері.

Ақан серінің бейіті ауданға, облысқа ғана танымал емес, барлық Қазақстанның түпкір-түпкірінен келіп, ақынға тағзым жасалатын- жалпыұлттық киелі жерге айналған.

Қазақтың су мен ну мол Кеңашы көлінің маңындағы елді мекеніне Ресейден келген келмісектер 1901-1906 жылдары Ново-Андреевское селосын тұрғыза бастаған [4, 334].

**Арықбалық ауылы.** М.Қашқари еңбектерінде балық – ертеде түркі және ұйғыр тілінде «қала» деген ұғымды білдіретін, яғни балық сөзі «қала, бекініс, қоныс орны» мағынасында берілген, ал арық сөзі тува тілінен эрик - «берег» - «жаға, жағалау» мағынасын береді. Сонда топоним «жағалаудағы қоныс, қала» деген мағынаны береді. Ә.Н. Бөкейхан алғашқы тұрғындары егіншілікпен айналысқан несторианды христиан дініне сенген, бұхар сарттарынан шыққан сібір татарлары деп айтқан. Оған дәлел тұрмыста тұрғындарының тілінде түрік, иран сөздері кездесуі, қыздары шаштарын 3-4 бұрымды өргені.

1824 жылы Ресей императоры І Александрдің ұйғарымымен құрылған Көкшетау округінің құрамына Арық-Балық мекені енді. Сол кезден Имантау көлінен тараған Арық-Балық өзенінің жағасына дон казакта-

ры жайғасты. Олар Имантау көленен бастау алатын өзеннің салаларын бөліп балықты аулау әдісіне қарай елді мекенді «станция Арықбалыкская» деп аталып кеткен деген де аңыз бар. Алғашқы келушілердің ішінде әскерилер, жераударылған поляк және литвалық, запарожьелік черкестері де болған. 1849 жылы Волга казактары және Поволжьеңің ерікті шаруалары қоныстана бастаған.

Келімсектер Арықбалықта 1858 жылы шіркеу салып, оған Александр Невскийдің атын берді. 1868 жылы 4 сыныпты мектеп ашылған, алғашқы мұғалімі- Волков Иван Иванович. 1888 жылы қыздарға арналған мектеп, ұстазы- Певунова Александра Петровна.

Арықбалық аудан орталылығы және осы атаудағы аудан - 1928 жылы Петропавл округінің, 1932 жылы Қарағанды облысының, 1936 жылы Солтүстік Қазақстан облысының, 1939 жылы Ақмола облысының, 1944 жылы Көкшетау облысының, 1997 жылдан Солтүстік Қазақстан облысының құрамында.

**Ағынтай батыр ауылы.** «Мәнжүр» елді мекенінің атауы келімсектердің келуімен Златогорка өзгерген. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 2000 жылдың 14 шілдесіндегі Ұйғарымымен ауыл атауы жергілікті батырдың атына байланысты Ағынтай батыр ауылы деп өзгертілген. Батыр, қолбасшы. Ағынтай батыр (1598-1672 жж.) — батыр, Есім мен Жәңгір хандардың сенімді серіктерінің бірі. Осы Айыртау аданындағы Құлшынбай төбе деп аталатын жерде дүниеден озған.

**Ақанбұрлық.** Ауыл жанынан жоғарыдан төмен қарай аққан бұлақ болғандықтан ауыл атауы Ақанбұрлық аталған

**Ақшоқ.** Қалың өскен ақ қайыңдарға байланысты ауыл «Ақшоқ» атанған. Кейін орыстар жаппай қоныстанған кезде бұрмаланып Акчок атанған. 2009 жылы ауыл атауының транскрипциясы түзетілді.

**Антоновка.** «Кіші Қоскөл» мекеніне 1896 жылы Украинадан көшіп келген 100 отбасы қоныстанады. Село атауын «Антоновское» деп қойған. 1907 жылы намаз үйін қоғам мүшелерінің қаржысына тұрғызып, 1911 жылға мектеп салу жоспарлаған. 1901 жылы дүкен ашып, аптасына бір рет базар, жылына екі рет жәрмеңке ұйымдастырған. Тұрғындар өз диірменін де салған [4, 880 б.].

**Әлжан ауылы.** Жаппай коллективтендіру кезінде ауылдың белсенді, көп еңбек сіңірген Әлжан атты азаматтың есімімен аталған.

Ауылдың өзге ұлт өкілдері бұрмалап, 2008 жылға дейін «Альжанка» деп атап келген. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі мен облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 5 маусымдағы бірлескен қаулысы және шешімімен «Әлжан» деп транскрипциясы түзетілді.

**Баян ауылы.** Аңыз бойынша ертеде бұл өңірге дәулетті бай көшіп келген. Байдың Баян атты жалғыз қызы ауыр жолдың тауқыметін көтере алмай, қайтыс болады. Қайғыға душар болған бай жергілікті жердегі көл атауын қызының құрметіне атайды. Сол кезден «Баян» топонимі пайда болған. Бұдан кейін Наследниковка болып аталған. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қазандағы №264 қаулысы және облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 14 қазандағы №18/10 шешімімен Наследниковка селосы Баян ауылы деп тарихи атауы қайтарылды.

**Береславка.** 1923 жылы Бериславский хуторы Көкшетау уезі Чистополье болысының құрамында [7, 85 п.]. 1956 жылға дейін Чистопольский ауданы Октябрьский селолық советінің құрамында, ал осы жылдың 2 наурызынан Рузаев ауданы Рузаев селолық советіне енді. 1997 жылы Новосветловский селолық округтен Гусаковское селолық округіне берілді.

**Ботай.** Ауыл ақсақалы Ботай Қонақовтың есімімен 19 ғ. екінші жартысынан белгілі. Ботай Қонақов 1877 жылы Ресей патшасына орыс-түрік соғысы жөнінде хат жолдағандардың бірі.

**Бірлестік.** Елді коммуналарға біріктіру, шоғырландыру кезінде «Бірлестік» ауылы құрылған [7, 181б.].

**Всеволодовка.** Ертедегі атауы Қара мойыл, Всеволод атты кісі есімімен қойылған атау.

**Высокое.** Ертедегі атауы «Шоңғал». Осы ауыл маңайына 1909 жылы келімсекердің ұйымдастыруымен «Высокое» селосы құрылған. Тұрғындары шіркеу, мектеп салған. Кәсібі: негізгі-егіншілік, сонымен қатар, тігін, пима басу, тері өңдеу, арбаның дөңгелегі жасау және т.б.[8, 46 п.].

**Воскресеновка.** 1894 жылы «Баянтай» мекенінде Ресейден қоныс аударғандар көшіп келген. Елді мекенді «Воскресеновское» деп атаған. 1899 жылы селода намаз үйін салып, кейін мектеп, дүкен, диірмен тұрғызған.

**Верхний Бұрлық.** Ауыл сол жерден ағып жатқан өзен Бабық борлық, ал жоғарғы ағысындағы село Верхний (жоғарғы) бұрлық атауын алған.

**Грачевка.** «Уақ-Қамыс» елді мекеніне 1908 жылы қоныс аударушылар келіп қоныстанған. Келімсектер Бұрлық өзенінің тұщы суы мен жазда Уақ қамыс көлінің суын пайдаланған [4, 360 б.].

**Горное ауылы.** Ауыл атауы жергілікті жердің географиялық ерекшелігіне байланысты аталған.

**Гусаковка.** 1907 жылы Украинадан жер аударылып келгендер «Гусаковское» селосын құрған.

**Дәуқара.** Қазіргі Дәуқара ауылы орналасқан жерде ұзындығы 2-3 шақырымға созылған қалың ағаштың ортасын ала көп жасаған әрі биік қара ағаш өсіп тұрса керек. Сол ағаштың ерекшелігіне қарап, әрі жолаушылап келе жатқан адам алыстан көзге шалынатын болғандықтан бұл жер «Дәуқара» атанған. Замана ағымына сай ауыл мектебі де, ауыл да Карл-Маркс атанып, бертінгі 1975 жылы құрылған совхоз «Қазақстан» атанып та жүрген, кейін «Дәуқара» аты қайтарылды.

**Заря.** Орыс тілінен қойылған «арай» мәніндегі атау. Бұрынғы атауы Веселое ауылы.

**Жақсы Жалғызтау.** Ауыл жағасындағы үлкен тау атауына байланысты Жақсы Жалғызтау атанған. Кейін орыс құжаттары мен картада оның транскрипциясын өзгертіп «Якши-янгизтау» атаған. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің және облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 14 қазандағы шешімдерімен Якши-янгистау селосының атауы «Жақсы Жалғызтау» ауылы болып транскрипциясы түзетілді.

**Елецкое.** Елек қаласынан көшіп келген қоныс аударушылар село атауын Елецкое деп атаған. 29 наурыз 1972 жылы Елецкое селолық округін Елецкий деп өзгертті.

**Егіндіағаш ауылы.** Ауыл өз қатарын сақтап өскен орман ортасында орналасқан. Соған байланысты «Егіндіағаш» топонимі пайда болған.

**Имантау.** Имантау селосының атауы сол жердің географиялық ерекшелігіне байланысты қалыптасқан. Тау атауына байланысты пайда болған. Имантау туралы аңызда: ерте-ертеде, ешкі құйрығы келтеде арқада Көкшетау және Имантау деген екі ақсақал болыпты. Дуалы сөзімен дүйім жұртты аузына қаратқан шешен, тіркесе теңселген түйелі көшімен таң қалдырған байлар, біріне-бірі бәсеке келеді екен ол замандарда. Әр жолы бас қосып қалғанда байлық жарыстыратын мықтылар, бір жолы кімнің баласы артық, ақылды, кімнің баласы көркем немесе күшті деседі.

**Казанка.** 1893 жылы Бульмен уезі, Самара губерниясынан жеті шоқынды татарлар отбасы көшіп келіп, «Балапан» учаскесіне қоныстанады, учаскенің атауын «Казанское» деп қойған. 1895 жылы император Александр III мен жергілікті қоғам мүшелерінің

қаражатына мектеп салынған. 1899 жылы қазына қаражатына шіркеу салғынған. 1898 жылы магазин және дирмен салынған. Жылына 2 рет жәрмеңке, аптасына бір рет базар күні ұйымдастырылған. 1928 жылы коллективтендіру кезінде бұл жер «Завет Ильича» колхозы болып, ал 1955 жылы елді мекен атауы қайта өзгеріп, «Қазанка» селосы атанған.

**Карасевка.** Ауыл маңында «Жалтыр көл» елді мекеніне 1908 жылы қоныс аударушылар келіп, атуын өзгірткен. Ауыл маңында Қара су атты көл болған. Ауыл аты ертеректе көлдің атымен аталған. Кейін орыс шаруаларының қазақ жеріне шоғырлану кезінен Қарасу – Карасевка атауына бұрмаланған.

**Комаровка.** 1908 жылы Сары көл өзенінің жағасына Ресейден келген келімсектер «Комаровское» селосының негізін қалады. Қазіргі кезде Комаровка деп өзгеріп кеткен [4,260 б.].

**Корсаковка.** «Балық Бұрлық» мекеніні 1899 жылы Ресейдің қоныс аударушылары «Корсаковское» негізін қалаған. 1907 жылы тұрғындары дүкен ашқан [4, 300 б.]. 1946 жылы село «Мирзояна» колхозына кейін «Константиновский» совхозына ауыстырылып, бертін келе өз атауын қайта алған.

**Красногорка.** Ауыл маңындағы көлдің жанында қызыл құмды төбешік болғандықтан Красногорка аталған. Кейін бесжылдық бағдарламалар пайда болған кезде «Старая пятилетка» аталған. Бертін келе қайта Красногорка атанды.

**Качиловка селосы.** «Ақ бас» еліне 1896 жылы орыс шаруалары қоныс аударып келген, 1903 жылы село атауын «Качиловское» атаған. Келімсектер дүкен, диірмен салып, ағаштан үйлер тұрғызған [4,260 б.].

**Кириловка.** 1895 жылы «Сасық бек» елді мекеніне келімсектер келіп, Борлық өзенінің маңына қоныс аударып, «Кириловское» селосын құрған [4, 268 б.].

**Қарақамыс.** Село қамысы көп көл жағасында орналасқандықтан Қарақамыс атауын алған.

**Қарасай батыр ауылы.** Бұрынғы атауы – «Қосағаш». Кеңес дәуірінде Мәдениет деп өзгертілген. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының 2000 жылдың 14 шілдесіндегі Ұйғарымымен ауыл атауы жергілікті батырдың атына байланысты Қарасай батыр ауылы деп өзгертілген. Қарасай Алтынайұлы 1589 жылы Алматы облысының, Жамбыл ауданына қарасты Қарасаз елді



мекенінде дүниеге келген. 1671 жылы Айыртау аданындағы Құлшынбай төбе деп аталатын жерде дүниеден озған. Шапырашты Қарасай батыр мен Арғын Ағынтай батыр қазақ даласын басыңғысы келген жауға қарсы ұрыста біріне бірінің арқаларын сүйеп, бір-біріне қорған, пана болып, қанды ұрыстан өздері де аман шығып отырады, қасиетті туған жерімізге де жау аяғын тигізбеді. Есім мен Жәңгір хандардың сенімді серіктерінің бірі. Осы ауылға жақын Құлшынбай төбеде Қарасай мен Ағынтай батырлардың мемориалдық кешені 1999 жылдың 15 қазанында ашылды. Мемориалдық кешен Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне енді.

**Қаратал.** Қаратал ауылының атауы сол жердің географиялық ерекшелігіне байланысты қалыптасқан. 1926-29 жж. ауылда аймақтық мектеп ашылған, маңында терең көл және қалың, қара тал өскен. Соған байланысты «Қаратал» топонимі пайда болған.

**Қоскөл ауылы.** Ауыл сыртында екі, қатар орналасқан көл болған, кейін көлдер арнасынан шығып, бір көлге айналған. Тұрғындар ауыл атауын екі көл - «Қоскөл» атаған.

**Құмтөккен ауылы.** Бұрынғы атауы «Қызыләскер». Жердің астында ақшыл құм көп болғандықтан, елді мекеннің атауы бұған дейін халық Құмтөккен атаған. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі мен облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 5 маусымдағы бірлескен қаулысы және шешімімен «Құмтөккен» деген тарихи атауы қайтарылды.

**Құспек.** Ауыл Құспек өзенінің жағасында орналасқандықтан осылай алған. Кейін көшіп келген коммунарлар «Парижская коммуна» деп өзгерткен. XX ғасырдың орта шамасында село «Құспек» атауын қайта алған.

**Лавровка.** «Қамсақты» елді мекеніне 1899 жылы келімсектер келіп, 1902 жылы «Лавровское» селосын құра бастады. 1904 жылы намаз оқу үйін, 1909 жылы мектеп ашқан. Жыл бойы үш жәрмеңке, аптасына бір рет базар күндері өткен [4, 304-305 бб.].

**Лобаново.** 1895 жылы Шағалалы өзенінің жағасына қонысаударушылар келіп, «Лобановский брод» участогін құрған. [4, 270 б.].

**Нижний бұрлық.** 1848 жылы қазіргі Нижний бұрлық селосы маңында Үлкен Бабық ауылы болған. Ауыл Бабық байдың атымен аталған. Сол жерден ағып жатқан өзен Бабық борлық, ал төменгі ағысындағы село Нижний (төменгі) бұрлық атауын алған.



**Новосветловка.** 1906 жылы «Құр-Қарағай» елді мекенде қоныс аударушылар «Ново-Светловское» қонысының негізін қалаған. Келімсектер кішкентай өзен бойына лашықтарын тұрғыза бастайды.

**Новоукраинка.** Уран өндіруге келген кеншілер қазіргі Саумалкөл селосының маңына қоныстанып, жаңа Новоукраинка селосын құрған.

**Орловка.** 1911 жыл жаз мезгілінде қоныс аударғандар келген кезде бүркіт құсы көп болғандықтан, село атауы «Орловка» аталған.

**Орлиногорское.** Ертеректе Орлинное гора деп аталған. Бұрынғы атауы «Бүркітті».

**Сарыбұлақ.** Ауыл маңынан аққан бұлақ жанында сары құмдауытты жер болған. Ауыл атауы сол себепті Сарыбұлақ аталған.

**Светлое.** Ертеректе ауыл маңындағы көл «Жарқын» көлі аталған. Кейін қоныс аударып келген орыстар орысшалап «Светлое» деп атаған.

**Сулыкөл.** Ауыл географиялық ерекшелігіне байланысты аталған. Ауыл жанында ернеуінен асқан көл болғандықтан «Сулыкөл» атанған.

**Сырымбет.** Сырымбет етегіндегі ауыл өз атауын тау атауымен атаған. 1928 жылдың көктемінде аудан орталығы құрылысы басталып, ауыл «Казгородок» аталған. 1966 жылы ауыл «Сырымбет» атауын қайта алды [9, 524 с.].

**Үкілі Ыбырай ауылы.** Бұрынғы атауы – «Өскен». Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі мен облыстық мәслихаттың 2010 жылғы бірлескен қаулысы және шешімімен белгілі әнші, ақын-айтыскер, классикалық халық музыкасының ірі өкілі – Ыбырай Сандыбайұлының құрметіне Үкілі Ыбырай деп аталды. Ыбырай Сандыбайұлы (1860-1930)-халық композиторы, әнші, ақын-импровизатор Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданына қарасты № 5 ауылында дүниеге келген. Үкілі Ыбырай арабша сауатты болған, әнге, өлеңге құмар, ол қазақтың атақты әнші-ақындарынан (Шөже, Біржан, Ақан сері т.б.) үлгі-өнеге алып, олардың творчестволық дәстүрін бойына сіңірді. Үкілі Ыбырайдың “Тәкку” (4 түрі), “Шалқыма”, “Көкше”, “Желдірме” т.б. 40-қа жуық әндері бар.

**Шалқар.** Ауыл маңындағы Шалқар өзені болғандықтан солай аталған.

**Шоққарағай.** Ауыл атауы қаулап өскен қарағайлы орман атауымен аталған.

**Шолақөзек.** Ауыл жанындағы өзек атымен аталған.«Қысқа, келте өзек» мәніндегі атау.

**Каменный брод.** 1905 ж. Харьков және Полтава губерниясынан қара

шекпенділер көшіп келген. Олар өзенге қарсы тұрған үлкен тас маңына қоныстанады. Өзеннің қарсы жағасына өту үшін олар тасты өткел арқылы өткен. Сол себепті «Тасты өткел» - «Каменный брод» топонимі пайда болған. Ол 1962-96 жылдары «Кутузовский» совхозының орталығы.

**Карловка.** Полтава облысынан келген орыс қоныстанушылар өздері Ресейде тұрған Карловка қаласын село атауына берген.

**Петропавловка.** Қазақстанға Ресейден қоныс ауып келгендер жиі село атауын христиан дініндегі әулие Петр және Павел атымен атанған.

**Сарысай.** Алғашқы атауы «Наурыз». Революциядан кейін жергілікті жердегі сайға байланысты «Сарысай» атаған.

**Сарытүбек.** Ауыл сыртында, өзен бойында түбек болған, жері қыраттау, сары болғандықтан «Сары түбек» аталған. Бұрынғы атауы «Ақмәліш».

**Целинное ауылы.** 1954 жылы тың игеруге келгендер тұрақтаған жер болғандықтан «Целинное» селосы аталған.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. СҚМА Қ.1370, Тіз.1, Іс.245.
2. РГИА (г.Санкт Петербург) Ф.1264, . Оп.1 Д.8.
3. Челябинский облархив Ф.И.13.Оп.22.Д.3.
4. Справочные сведения о переселенческих селениях и участках Акмолинского переселенческого района Омск, 1911 г. -889 с.)
5. Собрание Указаний и распоряжении рабоче-крестьянского правительства КССР, изд. 1923. С.5-6.
6. Справочник по истории административно-территориального деления СКО (1936-2007 гг) Петропавловск 2007 г. -360 с.
7. СҚМА Қ.99, Тіз.1, Іс.111.
8. СКМА, 70-қор, 5-тізім, 284 іс.
9. Северо-Казахстанская область. Энциклопедия. Алматы. 2004.- 665 с.

**СӘУЛЕ МӘЛІКОВА,**

*Солтүстік Қазақстан облыстық архив директоры,  
тарих ғылымдарының кандидаты*

## **СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ҚҰЖАТТАРЫ- АЙМАҚ ТОПОНИМИКАСЫН ҚАЙНАР КӨЗІ**

Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялағаннан бері отыз жыл ішінде көрші мемлекеттермен тиісті мәмле жасап, шегара жігін анықтап, халықаралық құқық талаптарына сай рәсімдеген. Айталық, Қазақстан Республикасы мен солтүстіктегі көршіміз Ресей Федерациясы арасындағы аумақтық мәселелер әділ реттелген. 2005 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті –Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей Президенті Владимир Путин қол қойып, 7500 шақырымдық Қазақстан-Ресей шегарасын белгілеп, келіскен шартты екі елдің де Парламенттері бекіткен.

Солтүстік Қазақстан облысы Ресейдің Қорған, Омбы, Түмен облыстарымен шегаралас. СҚО халықының 35,03 %-қазақтар, 49,53 % - орыстар, Петропавлда қазақтар-29,31 %, орыстар-58,59 %.( 2019 ж.) Облысымызда 13 аудан бар, соның ішінде 11 ауданның атауы өзгертілді. Қазіргі уақытта өңірімізде 659 елді мекен бар. Соның 237-сі немесе 36 пайызы қазақша атауларға ие.

30 жылда 59 елді мекеннің атауы өзгертілді, тарихи атауы қайтарылды және транскрипциясы түзетілді. Сонымен қатар, облысымызда атаулары отаршылдық, тоталитарлық сипаттағы 78, транскрипциясы бұрмаланған 21 елді мекен бар.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві - өлкеміздің мұрағат құндылықтарының ірі сақтау орны. Оның қорындағы бір жарым миллионнан астам архив істері тарихи деректерге толы. Құжаттардағы ақпарат - облыстың әлеуметтік –экономикалық, саяси даму тарихы, мәдениеті мен тұрмысы бойынша мәліметтерге бай баға жетпес дерек-көздері.

Бүгінгі көтеріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысының аумақтық бөлінісіндегі өзгерістер туралы құжаттар - аймақ топонимикасының қайнар көзі мәселенің де архив құжаттары арқылы зерттеліп, зерттеушілер мен архив қызметкерлерінің еңбектерінде көрініс табуда.

Аумақтық бөлінісіндегі өзгерістер «Солтүстік Қазақстан тарихы бойынша карталар мен жоспарлар коллекциясы» (2051 қор), «Ақмола губерниялық статистикалық бөлімі» (99 қор), «Ақмола губатқару комитеті» (55 қор), «Петропавл уездік атқару комитеті» (43 қор), «Солтүстік Қазақстан облысының атқару комитеті» (1189 қор), «Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты» (999 қор), «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» (669 қор), «Метркелік кітаптар коллекциясы» (824 қор) және т.б. қорларда кездеседі.

Сонымен қатар, жеке тұлғалардың қорларында, әсіресе өлкетанушы, тарихшы М.М. Бенюхтың жеке қорында елді мекендердің шығу тарихы, аңыз әңгімелер, карта, фотоқұжаттар кездеседі.

Қазақстан картасында Ресей Империясының құрамына кірмей тұрып және кіргеннен кейін, сондай-ақ баршаға белгілі ұжымдастыру, жеке басқа табыну, тың игеру, «қайта құру» кезеңдерінде және тағы да басқа тарихи кезеңдердегі асыра сілтеу, идеологиялық қысым көрсету нәтижесінде пайда болған географиялық, әкімшілік-аумақтық нысандар мен жерлердің тарихи атауларының өзгеру қорларын тіркеу және анықтау, іздестіру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыру қажеттілігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 21.01.2005 жылғы №45 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс Концепциясында аталып көрсетілген.

1752 жылы-268 жыл бұрын, Ресейдің оңтүстік шекарасын қауіпсіз ету мақсатында Ертістен Бағланға дейін шеп тізбегін тартқанда, кезекті қорғаныс бекіністерінің бірін салу үшін орын таңдалған. Жергілікті қазақтардың келісімін алып, Есіл өзені жағасынан, адамның тұрмыс-тіршілігіне аса қолайлы, табиғаты бай Қызылжар деп аталған қоныс лайық көрінген. Әуелде святой Петр, кейін Петропавл бекінісі деген әскери тірек қосыны, бірте-бірте көрнекті елді мекенге айналды. [1]

Географиялық жағынан оңтүстікке тартылған керуен жолының бойында болуына байланысты Қазақстанның солтүстік аймағы елдің әкімшілік-саяси, экономикалық орталығына айналды. Әуелде қорған ішіндегі жеке әскери-шегаралық бірнеше ғимараттан тұратын елді мекен бірте-бірте ұлғая берді. Бекініс шебінің сыртында форштат деп аталатын әскери қызмет атқармайтын азаматтарға қоныс пайда болды. Тарихи деректерге қарағанда, ХVIII ғасырдың аяғына қарай, бекініс-қоныстың халқы бір мыңға, жеткен, үйлер мен ғимараттар саны көбейген.

Бекініс Ресей үшін де, Қазақ хандығы үшін де тиімді айырбас сауда орталығы ретінде төңірекке бірден-ақ мәлім бола бастады. Бір шеті Ташкент пен Бұхарадан, екінші жағы ішкі Ресей мен Орынбор өлкесінен сауда керуендері үздіксіз ағылды. Айта кету керек, Ресейдің Азиялық бөлігіндегі алғашқы кедендердің бірі де осында ашылып, Ресей қазынасына қаражат түсіре бастаған болатын. ХVIII ғасырдың алғашқы ширегінде мұнда көпестер тоқтайтын керуен-сарай, тауар сақтайтын қоймалар мен тұрақты жұмыс істейтін сауда дүкендерінің желісі кірпіш пен тастан салынған ғимараттар түрінде құрылып үлгерді [2].

Мысалы, Тәуелсіз Қазақ хандығының қазіргі облыс аумағын құрайтын бөлігі Ресей империясының сырттай ұйғаруымен жаңа құрылған Сібір генерал-губернаторлығына қарауы 1803 жылдан басталады.

Сібірдің бас губернаторы болып 1819 жылы М.М. Сперанский тағайындалды. Ресейдің осынау көрнекті мемлекет қайраткерін еске алып отырғанымыз, қазақ даласында хандық билікті жойып, «Сібір қазақтарының жарғысы» деп аталатын құжат негізінде мемлекеттік басқарудың жаңа түрін егізген осы губернатор болатын. Ол 1821 жылы бұл қызметтен кетті.

1822 жылы Сібір екіге бөлінді де, Қазақстанның солтүстігі, яғни Орта жүз қазақтары Батыс Сібір губернаторлығына (орталығы Тобыл қаласы), оның ішінде Омбы облысына қарады. Бұл облыс іштей Омбы, Петропавл, Семей және Өскемен округтері болып жіктелді. [3]

Қазақ жерінде әкімшілік-аумақтық жаңа бөлініс басталды. 1822 жылы Қарқаралы және Көкшетау округтері құрылды. Алғашқы екі округті тиісінше, Бөкей ханның немересі Жамантай Шыңғысұлы Тұрсын және Ғұбайдолла Уәлиұлы аға сұлтан болып биледі. Біздің облыстың аумағына, иә сонымен қатар Көкшетау атырабына казактардың арнайы көшіріліп, қоныстануы 1826 жылдан басталады.

1838 жылы Омбы облысы таратылды да, оның орнына Омбы, Петропавл және казак станицаларынан тұратын шегара билігі құрылып, Тобыл губерниясының қарауына берілді. Ал, Ертіс бойындағы Семей, Өскемен казак станицалары Том губерниясына бағынды. Осыған орай қазақтарды жеке билеп-басқарудың арнайы ережесі жасалды. Ақмола облысына қоныс аударушылар қатарын толтыру үшін ең маңызды әрі күрделі шара өлкені отарлау болатын. *«Сол кезден бастап, үкіметіміз үшін қазақ даласын отарлау бірінші кезекте маңызды саналды, - делін-*

ген, «Ақмола облысының 1887 жылғы анықтама кітабында. - Айталық, 1824 жылы Көкшетау мен Қарқаралы округтері, 1832 жылы Ақмола және 1839 жылы Атбасар округтері ашылды. Дегенмен, қоныс аудару саясаты үкімет атынан арнайы қаулы алынып, Украина казактары мен Орынбор және Саратов губернияларындағы қарашекпендерге шақыру жарияланғаннан кейін ғана тәртіпке келіп, қарқын ала бастады. Бұл -1846-50 жылдары болатын. Шақырумен келгендердің алғашқы легі 3 652 жан қазақ жеріне келіп, ірге тепкендердің басы болатын. Көкшетау уезінің ең шұрайлы деген жерлерін емін-еркін иемденіп алғаннан кейін олар өсіп-өніп, әбден байып, күшті-күшті станицалар салып тастады... Олардың өкшесін баса жеткен екі қауым ел Ақмола және Атбасар уездеріндегі екі станицаға негіз болды. Осылайша, солтүстік өлкенің жақсы жерлеріне жоспарлы түрде қоныстандыру ісі жөнге келе бастады. Ақмола облысы құрылғанша, оның қазіргі аумағында тұратындар саны еркек-әйелі бар, 375.700 адамға жетті. [4]

1889 жылы қоныс аудару туралы Ресей заңы шыққанша, қарашекпендердің өз бетімен келгендері басым еді. Мысалы, 1866 жылдың өзінде-ақ, Көкшетау уезіндегі Саумалкөл деген көлдің жағасына Пермь және Тобыл губернияларынан ауғандар қоныстанып, 4 жылдың ішінде 50 шаңыраққа дейін көбейген. Алғашқы лектегілер әуелде егін салу үшін жалға жер алушылар болатын. Петропавл уезіндегі Есіл өзенінің жағасынан ірге теуіп, Явленное деген, Көкшетау уезіндегі Құмдыкөл деген елді мекен құрағандар, ешбір шақырусыз, рұқсатсыз келіп жерді басып алғандар болатын. Жергілікті халықтың наразылығына қарамастан, зорлықпен қоныс тебушілер көбейе берді...

Аз уақыттың ішінде, тұрғыны көп, шаруашылығы толысқан Явленное, Коновалов, Марийнское сияқты 2,5-3 мың адамға қоныс болған мекендер саны өсе түсті. Бұл өңірге, негізінен, Самара, Воронеж, Харьков, Дон облыстары сияқты ішкі губерниялардан ауғандар жайғасты.

1889 жылдың соңына дейін, Ресейдің Еуропа бөлігінің 32 уезінен көшіп келушілер саны 15 мыңнан асып кеткені туралы жазбаша мәлімет сақталған. Айталық, 1890 жылдың жазында бір ғана Орынбор арқылы Ақмола облысына 5326 жаны бар, 905 отбасы өткен болса, соның тең жартысы Самара төңірегінен екен.

Қорытып айтқанда, 1894-1906 жылдары Ақмола облысына 228 мың келіп келіп, 299 елді мекенге орналасқан. Сол елді мекендердің қатарында



1894 жылы салына бастаған Ильинское, Александр, Николаев, тарихы 1895 жылдан басталатын Успен, Полтава, Семиполка, Благовещенка, Дмитриевка деген қоныстар бар. 1907 жылы тағы да жаңа тәртіп енгізіліп, Петропавл уезіне бір жылда ғана 5,5 мың жан, 983 отбасы, Көкшетау уезіне 14,1 мың жан, 2744 отбасы, Атбасар уезіне 5,5 мың жан, 854 отбасы, Ақмола уезіне 15 мың жаны бар үш мыңнан аса түндік көшіп келген. [4, 73-78-бб.]

Жеделдетіп отарлау салдарынан Петропавл уезінің аумағында халық тығыздығы едәуір өсіп, тек 1890-1910 жж. жаңадан 311 қарашекпен селолары пайда болады. Олардың ішінде бірқатары Рублев, Раевское, Петровское, Архангельское, Астрахан, Надежда, Тереңгөл, Ермаковское, Куприновское қатарлы атаумен тарихқа кірді. Сақталған деректерге қарағанда, 1893-1901 жылдары жергілікті қазақ халқы, байырға қоныс-жайлауларынан ығысып, 1,5 миллион десятина жерінен айырылды. Бұл аздай, 1907-1910 жылдар арасында 2,3 миллион десятина құнарлы жерін еріксіз беріп, оларды келімсектерге босатып берді [5, 27 п.]

Әкімшілік-аумақтық бөліністі түбірімен өзгертіп жіберіп, көпке дейін сақталған реформа 1868 жылы дүниеге келген. Оның қысқаша мазмұны мынадай: 1821 жылғы «Сібір қазақтары туралы» жарғы күшін жойды. Округтік приказдарға негізделген сұлтандық билік тиылды. Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстары мен оларға бағынышты уездер жүйесі қалыптасты. Айталық, Батыс Сібірде Ақмола және Семей облыстары, тиісінше, 1869 жылдың басынан облыстық басқармалар құрылды. Бізге қатысты Ақмола облысының құрамында Омбы, Петропавл, Көкшетау және Ақмола уездері, оңтүстікте Сарысу уезі (1868 жылға дейін атауы Атбасар уезі болған) болады деп ұйғарылды.

Солтүстік өлкеде жер-су аттарының орынсыз өзгеруі, шамамен осыдан 230-250 жыл бұрын басталған болатын. Айталық, отарланған елді мекендердің қазақша атауларын орысшамен айырбастау туралы әскери губернатор Г. Меньшиковтың бұйрығы 1774 жылғы 1-қаңтардан орындала бастады. Әкімшіліктің зорлық күшімен өзгерген алғашқы атаулар, мысалы, мыналар еді:

Омбы уезіндегі Атқы-Мөңтік-Сары Қарауыл болысының атауы Николаев болысы, Петропавл уезіндегі Матақай-Сыбан-Керей болысының атауы Пресногорьковская болып өзгертілді. [6, 4-6 пп.]

Бұл атаулар күні бүгінге дейін отарлау саясатының ескерткішіндей сақталып қалды. Бұл үрдіс тоқталмай, жалғаса берді.



Мысалы, 1830 жылғы географиялық картаның бетіндегі көлдер мен елді мекендер аттарының жаппай орысшалануы да көп нәрседен хабар бергендей.

1832 жылы Омбы облысының аймағын әскери-топографиялық картаға түсіру үшін подполковник Бутковскийдің басшылығымен арнайы экспедиция құрылды. Экспедицияның 1833 жылы дайындаған есеп-санақ сипаттамасында Көкшетау округінде (қазіргі СҚО аймағын да қамтиды -авт.) тұратын халықтың әкімшілік болыстарға бөлінгендегі жағдайы көрсетілді:

1. Майлы Балта-Атығай болысы (ондағы негізгі рулар: бабасан 286 түтін, сүйіндік-қара 228 түтін, елтоқ 150 түтін, сарыбаласы 342 түтін, қадыр 280 түтін).

2. Атығай-Бағыш(оның ішінде доңқай 150 түтін, рысқұл 198 түтін, құлансу 80 түтін).

3. Қырғыз (долана-қырғыз 155 түтін, басай-қырғыз 180 түтін).

4. Дауылбай-Қарауыл (дүйсен 110 түтін, серке 75 түтін, күлдей 63 түтін).

5. Құттымбет-Қарауыл (ноқай 205 түтін және малай 205 түтін).

6. Қылды-Қарауыл (жанған 176, тарағай 150 және қуандық 66).

7. Едікбай-Қошқар-Қарауыл (байқошқар 145, елікбай 150).

8. Баба-Атығай (оның ішінде баба490 түтін)

9. Қойлы-Атығай (қарабалық 207 және әлмәмбет 307 түтін)

10. Рысай-Атығай (есенгелді 376 түтін).

11. Құдайберді-Атығай (көшқұлы және ораз 249 түтін, аңдағұл және жұмық 330, жантелі және ақмәліш 236 түтін).

12. Ноғай-Қарауыл (есенгелді 219 түтін).

13. Атығай-Бағыс (назар, байназар және серке 612 түтін).

14. Балта-керей (балта 184 түтін).

15. Құрсары-керей(бураз және құрман – 45 түтін).

16. Уақ (шоға – 132 түтін)

17. Бәйімбет-Атығай (айбас 385 түтін).

Аманқарағай округінен қосылған:

18. Уақ (байдалы 500, жансары 525, барғана 450, шайгөз 225, сіргелі 50, ергенекті-уақ 50 шаңырақ).

19. Керей (көшебе 700, сибан 500, матақай 1000, самай 500, есенбақты 200, еменәлі 150, қантай 250, тазда-керей 100, дәулетімбет 100, нұрымбет 380, қақсұт 540, шағалақ 100, қаракемпір 8, құрама-құлтаба 180 шаңырақ).

20. Арғын (таз 700, өтей 500, қалуқай 500, оқташ 510, тағаш 100, жиембет 200, қанжығалы 500, құбет-ұзын-торайғыр-қыпшақ 350, бағаналы 300, арғын-ақшаты 100, арғын-сүгір 40, матақай-керей 500, арғын-сарыжетім 300, арғын-жолтай 135 шаңырақ.

Моншақты округінен қосылған:

21. Құрсары-керей 4011 түтін, ақсары-керей 208 түтін, қашақты және шұбар қарауыл 2100, қанжығалы 6420, әжібай – 1580, қанжығалы 2000, ақсары-керей 3592 түтін. [7. 101 б.]

Қарапайым есеп сияқты көрінгенімен, бұл мәліметтер бір кезде осы аталардан тараған ұрпақтардың санын дәл көрсетеді де, «осылардан қазір қалғаны қанша екен?» деген қайғылы ойға жетелейді.

Подполковник Бутковский экспедициясының санақ мәліметтері бойынша 1832 жылы Сібір әкімшілігіне қарайтын 8 округте 116500 түтін болған, мұның 60 мыңы батыс және орталық округтердегі арғындар. Олар негізінен атығай, қарауыл, төртуыл, қанжығалы, қарпық, алтай, бәсентин, шаншар, шақшақ, әжібай және басқа рулардан құралған шаңырақтар еді. Ал, 15 мыңға таяу керей тайпасының өкілдері батыс және орталық округтерді мекендеді. Олар негізінен құрсары, ақсары т.б. керейлер еді. Қыпшақтардың басым бөлігі Торғай округінде болған.

Орталығы Омбы қаласы болған Ақмола облысы 1868 жылы құрылып, жарты ғасыр бойы осылай аталып келген.

### **Қазан төңкерісінен кейінгі өзгерістер**

1918 жылғы қаңтарда Ақмола облысы деген атау жойылып, бүкіл аймақ Омбы облысы деп аталды. Аты өзгерген Омбы облысының құрамына: Омбы, Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Тары және Текелі уездері енгізілді. Осылайша, большевиктік Кеңес үкіметі Романовтар әулеті аяқтай алмаған отарлау саясатын заңды шегіне жеткізді. Бір шеті Қызылжардан бастап, Ұлытау, Балқашқа дейін, Торғай ойпатынан Ертіске дейінгі бүкіл Арқа алабы Омбы облысына қарайтын болды. 1868 жылдан «Ақмола облысы» делініп, орталығы Омбы қаласы болып келген ұлан-байтақ аймақты 1918 жылдың 19 қаңтарында аяқ астынан Омбы губерниясы деп атап жіберді, яғни, қазіргі Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары Қызылжардан Балқашқа дейін, Баянауылдан Ұлытауға дейін Ресейдің қарауында қалды.

Бұған қоса, ішкі Ресейден қоныс аударып келген казак-орыстар

мен орыс қарашекпендері басып қалған қазақ жерлерін жаңа үкімет жағдайында солардың меншігіне заңдастырып беру мақсатында, Сібір военревкомы «Ақмола және Семей облыстарындағы уездердің, қарашекпен болыстары (крестьянские волости) мен казак-орыс станицаларының және қазақ ауылдары ара-жігін анықтау үшін ведомствоаралық комиссия» дегендерді құрып тастады. Өз жерінің ежелгі иесі қазақ халқының еркінен тыс, заңсыз әрекет бастаған бұл комиссия, айталық Петропавл уезінің аумағындағы дербес әкімшілік бірлік ретіндегі мына станицаларды былайша «анықтады»:

1. Лебяжье станицасы (Лебяжье, Конюхов, Первотаровская мекендері);
2. Булаев станицасы (Булаев, Полтавка, Чистый, Медвежий, Ганькино, Рявкино, Успенка елді мекендері);
3. Тоқушы станицасы (Тоқушы, Полуден, Плосская, Камышловская, Раевский, Сергеевский елді мекендері);
4. Архангельск болысы (Архангельск, Кривоозерный, Бескөл, Новокаменск);
5. Вознесен станицасы (Вознесенка, Надежинская);
6. Боголюбов станицасы (Боголюбов, Новоникольск);
7. Дубровная станицасы (Дубровная, Сенжар, Маловознесенский, Михайлов);
8. Новорыбинская станицасы (Новорыбинская, Миролубовский, Богатинский, Кладбинский, Железенский);
9. Преснов станицасы (Преснов, Новомихайловка, Қазан, Усердинский, Лоншинский, Островной, Екатерина, Қабан);
10. Пресногорьков станицасы (Пресногорьков, Камышловский, Починов, Сібір, Богоявленский, Крутоярский, Пресногорьков редуты). [8, 38 п.]

Жергілікті өкімет билігі болып табылатын Петропавл ревкомының кейінірек «Жұмысшы, шаруа және қызыләскер советтерінің Петропавл уездік атқару комитеті» болып өзгерген билік мекемесінің 1919 жылғы 5 қарашадан 1919 жылғы 20 шілдеге дейінгі құжаттарын қарап отырсаңыз, Петропавл уезінің нақты шегарасы қандай және ол Қазақстан құрамына кіре ме, жоқ па? деген мәселе көтерілмегенін байқайсыз. Бұған көз жеткізу үшін облыстық архивте сақталған «Ақмола облысын таратып, Омбы губерниясын құру туралы Сибревкомның қаулысы» деген құжаттан үзінді келтірейік:

А) Ақмола облысы таратылады.

Ә) Омбы облысы құрылады, оның құрамына қазіргі шегарасы жағдайында губерниялық Омбы қаласы мен мына уездер беріледі: Омбы, Көкшетау, Петропавл, Есіл, Текелі, Тара, Калачин.

Б) Алдағы уақытта, Қазақ Советтік республикасымен келісім орнатылғанша, Атбасар және Ақмола уездері де қазіргі шегарасы жағдайында Омбы губерниясына беріледі.

Сибревком төрағасы: Смирнов. 1920 жылғы 17 ақпан. № 391». [8, 60 п.]

Осылайша, Сибревкомның шешімі бойынша 1920 жылдың басына дейін Петропавл уезі Қазақстан аумағынан тыс қала берді.

Ескерте кету керек, бұл құжат көпе-көрнеу заңсыз еді, себебі: біріншіден, ірі әкімшілік-аумақтық бөліс мәселесін шешуге Сибревком сияқты уақытша өлкелік әскери билік құзырлы емес. Екіншіден, Қазақ өлкесін басқаратын Қазревком Орталық биліктен тапсырма алып, таяу арада құрылатын Қазақ республикасының шегарасын анықтау жөнінде комиссия жасақтауға кіріскен болатын. Мұндай комиссия 1920 жылғы мамырдың 16 жұлдызында құрылды.

Демек, Қазақстанның жер аумағын сол комиссия белгілеуге тиіс. Ақтық шешім қабылдау құзыры Ресей Халық комиссарлары советінің төрағасы В. Ленин, Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің төрағасы М. Калинин мен Ұлт істері жөніндегі Халық комиссары И. Сталин үшеуінің ғана құзырында еді.

Сонымен, Қазревком комиссиясы құрылды және оның қорытынды ұсыныстарын қарап, Қазақстан шегарасын белгілеп бекітетін, В. Лениннің басшылығымен өтетін үлкен жиналыс дайындалды. Жиналысқа Қазақстан шегарасы деген мәселеге қатысы бар, мүдделі қызметкерлер, айталық іргелес облыстардың өлкелердің басшылары, Мәскеудегі Орталық биліктегі министр шеніндегі халық комиссарлары түгел шақырылды. Қазақстан тарапынан негізгі баяндаманы Әлімхан Әбеуұлы Ермеков жасайтын болды. Ленин мен Сталин басқарып, жүргізген бұл кеңес 1920 жылы тамыздың 20 жұлдызында Мәскеуде өтті. Осынау кеңеске қатысты құжаттардың біразы тұңғыш рет 1957 ж. «Образование Казахской АССР» деген кітапқа қосылып, жарық көрді [9, 244 б.].

Осы кітаптағы мына құжаттармен таныса отырып, Отанымыздың шегарасын белгілеудің қандай жағдайда өткеніне көз жеткізуге болар еді.

1-құжат. Қазақ АССР шегарасын белгілеу жөнінде Қазревкомның

РСФСР СНК төрағасы Ленинге жеделхаты. «1920 жылғы 21 мамыр. Тамыз айында Жалпықазақ съезін шақырайық деп отырмыз. Осы мәселе қаралатын Мәскеудегі кеңеске әлі шақыру алғамыз жоқ. Тез шақыру жіберіңіздер және даулы болып отырған Семей және Ақмола) облыстарын уақытша басқарудың тәртібін көрсетіңіздер».

2-құжат. Петропавл уезі қазақ болыстары қала-уездік съезіне қатысушылардың Ұлттар халық комиссариатына жеделхаты.

*«1920 жылғы 4 тамыз. Біз, Омбы губерниясы Петропавл уезі 15 болысының қазақтары Петропавлдағы қала-уездік съезге жиналып, болашақ Қазақ республикасының шегарасын анықтауға арналған комиссияның құрылуын қолдаймыз және этнографиялық, тарихи және экономикалық жағынан тығыз байланысты Петропавл уезі Қазақ Өлкесінің құрамына енуі керектігіне сенім білдіреміз. [9, 244 б.]*

Осы құжатқа берілген түсініктемеде, архивте осы жеделхатқа қол қойған болыстардың өкілдері туралы хаттама сақталғаны көрсетілген. Олар, Келтесор, Сарыайғыр, Тайынша, Жамантұз, Еменәлі, Таузар, Смайыл, Аққусақ және Анастасьев болысының қазақтары екен.

Сонымен, 1920 жылғы 20 тамызда Ресейдің ең жоғарғы билік орнында Қазақ автономиялы Советтік Социалистік республикасын құру туралы жалпыға мәлім құжат қабылданды. Мұнда, Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері және Омбы уезінің бір бөлігі Қазақ автономиясы деген дербес шаңырақтың астына қосылғаны туралы анық жазылды.

1920 жылғы 4 қазанда Орынбор қаласында Қазақ АССР советтерінің Құрылтайы ашылып, оның күн тәртібіне 26 тамыздағы декреттің қағидаларын талқылау, оның ішінде қазақтың жерін түгендеу мәселесі қойылды. Бір ғажабы – Бүкілқазақ құрылтайына Петропавл уезінен қатысқан өкілдер тек қана қазақтар екен. Бұл туралы Петропавлда шығып тұрған «Мир труда» газетінің 1921 жылғы 24 тамыздағы нөмірінде анық жазылған. [10]

Әкімшілік мәселесі бойынша съездің соңғы күні қабылданған қаулысының екінші тармағында мынадай ескерту жазылған: «Семей және Ақмола губернияларының Қазақ Республикасы үкіметінің қарауына бірден өтіп кетуі бұл губерниялардағы жұмысқа қиындық тудыруы мүмкін екені ескеріліп, оларды әзірше, яғни 1921 жылдың 1 қаңтарына дейін Сибревком қарауында қалтыра тұру ұйғарылды». [9, 294 б.]

Құрылтай съезінің шешімдеріне қарамастан, жаңадан құрылған Қазақ

Республикасының шығыс шегараларына қатысты түйткіл мәселелер 1921 жылдың басында да шешіле қоймады. Айталық, Қазақстан Орталық атқару комитетінің (ҚазЦИК) төрағасы әрі Қазақстан шегарасын реттеу туралы төтенше комиссияның төрағасы Сейітқали Меңдешевтің мына бір құпия жеделхаты біраз шындықтың бетін ашады: 1921 жылы 19 наурызда Петропавлдан Мәскеуге жолдаған жеделхатында ол былай депті: «Құпия. Мәскеу. Қазақстан өкілдігіне. БОАК мүшесі Мырзағалиевке. *Шегара жөніндегі пікірім мынадай: Семей губерниясын, Ертіс және Павлодар аудандарын Қазақстанда қалдыру туралы табанды болыңыз. Ал, Омбы қаласын Қазақстанға қосу мәселесі асқына беретін болса, күштемей-ақ қойыңыз. Қалай да Ертіске шығу (яғни, Ертіске қол жеткізу) туралы ұсынысымызды өткізу қажет. Ең болмаса, Омбы уезінің қазағы басым бөлігін алып, Ертіске қол жеткізумен шектелуге болар. Есіңізде болсын, бұл мәселені федералдық биліктің алдына қойғанда, бұл қазақтар Омбы уезінде қалса, сөзсіз қырғынға ұшырайды, біз оларды аман сақтап қалуға күш салып отырғанымызды жеткізіңіз* [11, 1- п.]»

### **Ақмола губерниясы. Орталығы – Петропавл**

1921 жылғы 21-сәуір күні Петропавл қаласында уездік II партия конференциясы болды.

Солтүстік Қазақстан облысының, оның ішінде Петропавл уезінің Ресей мемлекетінен бөлініп, Қазақ республикасының құрамына енген күнін ол дәл осы 1921 жылғы 21-сәуір деп салтанатты түрде атап өтуге болады.

1921 жылы 26 сәуірде Петропавлда шығатын «Мир труда» газетінде ҚазЦИК төтенше өкілетті комиссиясы мен Бүкілқазақтық кеңестердің бірінші съезінің қаулылары және Сібір ревкомымен келісім-шарт жарық көрді. Бұл құжат бойынша:

1. Петропавл, Көкшетау, Ақмола және Атбасар уездері Омбы губерниясының құрамынан шығып, Россия Советтік федерациясының Қазақ Социалистік Советтік Республикасына кіретін Ақмола губерниясын құрайды.

2. Жаңа құрылған Ақмола губерниясының орталығы Петропавл қаласы болып табылады.

1921 жылғы 28-сәуір күні ҚОАК төрағасы С. Меңдешевтің «Петропавл қаласының еңбекші жұртшылығына» деген Үндеу-хаты «Мир труда» газетіне басылып шықты.

1921 жылғы 25 сәуірде Ақмола губерниясы, орталығы Петропавл қаласы болып құрылғанда, оның құрамындағы: Ақмола уезінде 42 бо-



лыс, Атбасар уезінде 31 болыс, Көкшетау уезінде 83 болыс және Петропавл уезінде 52 болыс болған еді.

1928 жылы 17 ақпанда республикада губерниялық билік жойылып, оның орнына округтер құру туралы қабылданған шешім Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің 1928 жылғы 3 қыркүйектегі жарлығымен бекітілді де, бұрынғы Ақмола губерниясына қараған Петропавл уезі мен Атбасар және Көкшетау уездері бірқатар болыстарының есебінен Қызылжар (Петропавл) округі құрылып, орталығы Петропавл қаласы болып белгіленді. Жаңа округке мына тізбедегі 21 аудан қарады: Арықбалық (орталығы Арықбалық селосы), Балқашин (орталығы Балқашин селосы), Бейнетқор (орталығы Кедей кенті), Булаев (орталығы Булаев селосы), Володар (орталығы Володар селосы), Ворошилов (орталығы Петропавл қаласы), Қызыләскер (орталығы Өрнек селосы), Қызылту (орталығы Құлықөл селосы), Көкшетау (орталығы Көкшетау қаласы), Красноармейск (орталығы Ново-Сухотин селосы), Крестьянский (орталығы Көкшетау қаласы), Ленин (орталығы Явленка селосы), Октябрь (орталығы Володар селосы жанындағы мәдени тірек), Преснов (орталығы Преснов селосы), Пресногорьков (орталығы Пресногорьков селосы), Рузаев (орталығы Рузаев селосы), Трудовой (орталығы Петропавл қаласы), Төңкеріс (орталығы Майбалық көлі жағасындағы мәдени тірек), Урицкий (орталығы Мария селосы), Щучинский (орталығы Щучье селосы) және Еңбекшілдер ауданы (Орталығы Казгородок кенті).

### Аудандарды ірілеу

Бүкілодақтық атқару комитетінің 1930 жылғы 23 шілдедегі қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округі таратылып, орталыққа тікелей бағынатын мынадай іріленген аудандар құрылды:

№	Округ болған кездегі ауданның атауы	Іріленгеннен кейін өзгерген атауы	Іріленген ауданның орталығы
1	Арықбалық	Арықбалық	Балқашин селосы
2	Балқашин	Таратылып, Арықбалық ауданына қосылған	



3	Бейнетқор	<b>Бейнетқор</b> , ауданның жартысы Булаев ауданына қосылды	Шолақ Досжан (1932 ж.11 қаңтарда аудан орталығы Қиялы ст. көшірілді
4	Булаев	<b>Булаев</b> , ауданның жартысы Бейнетқор ауданына қосылды	Булаев селосы
5	Володар	Таратылып, аумақтың жартысы Рузаев, жартысы Төңкеріс аудандарына берілді	
6	Ворошилов	Таратылып, аумақтың жартысы Бейнетқор, қалғаны Төңкеріс аудандарына берілді	
7	Қызыләскер	Таратылып, аумақтың жартысы Рузаев, қалғаны Төңкеріс аудандарына берілді	
8	Қызылту	<b>Қызылту</b>	Кішкенекөл
9	Көкшетау	<b>Көкшетау</b> , ауданның жартысы Арықбалық, қалғаны Щучье аудандарына қосылды	Көкшетау қаласы
10	Красноармейск	Таратылып, аумақтың жартысы Бейнетқор, қалғаны Көкшетау және Ленин аудандарына берілді	

11	Крестьянск	Таратылып Көкшетау ауданына берілді	
12	Ленин	<b>Ленин</b> , ауданның жартысы Айыртау бір бөлігі Төңкеріс аудандарына берілген	Явленка
13	Октябрь	<b>Октябрь</b>	Желбастау (19361 ж. 22 мамырда Көктал селосына көшірілді)
14	Преснов	<b>Преснов</b>	Преснов селосы
15	Пресногорьков	Таратылып, бір бөлігі Төңкеріс, қалғаны Пре- снов аудандарына берілген	
16	Рузаев	Рузаев, ауданның бір бөлігі Айыртау ауданына қосылған	Рузаев селосы
17	Төңкеріс	<b>Төңкеріс</b>	Орталығы Майбалық көлі жанындағы мәдени тірек
18	Трудовой	Таратылып, бір бөлігі Айыртау қалғаны Петропавл ауданда- рына берілген	
19	Урицкий	Таратылып, бір бөлігі Бейнетқор, қалғаны Булаев және Петропавл аудандарына берілген	
20	Щучинск	<b>Щучинск</b> , ауданның бір бөлігі Еңбекшілдер ауда- нына берілген	Щучье селосы

21	Еңбекшілдер	<b>Еңбекшілдер,</b> ауданның бір бөлігі Щучинск ауданына берілген	Степняк кені (Казго- родок)
----	-------------	--	--------------------------------

Жоғарыдағы іріленген аудандарға қоса, жаңадан үш аудан құрылды. Олар:

1. Айыртау ауданы (орталығы Володар селосы) Володар ауданының аумағынан, оған қоса Рузаев, Урицкий, Ленин және Октябрь аудандарынан жер беру есебінен құрылды.

2. Петропавл ауданы (орталығы Петропавл қаласы) Ворошилов, Трудовой аудандары мен Петропавл қаласынан жер беру есебінен құрылды.

3. Мамлют ауданы (орталығы Мамлютка селосы) Петропавл ауданы аумағынан жер беру есебінен құрылды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ООТА (Омбы облысының тарихи архиві) 1- қор, 1- тізім, 1- іс.
2. СҚМА ( Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архив) 158-қор, 1-тізім, 138,А-іс.
3. СҚМА 1370-қор, 1-тізім, 370-іс.
4. Памятная книга. Акмолинской области 1887 г.
5. ҚР ОМА 64-қор, 1-тізбе, 1259-іс.
6. ООТА. 3-қор, 1-тізбе, 11863-іс.
7. Аристов Н.Н. Заметки об этническом составе тюркских племен. СПб., тип. С.Н. Худекова 1897, -182 с.
8. СҚМА, 43-қор, 1-тізбе, 1-іс.
9. Образование Казахской АССР Сборник документов и материалов / Ин-т истории, археологии и этнографии Акад. наук Казах. ССР. Архивное упр. Казах. ССР; Под ред. д-ра ист. наук С. Н. Покровского. - Алма-Ата: Изд-во Акад. наук КазССР, 1957. - 368 с.;
- ҚР ОМА, 1353-қор, 1-тізбе, 4 іс. ЦГА ОР СССР, 1318-қор, 1-тізбе, 141-іс, 59 п.; ЦГА ОР Каз. ССР, ф. 5, оп. 1, д. 21, л. 266; «Образование Казахской АССР», стр. 294. ҚР ОМА, 1353-қор, 1-тізбе, 4 іс. Образование Казахской АССР Сборник документов и материалов / Ин-т истории, археологии и этнографии Акад. наук Казах. ССР. Архивное упр. Казах. ССР ; Под ред. д-ра ист. наук С. Н. Покровского. - Алма-Ата : Изд-во Акад. наук КазССР, 1957. - 368 с., стр. 211.
10. «Мир труда» газеті 1921 жыл 24 тамыз №175.
11. СҚМА, 43-қор, 1-тізбе, 7-іс.

**ЖАҚСЫБАЙ САМРАТ,**  
«Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі  
Солтүстік Қазақстан облысы

## **ЗАҢ ӨЗГЕРТІЛСЕ АТАУ ДА ДҰРЫСТАЛАР ЕДІ**

Ономастика деген сөздің өзі грек тілінен аударылғанда «*ат қою өнері*» деген екен. Осы жағынан алғанда қазақ халқының алғырлығы, ат бергіштігі, әдемі атаулар тапқыштығы басқа жұрттардың бәрінен озық болған десек көп қателеспейтін шығармыз. Қазақ бір-ақ сөзбен жердің дәл сипатын беретін ат тауып отырған. Мәселен, «*қызылжар*» десе бұл жерде өзен бары, оның жары қызыл екендігі көз алдыға келеді. Сондай-ақ «*сорқұдық*» деген атау болса бұл жердің аса жайлы емес, ауыз суы ащы, адамға жайсыз екенін жолаушы бірден түсінеді. Ал «*айдарлы*» десе ол жердің шөбі айдар тәріздес шоқтықты болып келеді деген сөз.

Атаулар арқылы халқымыздың айтқыштығын, айрықша байқағыштығын, тіпті ой-өрісінің, ақыл-ойының кемелдігін де көруге болады. Сондықтан ономастика мен оның бір бөлігі топонимика жердің ерекшелігімен қатар жер иесінің де қандай екенінен хабар береді. Екеуі біте қайнасып, бір тұтасқа айналып, бір рухты түзген. Қазақтың рухы жер атымен көтерілетіні де сондықтан. Мысалы, «*Бурабай*» дегенде оған «*Арқада Бурабайға жер жетпейді...*» деген немесе «*Жетісу*» дегенге «*Жер жәннаты – Жетісу*» деген тіркес қоса ілесіп, мақтанбайтын қазақ жоқ. Ал жердің атауын өзгерту арқылы елден жерді айыруға болады.

Патшалық Ресейдің колониалдық саясаты ономастиканы өз мүддесіне пайдаланған. Басып алған жердің бәріне олар тек өз атауларын қойған. Бұл туралы Екатерина патшайымның арнайы бұйрығы да болған. Жердің атауын жат қылса оған иесі де жат бола бастайды. Мәселен, «*антоновка*», «*петровка*», «*николаевка*» деген сияқты келімсектердің қаптаған кісі аттарынан тұратын атаулары артынан осы жерлерді қазаққа өгей қыла бастады. Кеңес өкіметі кезінде де патшалықтың ономастикалық саясаты жалғасын тапты. Әсіресе, келімсектер өте көп болып көшіп келген Солтүстік облыстарда, соның ішінде Есіл өңірінде қаптаған

«қызыл» атаулардың бәрі орысша қойылды. Арасында бірен-саран ғана «қызыл ту», «қызыл әскер» дегендер ғана кездесіп қалатын. Оның үстіне большевиктердің бәрі дерлік орыс фамилиялы болғандықтан оларға берілген ауыл-селолар, қала атаулары мен көшелері де тегіс орыс фамилиялы болды. Осының бәрі қазақты өз жерінен жерітіп, жат қыла берді.

Құдайға шүкір, қазір қазақ өзінің жеріне өзі ие болып, тәуелсіз республикаға айналды. Оған да міне, отыз жылға аяқ басты. Енді ол өз жеріне өз атауларын қайтаруы, өз жері мен елдімекендерін өзіне тартуы керек емес пе? Бізден басқа барлық республикалар баяғыдан сөйтті. Ал біз әлі күнге біреулерге көңілшектік танытып, жерімізге өз атауларымызды бере алмай келеміз.

2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Назарбаевтың бағдарламалық «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы өзінің өзектілігін ешқашан жоймайды. Онда былай делінген еді: *«Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. ...Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл - тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы»*, делінген еді.

Жаңғырудың жарқын жолдарының бірі – ономастиканың ұлттық рухты көтеретін ежелгі атауларын алуы немесе ұлттық кодымызды сақтауға бағытталған жаңа атаулар. Бұларсыз біздің санамыз ұзақ жылдардағы езгіден арыла алмайды. Сондықтан елді мекендердің, жердің бүгін ұмыт бола бастаған тарихи атауларын қайтару, атауы бұрмаланған ауылдардың транскрипциясын дұрыстау, көшелерге, білім, мәдениет, спорт ошақтарына лайықты тұлғалардың есімдерін беру – ономастика жұмысындағы негізгі бағыттар болып табылады.

Әрине, біреулерге мұндай қадамдардың ұнамасы хақ. Өйткені, ондайлардың санасы озбырлықтың басқыншы тұманына адасып, ескі идеологиялықтан шырмауықтан шыға алмай жүр. Бұл ондайларға өзінің бұрынғыдан ада, тәуелсіз елде жүргенін де болжатпайды. Және ондайлардың басындағы жалғыз тіреу – «*тарихи атауын қалдыру*» деген қойыртпақ. «*Тарихи атаудың*» тамыры қайда екенін білмесе де содан айрылғысы келмей, жаңа дүниеге табан тіреп, қарсы тұрғысы келеді. Мәселен, жуырда мынадай оқиғаның куәсі болдық. Облыс әкімі Құмар Ақсақалов бір топ қала тұрғындарын Қызылжардың қалай өзгеретіндігімен таныстырып жатқанда университеттің бір қарт мұғалімі (аты-жөнін айтпай-ақ қояйық) «*Крепостной*» көшесін көріктендіру керек қой» деп тұрып алды. Ал осы «*крепостной*» дегеннің не екенін қарт мұғалім терең танып білді ме екен? Бұл орыс тарихының ең ұятты (*позор*) беттерінің бірі емес пе? 1861 жылға дейін созылған «*крепостнойлық құқы*» деген тәртіп орыс қоғамында бүкіл әлемде ұмыт болған құл иеленушіліктің бір түрін XIX ғасырдың ортасына дейін алып келді емес пе? Адамның адамды басыбайлы иеленуі, қаласа сатуы, итке айырбастауы, тіпті өлтіріп тастаса да жауап бермеуі сияқты істер өзін дамыған елміз деп санаған мемлекетке мүлде әбес қылық еді. Басыбайлы шаруалардың ешқандай құқының болмауы, оларды адам қатарына санамай қалағанынша басыну – бұл адамды адамның қанауының шектен шыққан көрінісі болатын. Сөзімізді Википедиядағы мына анықтамамен бекіте кетелік: «...*помещик отнимал у крестьян их надель и личное хозяйство и превращал их в настоящих сельскохозяйственных рабов, которые работали на него постоянно и получали только скудный паёк из господских запасов. Крепостные были самыми бесправными людьми и ничем совершенно не отличались уже от невольников на плантациях Нового Света. Крестьян и дворовых покупали и продавали оптом и в розницу. Телесные наказания крепостных получили чрезвычайно широкое распространение. Нередко такие наказания заканчивались смертью жертв, но помещики почти никогда не несли никакой ответственности за убийства и увечья своих слуг*». Ресей тарихындағы осынау ұятты қылықты орыстың алдыңғы қатарлы зиялы қауымының өзі қатты сынап, қарсы шыққан. Мысалы, ақын-жазушылар К.Аксаков, А.Герцен және т.б. Ал осы «*Крепостнойлықты*» Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры деген атағы бар адамның жақтап, осы көшенің аты мен за-

тын жаңғыртуды талап етіп тұруында қандай ой бар екен? Бұл жерге тіпті «*тарихи атауы*» деген де келмейді ғой. Ондай құл иеленушілік деген біздің жерде мүлде болған да емес. Ал Қызылжардың мына көшесін біреулер мазақпен немесе есерлік шалықпен «*крепостное*» деп атай салған... Сондықтан оған жабысатындай түк жоқ.

Біздің ономастикалық жаңғыруымызды осылай аяқтан шалып, тіреп қалғысы келіп тұратындар аз емес. Ондайлар Қазақстанға болысқансып, «*қаражат босқа шығындалады*», одан да ақша басқа жұмысқа жұмсалмай ма деп жаны ашығансиды. Ақшаның нақ осы рухани жаңғыруға жұмсалуды керектігін олар білгісі келмейді. Ал кейбіреулер біздің шенеуніктерді қорқытып, «*бұл жерге шығындалған көп ақша сыбайластық жолмен жымқырылуы мүмкін*» дегенді алға тартатын болыпты. Іс жүзінде қайта атауға кететін шығын болмашы ғана. Соны білсе де қаскүнемдер әйтеуір үркітудің жолдарын табады. Кейбір көлеңкесінен қорқып, жаңбыр болмай су болып жүретін қазақ шенеуніктері де олардың қитұрқысынан қорқып, қарадай үркіп тұрады. Құтты А.Чеховтың «*Человек в футляре*» деген әңгімесіндегі «*как бы чего не вышло*» дегенді айтып, өзінен өзі шошып жүретіндерді де көрдік.

Бірақ «*шегірткеден қорыққан егін екпес*» деген. Ондайлардың әрқайсынан үрке берсек біз ел бола алмаймыз. Рухымызды да жаңғыртып, ұлттық кодымызға да орала алмаймыз. Осыны түсінген жергілікті басшылар да бар.

Мәселен, Солтүстік Қазақстан облыс әкімінің орынбасары, ой-өрісі биік азамат Ғани Нығыметов. Ол келгеннен бері бұл мәселе қолға алынып, біршама істер жасалып жатыр. Тек бізде қала атауын, көше атауын өзгертуге шулатып халықты араластыру туралы заң тәртібі көп нәрседе аяқтан шалады. Біздегі халықтың арасында дұрыс уәжге жығылатындар аз, көбісі ескілікті аңсайтын кертартпалар екенін жоғарыда айттық. Білімді деген адамның өзі «*крепостнойлықты*» қалап тұр емес пе, басқаларға не зорық. Ондайлар әйтеуір бәрі де бұрынғыша, өздеріне жақын атаулар болғанын қалайды. Сондықтан бізге алдымен заңды өзгерту керек. Тек сосын ғана атаулар өзгермесе жергілікті биліктен талап етуге болады. Соның өзінде қазір Солтүстікте біршама аудандардағы атаулар өзгерді. Тәуелсіздік жылдарында талас-тартыспен 10 ауданның, 1 қаланың, 74 елді мекеннің тарихи атауы қайтарылды және өзгертілді, сондай-ақ транскрипциясы түзетілді. Сонымен бірге, 34 нысанға танымал тұлғалардың есімдері берілді. 2020 жылғы қазанда өнер колледжіне Ермек Серкебаевтың, облыстық филармонияға Ақан серінің есімі берілді. М.Жұмабаев ауданындағы № 4-ші мектепке Мағжан Жұмабаевтың, Жам-



был ауданының Преснов мектебіне Қожаберген жыраудың есімдері берілді. Сондай-ақ Ақжар, Қызылжар аудандарында ауылдық округ, көше атауларын қайта атау туралы ұсыныстар қаралды.

Қазір облыста 540 елдімекен және 6000-нан астам көше бар болса, солардың ішінде заман талабына сай емес, тоталитарлық сипатқа ие атаулар әлі де өте көп. Идеологиялық тұрғыдан ескірген 14 ауылдық округ, 32 ауыл, 744 көше бар. Мысалы: Ленин атауы барлық ауданда кездесіп, әлі күнге 66 көшеге берілген. Ең көбі Ақжар және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандарда – 14 көшеден. 39 көше – Киров, 16 көше – Куйбышев, 22 көше – Карл Маркс және 23 көше Калинин есімімен аталады. Осындай жағдайда бізде рухани жаңғыру бар деп көр. Бәрі бәз-баяғы коммунистік шырмауықтың шырғалаңында. Мұндай жағдайда қаланың Қызылжар атауын алуы туралы айту да қиын.

Жуырда облыс әкімінің орынбасары Ғ.Нығметовтың төрағалық етуімен ономастика мәселелері жөніндегі бөлім селекторлық байланыс арқылы Петропавл қаласы және аудан әкімдерінің әлеуметтік сала жөніндегі орынбасарларымен жұмыс кеңесін өткізіп, хаттамалық тапсырмалар берген болатын. Тапсырманы орындау барысында мәселелер туындамас үшін, әдістемелік-тәжірибелік көмек көрсету мақсатында ономастикалық жұмыс бөлімінің мамандары аудандарға шығып, ауылдық округ әкімдерімен кездесулер өткізді. Алайда осындай кездесулердің де оң нәтиже берерініне күмән бар. Өйткені, ескіден ажырағысы келмейтін кейбір ауыл адамдары ешқандай өзгерісті қаламайды. Сондықтан тек жергілікті билік пен оның қасындағы ономастикалық комиссияның шешіміне осы мәселені заңды түрде тапсырған дұрыс болар еді. **Ол үшін, әрине, жоғарыда айтқанымыздай заңға өзгеріс енгізу керек.**

Аудандардағы жағдай осындай болса Петропавл қаласындағы ахуал тіпті мызғымай тұр. Өзіміз қанша жазсақ та мұнда *Халтурин*, *Красин* сияқты большевик-террористердің, «Коминтерн» сияқты арандатушылық ұйымдардың атына берілген көшелер де әлі күнге тұр.

Бір таң қаларлығы облыс билігі мен халқы қазақша атау берген кейбір нысандар да қозғалыссыз қалуда. Мысалы, *Тимирязев ауданына* аса көрнекті қазақ жазушысы, жерлесіміз *Сәбит Мұқановтың* аты берілген еді, соны әлі күнге жоғары жақ бекітпей, аяқсыз қалып тұр. Не себеп екенін ешкім білмейді. С.Мұқановтан гөрі Тимирязев қазаққа көп пайда жасады деген біреу ме, әлде көлеңкесінен қорқып, шошынған бір шенеунік пе, әйтеуір біреулер халық қалауына кедергі келтіріп отыр.

**АЛМАГҮЛ ӘДІЛОВА,**  
*Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық*  
*университетінің профессоры,*  
*филология ғылымдарының докторы*

## **ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ГИДРОНИМДЕРІ**

Дүние жүзінде ықылым замандардан бері өмір сүріп жатқан алуан түрлі халықтардың мекендеген жері, өмір салты, іс-әрекетімен тығыз байланысты атауларды біріктіретін сөздер тобы ономастиканың әрқилы салаларын құрайды. Ғалымдардың пікірінше, ономастиканың жиі, қарқынды, үнемі әрі әр тұрғыда зерттеліп жүрген саласының бірі – топонимдер, яғни жер-су атаулары. Кез келген жердің табиғи-климаттық жағдайларға байланысты бедері әр алуан болуымен қатар, онда су, сан қилы өсімдіктер, адам қолымен жасалған түрлі нысандар кездесетіні де белгілі. Осыған байланысты топонимдердің өздері бірнеше топқа бөлінеді: гидронимдер, оронимдер, ойконимдер, астионимдер, дримонимдер, дромонимдер, т.б. Аталған онимдердің арасында гидронимдер су көзінің көлемі, түрі, тұйықтығы сияқты белгілеріне қарай өз ішінде мынадай топтардан тұрады:

- потамонимдер (грекше ποταμός – өзен) – өзендер, бұлақтар. Ең көп кездесетін гидронимдер;
- лимнонимдер (грекше λίμνη – көл, ονομά) – көлдер, бөгеттер, су қоймалары;
- гляционимдер – (лат. «glacies» – мұз) – мұздықтар;
- гелонимдер (έλος – батпақ) – батпақ;
- пелагонимдер (πέλαγος – теңіз) – теңіздер мен оның бөліктері;
- океанонимдер (Ωκεανος – шексіз теңіз, Құдай) – мұхиттар. Ең аз гидронимдер.

Гидронимдердің аталған топтарының біразы Қарағанды облысында ғана емес, Қазақстанда да жоқ екені белгілі.

«Қазақ ономастикасының бір бөлігі саналатын жер-су аттары (топонимдер) ғасырлар жәдігері, мәдениетіміз бен тарихымыздың құнды қазына байлығы, мәдени мұрамыздың бір бұлағы деп айта аламыз. Рес-

публикамызда тек қана өзен аты 85 мың болса, көл аттары 50 мыңның үстінде. Олардың ең ірілері: Балқаш, Алакөл, Сасықкөл, Теңіз, Марқакөл, Зайсан, Шалқар, Индер, Қарасор, Шортанды, Шабақты, Үлкен Шабақты, Бурабай, Сілеті теңіз, Құсмұрын, Шағалалы теңіз, Үлкен Қарой, Сарықопа, Арыс, Ертіс, Есіл, Іле, Сырдария, Жайық, Кеңгір, т.б.» [1].

Әр алуан объективті, көбінесе субъективті факторларға байланысты өзгеріске түсіп жататын топонимикалық атаулардың арасында гидронимдердің тұрақтылығы жоғары және ұлттық-мәдени ақпараттылығы анық деуге болады. Кез келген топоним сияқты, гидронимдерде де қатталған ақпарат түрліше болуы мүмкін, яғни ең аз ақпарат оның атауы болса, толық ақпарат оның диахронды және функционалдық тұрғыдан жеткізетін деректері. Диахрондық ақпарат гидронимнің тілдік тұрғыдағы мағынасы, жасалуына негізделсе, функционалдық ақпарат оның географиялық жағдайлармен байланысын, нысан туралы жалпы мәліметтерді қамтиды.

Ғылыми айналымда топонимдерді, оның арасында гидронимдерді де, лингвистикалық тұрғыдан сипаттау үшін түрлі қағидаттар басшылыққа алынады, яғни бір ғалымдар топонимнің семантикасын негізге алса, екіншілері оның құрылымына сүйенуді жөн көреді, ал үшіншілері осы екі қағидатты қоса ұстанады [2].

Ресейлік ғалым Н.К.Фролов «Семантические модели русских и угорских гидронимов Нижней Оби» деген мақаласында гидронимдердің 6 лексика-семантикалық түрін көрсетеді: 1) гидронимы, обозначающие существо реалии; 2) гидронимы, в основу которых положен антропоним или отантропонимическое название смежного объекта; 3) гидронимы, содержащие указания на местоположение объекта, на какой-либо природный или сделанный руками человека ориентир; 4) гидронимы, связанные с отражением специфики окружающей флоры и фауны; 5) гидронимы, возникшие на основе представлений о величине объекта, глубине дна и его грунте, внешней формы объекта; 6) гидронимы, обозначающие окружающий рельеф, характер течения, температуру, вкус, запах и цвет воды [3].

Қазақ ономастарының пікірінше, топонимдер арасында басқа (араб, парсы, моңғол, қалмақ) тілдерден енген атаулар аз болғанмен, «Орыс тілдік топонимдер орыс шаруаларын Қазақстанға ХІХ ғасырдың 60-жылдарында қоныс аударумен, одан кейінгі жылдар патшалық ресейдің отарлық саясаты негізінде жүзеге асса, кеңестік дәуірде оның идеология-

сына сай үдей түсті. Әсіресе, Қазақстанда тың жерлерді игеру саясатымен байланысты келімсектер саны әлденеше миллионға жетіп, колхоз, совхоз, аудан, село, қала атаулары көбейе түсті. Тың жерді игерудің 25 жылдық мерекесінде «Наука мира» атты журналда 3,5 мың орысша жаңа атау қойылғанының мақтаныш болғаны белгілі [1].

Қарағанды облысы Сарыарқаның көтеріңкі солтүстік бөлігіне орналасқан, сондықтан да мұнда су көздерінің әр түрі кездесетіні ақиқат және бұл аймақта шамамен екі жүзге жуық ірі және шағын өзен орналасқан.

Қарағанды облысының су нысандарының атаулары жалпы республика топонимдері қатарында қазақ ономаст ғалымдарының еңбектерінде, филология ғылымдарының докторы А.Е. Жартыбаевтың зерттеулерінде қарастырылған.

Облыстағы су көздерімен байланысты нысандар қатарында жиі кездесетіні – өзендер. Көл деп нақты географиялық-терминдік мағынасында Балқаш көлін атауға болады, басқалары қандай да бір ағысы жоқ, жан-жағынан тұйықтығы болмаса, көлемі жағынан үлкен емес болып келеді. Қарағанды аумағында жасанды су қоймалары, адам тіршілігіне байланысты қазылған құдықтар, үлкен-кішілі бұлақтар, аз болса да, сор, батпақты жерлер бар. Осы өлкедегі ірі су көздері саналатын Кеңгір, Нұра, Ертіс, Сарысу, Жәмші өзендерінің этимологиясы туралы көрнекті отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері белгілі. Мәселен, Ертіс атауы жөнінде Махмұд Қашқаридің «Түркі тілінің сөздігінде» «Артыш» ретінде беріліп, оның «артыш» - «ерту» деген етістіктен жасалғаны түсіндіретінінен бастап, Т. Жанұзақовтың «Ертіс атауына негіз болған негізгі тірек сөз «ер» болса, оның бастапқы негізгі айтылу түрі түркілердің *jer, jer (suv)* - материк, земля, *jerimi subum* - менің жерім сияқты сөз бен сөз тіркестеріндегі *jer* сөзі екені айдан анық. Ол сөз атақты Күлтегін, Могилян, Мойынчор, Онгон, Тоныкөк ескерткіштерінде көрсетілген. Бұған қарағанда Ертіс атауының бірінші сыңарындағы «ер» сөзін көне түркі тіліндегі *jer (ier)* сөзінің көршілес тұрғындардың айтуына орай қысқарып, өзгерген нұсқасы, ал *tic < ic* түркі, т.б. тілдерде "өзен" мәніндегі сөз деп білеміз. Демек, Ертіс "жер суы", "жерден шыққан өзен" мағынасын білдіретін атау» [4;71] деген пікіріне дейінгі аралықта көптеген түркі ғалымдарымен (олардың арасында лингвист, тарихшы, географ, фольклористер бар) қатар, батыс ономастарының да көзқарастары кездеседі. Бұл гидронимді

С.Қондыбай салыстырмалы мифогеография тұрғысынан қарастырады да: «Бүгінгі қазақ тілі арқылы түсіндірсек, Ертіс – «ардақты су» деп түсіндіріледі. Мұндағы түбір – «Арт» сөзі де осы мәнге ие. Бұл – сөздің ежелгі мифологиялық реңкке бөленген мағынасы, түркі дәуірінде осы сөзді қасиетті өзенге де, оның бастау алатын тауына да («арт» - тау шыңы) қатысты қолдану барысында сөздің мағынасы өзгеріп кеткен [5] деген тұжырым жасайды. Сонымен бірге Ұлытау өңіріндегі Кеңгір өзенінің Қара Кеңгір, Сары Кеңгір салалары бары белгілі, осы гидроним туралы ономаст Т. Жанұзақов былай дейді: «Алайда нақтылы ой, толымды ғылыми пікірлер толық болмағандықтан, түрлі пайымдаулар әлі де жалғасуда» дей келіп, осы сөздің алғашқы кен сыңары қан//кен кем//ген//гем//жам//жем//жым гомогенді түбірлерінен екенін, екінші компоненттегі гір дыбыстық өзгеріске ұшыраған өзен, ағын мәнін беретінін башқұрт, венгр, манси тілдері деректері арқылы анықтайды, яғни гидроним өзен-өзен деген мағынаға ие деген пікір ұсынады [6; 102-104]. Ал бұл бір гидронимде бір ғана мән қабатталып келетінін көрсетеді.

Қарағанды гидронимдері түрлі факторлармен уәждеделген:

1. су нысандарының түрлі қасиеттеріне, яғни судың түсі, судың дәмі, су көзінің көлемі, формасы сияқтыларға байланысты, мысалы, Ақсу, Қарасу, Ащыбұлақ, Түзкөл, Сабақсу, Шолақ Еспе, Обалысай, Табақбұлақ т.б.

2. су көзінің айналасындағы флора және фаунаға қатысты немесе фитогидронимдер мен зоогидронимдер, мәселен, Тобылғысай, Қаратал, Аршалы, Нарөлген құдығы, Қозыбұлақ т.б.

3. географиялық терминдерге байланысты: Көкөзек, Бауырөзен, Құрөзек т.б.

4. антропогидронимдер: Дүйсен, Оспан, Сүтемген, Чкаловское, Бейсембай, Нұрмағамбет су қоймалары т.б., осы қатарда көптеген бұлақтар мен құдықтарды атауға болады, мысалы, Олжабай, Арғынбай бұлағы;

5. басқа топонимдерге негізделген: Бесқора, Самарское су қоймалары, Талдыбұлақ, Қызылқой, Соқыркөл т.б.

6. адам іс-әрекетімен байланысты: Қатқан көл, Поливное су қоймасы,

Бұл аталған су нысандарының көбінің көлемі шағын, жекелеген аудан, ауыл төңірегінде ғана белгілі.

Қарағанды облысының гидронимдерінің құрылымдық-морфологиялық ерекшеліктері ретінде төмендегілерді атауға болады:

1. Зат есімдерден жасалған атаулар: Бабан, Тұматай, Шопа, Атаман (бұлақ), Босаға, Бұрма сияқты дара онимдермен қатар, күрделі тұлғалар да кездеседі: Сабақсу, Қаратасай

2. Сын есім гидронимдер: Теректі, Үңірек, Қурайлы, Шортанды, Жыланды т.б.

3. Есімше мен етістікті тіркестен жасалған гидронимдер: Қатқанкөл, Елқонды, Батасойған, Аурукеткен,

4. Есім сөз тіркесті атаулар: Жалғызқұдық, Қосқұдық, Үшбұлақ, Бесқұдық.

Сонымен, Қарағанды облысының гидронимдері негізінен ана тіліміздің байырғы сөздерінен жасалған, басқа тілдік қабатқа қатысты атаулар аз. Гидронимдер а.алитикалық және синтетикалық жолмен жасалғаны байқалады. Күрделі гидронимдер құрамында термин-индикатор ретінде көл, бұлақ, құдық, сай сөздері жиі кездесетіні байқалады. Сондай-ақ -лы жұрнағының фонетикалық нұсқалары арқылы жасалған гидронимдердің де саны біршама, мысалы, Шортанды, Теректі, Қурайлы, Талды, Аршалы, Жыланды т.б.

Қарағанды облысының географиялық каталогінде 21152 оним берілген, осы дереккөздегі гидронимдердің жалпы сипаты осындай.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жанұзақов Т. Ұлы Дала атаулары. - Ономастикалық хабаршы, №1 (31), 2016. – Б. 4-9.

2. Брайловская Ю.П. Принципы классификации гидронимов Луганщины. – Вестник ДонНУ. Серия Д.: Филология и психология, 2020. - №1. – С. 70-75.

3. Фролов Н.К. «Семантические модели русских и угорских гидронимов Нижней Оби». – 2005.- С. 395.

4. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3.- Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 524 б.

5. Қондыбай С. Алтай, Ертіс, Зайсан. - <https://www.oner.kz/culturology/view/8967-sericbol-kondyбай-altaj-ertis-zajsan>

6. Жанұзақ Т. Құрамдарында гомогенді көне түбірлер сақталған гидронимдер. / Қазақ ономастикасы. – Павлодар, 2008. – 240 б.

**ӘНУАРБЕК ЕРАЛЫ,**  
*Мәдениет қайраткері*

## **АҚМОЛА ӨңІРІ – ҚЫЗЫЛТОПЫРАҚ БОЛЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР**

**Қазақ халқы тәуелсіздік алғалы елін тану үшін көптеген әрекеттер жасауда. Соның ішінде өзінің шығу тегін, жерінің, тілінің, мәдениеті мен салт-дәстүрінің бірлігін танып білу.**

Ресей империясы қазақ жерін генерал губернаторлыққа бөліп, қазақ жерін өз меншігіне алды. Қазақ ауылдарын нөмірлеп тастады. Орыс переселендеріне берілген жер аттары орысша аталатын болды. 1916-21 жылдарғы ақтар мен қызылдардың қырғынына ұшыраған қазақ жұрты, сол жылдарғы ашаршылыққа тап болды. Содан кейінгі жылдар да қазаққа ауыр тиді, аштан өлемеген қазақ отбасылары (*Себкрайға*) Сібірге жаппай көшті, біразы жолда аштан өлді, қалғандары жаңа ашылып атқан (1929-32 жылдары) *Бестөбе, Жолымбет, Степняк* алтын кеніштеріне жұмысқа түсті.

Кеңес үкіметінен бұрын *Қызылтопырақ* болысы кеңестер кезінде *Азат, Сталин, Алексеев* ауданы атанды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1993 жылдан «Тіл және мәдениет» қоғамының талаптары бойынша *Ақкөл* ауданы болып тарихи атын қайтып алды. Сол жердің ерекше атауының бірі *Моншақты* еді. (*Моншақты* деп қоюғызу керек еді, деген ұсыныс кеш түсті).

Ақкөл көліне алыстан көз тастасаң арғы бетіндегі қыраттар тізіліп тұрған моншаққа ұқсаған дейді қариялар.

Кейбір аңыздарда Баян сұлу мен Қозы көрпештің әкелері осы маңды мекендеген екен. Екеуі қосыла аламған соң елден жыраққа қашып кетеді ғой. Сонда моншағы, домбырасы осы маңда қалған көрінеді. Моншақты, домбыралы, балталы, бағаналы жер атаулары осындан қалса керек. Балталы, бағаналы ел аман бол дейтін шумақтары да бар. Балталы, бағаналы деген де жер аттары (Балта, Балға руы да бар) болған деседі көнекөз қариялар. Сонымен қатар бұл жөнінде жазушы Жайық Бектұровтың кітабында айтылады.



Кеңес уақытына дейінгі кезде Қызыл топырақ болысына (оған қазіргі Шортанды, Ерейментау, Целиноград, Ақкөл аудандарының жерлері кірген) мынандай ауылдар қараған дейді Омар Нұрымжанов. («Қараөткел» газеті 13.11. 1991 жылғы №22 санында) Олар: Ақшоқы, Медет, Намаз, Опан, Қоскөл, Сарбай, Орындық, Ажыбай, Мүке, Шуақбай, Бесқожа, Тоқмырза, Тұрсын, Қаражар, Бақы, Нағыман, Бекболат, Тақбай, Күнтуар, Естаула, Мақар, Бәжсек, Тастыкөл, Қақсал, Молла Шәріп, Қиқара, Тәті, Елеш, Тайпақ, Жебеке, Қына, Дауылбай, Шаңдақ, Майташ, Бөрші, Өскембай, Қыз, Қоралыкөл, Жаманшұбар, (Қоралыкөл мен Жаманшұбар біздің Бұланбай, Қали аталарымыздың қыстауы үлкен Майлан тауының солтүстігіне қарай Сілеті өзенінің жағасын, Кеңөткел маңын жайлаған екен) Қырғыз, Жармақ, Кәкімжан, Бәстен, Ақылбек, Емен, Молақ, Шоқай, Өтек, Нұреке, Ешкіөлмес, Ботантай, Еркесары, Қарағайлы, Үлкен Жаушоқы, Орта Шоқы, Кіші Шоқы, Іргебай, Машақбай, Жұмағұл, Жұмабай, Шетек, Алшынбай, Кішібатыр, Әлдебай, Иса, Мұса, Қуандық, Жаңыл, Жүкен, Қадыр, Садыр, Өтеген, Тайбасар, Арғын, Тегеріш, Ыбарай, Сары, Бақтыбай, Ерқасқа, Бәймен, Сарт, Бұрас, Қиянбай, Жарқайық, Мажыра, Ажы, Қарабұлақ, Көпек, Нұрмағанбет, Қасанай, Бес үй, Мұстафа, Сыртқы ауыл, Жанбике, Жолымбет, Көтен ауылы, Балақ, Шонтақ, Әмірсейіт, Ақбан, Шілікбай, Ыбырай ауылы, Игілік, Сүйіндік, Жүзбай, Құрама, Қарамұрын, Сәрсен, Данияр, Нұрбай, Үш бұлақ, Қозы, Барап, Кіші Барап, Домбыралы, Сақал, Шағатай, Сүйебай, Кеңесбай, Бозғылан, Қырыққұдық Алшын, Елшібай, Қошқарбай, Айтбай, Рамазан, Қарақалпақ, Қален қажы ауылы, Сарқамыс, Тілеумет. Барлығы 134 ауыл болған екен.

Ақмола облысының жері сұлу да, құнарлы жерге бай, әрі өзенді, көлді, орман-тоғайлы аймақ. Облыстың ертеде ел аузында бар жер-су аттарын қағаз бетіне түсірсек, нелер бір әдемі, әрі тарихи мәні бар жер-су аттарын кезіктірер едік.

Бұл өңірде аттары да, заттары да ертедегідей сұлу Моншақты, Домбыралы, Құндызапай, Күншалған, Мақпал, Қонай, Бүркітті деп аталатын қалың орманды таулар бар. Бұлардың іргелерінен күмістей мөлтілдеген бұлақтар ағып жатыр. Атақты Бұланды қарағайы кімнің көзін қызықтырмайды. Қазақ ертеден құлан мен бұланды жақсы білген. Құланды бүгін де өсіріп жүрміз. Ал бұлан ұмыт болып барады. Егер жерімізде мұндай жануарлар болмаса, ана Макин қаласы бауырындағы атақты қалың қарағай Бұланды деп аталмас та еді. Белгілі ғалым

Ақжан Машанов Мұхаммед Әл-Фарабиді ғылыми түрде зерттеген адам. Ақжан ағаның зеттеулерінеде *Планетаның қазақшасы – Сайран екен де, металдың қазақшасы – Мәден екен. Сатурн – Санжар, Макинка де Мәтен* де не орыстың не қазақтың түсінігіне келмейді деп, аудан аты қабылданбады. Содан соң, Мәтеннің атын бір кездерде осы маңда Бұлан көп болған екен деп- *Бұланды* ауданы атанды. *Қазақша Мәден деген - Металл*. Қазақ баласының атын мәден деп қояды, Мәденов деген фамилиялар да бар. Сол маңайда ерте кездері бабаларымыз алтын, күміс, темір өндірген. Бұл асыл заттарын орысша метелл дейді. Қазақшасы мәден екен. Қазіргі *Бұланды* ауданы өңірінде *Степняк, Ақсу, Ақбейіт, Бестөбе, әріқарай Жолымбет, Торғай, Ешкіөлмес алтын* кеніштері бар. Одан бұрынғы замандарда жер атаулары *Қырыққұдық* – орысша *Черняховский совхозы, Мыңшұңқыр- Новомарковка*, сол жерден 10-15 шақырымдай жерде *Кеңөткел* деген жерде алтын өндіргенін Еуарзия университетінің ғалымдары 2017 жылы қазба жұмыстарын жүргізіп дәлелдеді. Қазақстанның барлық аймақтарында түрлі-түсті мәдендердің бар екені аян. Қазақстан қазаба байлықтан дүние жүзінде алғашқы бестікке кіреді.

Ақмола маңында мола деп аталатын жерлер бар. Мысалы, Астанада қырық шақырым *Семеновка* деген селоның бұрынғы аты *Тасмола* аталыпты. Демек, осы жерде тастан салынған молалар болған. Қарауыл ақын айтқандай, Ақмоладан солтүстікке қарай 70 шақырымдай жерде *Қызылмола* дейтін жер бар. Шортанды астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының батысына қарай 14-15 шақырым жерде. 1929 жылға дейін арғы беттен, *Ақкөл* жақтан жаз-жайлауға көшіп келетін керей жайлауы, бұлжер. Көп ауыл *Дамса* өзенінің Ақмола жақ сол қанатында отырса, *Қызылмола* осы өзеннің өткел аузындағы оң жақ қатпалында тұрады. *Ақмола* мен *Дамса* өңірі арасы тізеден келетін аппақ қау, бидайықты алқап болғанымен, *Қызылмола* зираты маңындағы шағын ғана бір мүйістің топырағы қызыл, жері қызыл қайнар. Дәл осы іргеде терең дөңгелек қара су бар. Қуаңшылық жылдары жұрт осы су жағасында мал шалып, тасаттық береді. Жайлауда қайтыс болған жетім-жесірлерді, елеусіз кемпір-шалдарды қыстаудағы зиратқа апармай, осы өзен жағасында жерлейді. Топырағы қызыл осы зиратты ел *Қызылмола* деп атайды.

Кенжебай, Бөгенбайда жатыр Сасық,  
Жайлау жоқ Балықтыкөлдей суы тұнық.

Ботантай, Қойматөбе бір жағында,  
Моласы Егізқыздың жатыр бұғып.  
Кенжебай жайлау қайда Бозайғырдай,  
Шыға тоқтап жатады мал қайырмай.  
Ақмола – Қызылмола арасында,  
Қонады керей-қыпшақ ірге айырмай.

Қарауыл ақынның «Ақмола – Қызылмола арасында, қонады керей-қыпшақ ірге айырмай» деуі содан. *Ақмола, Ақтасты, Аққұмбіртас Есіл* бойына жақын жер аттары. Сонымен осы күнгі (Целиноградтың) *Астананың* күнгейінде *Ақмола*, батысында *Тасмола*, теріскейінде *Қызылмола* деп аталатын жерлер бар. Бәрі де қазақтың дәстүрлі аттары. Қарауылдың өлеңінде «Кенжебай, жайлау қайда *Бозайғырдай*, Шыға тоқтап жатады, мал қайырмай» дейтін жері қазіргі *Төңкеріс* станциясы, *Елизаветинка* селосы. Елизавета орыс патшасы әулетінің бұзылған, азғындаған, содан бір полковникпен жер аударылып келген бір әйел жыныстының есімі болса керек. 1929 жылы Ақмолаға темір жол келгенде бүгінгі жаңашылар ежелгі Бозайғыр атын менсінбей станцияға *Төңкеріс* деп ат қойған. Сонымен *Ақмола, Тасмола, Қызылмола, Қараөткел, Кеңөткел, Тасөткел* ежелгі жер аттары. Бұларға жаңадан қайта ат қоюдың қажеті жоқ.

Моншақты тауының, *Ақкөл – Алексеевка* сыртының қалың қарағайлы шың басы ертегі – аңызда әулие түнеген, кейін Асан-қайғы жау қолында қаласың-ау, алып кетуге ат сауырына сыймайсың-ау деп өкініп, жылап өтті дейтін сұлу жер. Патша үкіметі өткен XVIII ғасырдың аяқ кезінде-ақ осындай ғажап аймақты қазақтан тартып алған.

*Ақмола облысы Шортанды* стансасының бұрынғы орыны керей *Кенжебай* деген бай кісінің жайлауы болған екен.

Осы күнгі «*Подлесный*» совхозы деп атап жүрген селоның орысша аты *Ивановка*, қазақша аты *Көптомар*. Бұл төңірек қазіргі Шортанды ауданына қарайды. Осы тұста ежелден *Қойматөбе* аталған шағын бір адыр бар. Төбеге мұндай атақ тегін берілмесе керек. Бұрынғысын кім білсін, біздің тұсымызда бұл қойма-төбенің не іргесін, не төбе басын ешкім қазып көрген жоқ. *Дамса* өзенінің *Тастыөткелі* тұсында, өзеннің оң жағасында адам қолымен қалағандай шағын-шағын тас пен топырақ аралас көк бұйраттар бар. Бұларды қазақ «қалмақ қоймасы» дейді. Бұл жер де әлі зерттелген жоқ. Бәлкім, осынау адыр-төбе қоймаларында

расында да ескі заманның құнды заттары сақталуы ғажап емес. Нелер аңыз-хикаялардың шындыққа соғатыны белгілі. *Дамса* өзенінің Шортанды институтына таяу оң қабағында ертеде қол ұстасып суға кетіп өлген егіз қыздың қара обасы бар. Бұл өр басы *Егізқыз* деп аталады. (Жайық Бектұровтың кітабынан үзінді).

Осы өңірге есімі белгілі Бұрас керей Тұрлыбек Көшенов жеті дуанға сөзі өткен Сібір генеал – губернаторының кеңесшісі болды. Сол заманның өзінде ескіше (арабша) хат таныған сауатты азаматтар болған. Ежелден қазақ жерінде елге ақылшы өнегелі азаматтар мол болған. *Олар Қызылтопырақ болысы, Моншақты-Ақкөл тарихында да көптеп саналады. Олар: Сайтқожа қазырет, Шәймерден, Бекежан, Ғұбайдолла молла-лар, елге уағыз айтып отырған. Осы өңірдің қазақтары мамандық алып, ел арасында қызмет жасаған. Рақыш Сейітов, Құлболды Жұмағұлов, Жәуден дәрігер, болыстың хатшысы Арынғазин, Ахметжан Елтоқов, Әлхан Мұқанов, Зәкәрия Бекежанов, Долдаш Әлисов, ал Қамаридден Ахметуллин адвокат болған. Сондай-ақ Жақынбет Бектасов атақты балуан болған, ол кісі тоғызқұмалақ пен дойбыны керемет ойнаған екен. Қайдар Нөгербеков ағып тұрған шешендігімен бірге, шежірені де жатқа жатқа білген, Қаппас Ақшалов серілігімен танылған, тіпті ақындығы басым болған. Хамит Нұрымов қазан төңкерісінен бұрын 15-16 жасында мұғалым болған, бертін «Озат ұстаз» атағын да алған. Аманбай Әлиев, Есім Келденев, Кәрібай Бекмағамбетов сияқты білімділер молынан болған, олардың алдында атақты Паң Нұрмағамбет, Шәріп, Қазтайлар бар.*

Қызылтопырақ болысын басқарған Шәріпке -12 мың жылқы біткен Мәтінің ұрпағы Мұсабектің баласы. Қызылтопырақ болысының азаматтары 1916 жылы патша үкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастырған. Олардың бірі – Нағымен қажы, екіншісі - Алдан қажы Еркебұланұлы. Осы екі адам бастаған көтерісшілер патша әскеріне қарсы кескілескен ұрыстар жүргізген.

Жер атының бұрынғы қазақша және кейінгі орысша атаулары:

*Ерқосы – Ивановский, Баймырза – Даниловка, Қырыққұдық – Черняховский, Ақшоқы – Минский, сол жерді мекендеген қазақ «Ирек адыр» деп те атаған. Қына – Искра, Малшора – Урюпинка, Тастақ – Наумовка, Манақа – Филиповка, Кемеркөл – Виноградовка, Найзақара – Черный пик, Опан – Антоновка, Бестоғай – Фрунзе, Сарытерек - Максимовка, Тасмола – Семёновка, Көптомар – Подлесный, Байман ауылы – Трудовой,*

*Мыңшұқыр – Новомарковка, Қойарған (нақты атауы Қой арыған) – орысшасы Софиевка.* Софиевка мен Заречная маңына орыстар Столыпеннің реформасынан кейін 1870-80 жылдары келген. Сол жердегі қазақтарға орыстың ықпалы қатты әсер етті.

Астанада Софиевкаға 5 шақырымдай жетпей «*Сары бұлақ*» бұлағы бар. Бір замандарда сол маңда Сары әулие болған деген аңыз бар. Сол бұлақтың да маңындағы балшықтың да емдік қасиеті зор дейді. Софиевканың маңынан Сілеті өзені өтеді. Одан кейін өзеннің терістік шығысқа қарай бұрыла бейімделген тұсы «*Ақсай*» атанған. Сол маңда кезінде Жолымбет алтынын қорыту үшін ізбес тасы өндірілді (известь). Одан әріректе, *Софиевка* селосы, орыс тығыз орналасқан жер. («*Софиевка*» қазақша аты «*Қой арыған*»). Сол жерде жайылған мал семірмей арықтайды, өйткені известь шөптің құнарын жеп қояды.

Кейбіреулер сол маңда ертеде қойды айырып, Ақмолаға сатады екен дейді. Ақмоланың маңы толығымен жайылым, қандай малға болса да жайлы. Жан-жақтан сол жерге қойдың семізін айырып сатуға апарады деу санаға қонымсыз.

Ал әрі қарай 20-25 шықырымдай жерде Үлкен Майлан тау, Кіші Майлан тауы дейтін төбешіктер бар. Соның екі арасында «*Кеңөтел*» деген жер бар. Екі таудың арасында шөбі шүйгін, құнарлы. сондықтан сол маңда мал тез қоңданады, семіреді, яғни майланады. Сондықтан сол жердегі қыратты біздіңше тауды «*Майлан*» деп атаған.

Менің ата-бабаларым Ақмола облысы Қызылтопырақ болысы, теріскейінде «*Ащылыайрақ*», «*Жолымбет*» жайлауы, шығысында Сілеті өзені аралығында өмір сүрген. Нақтылап айтсам, «*Майлан*» тауы мен «*Жаман-шұбар*», «*Қоралы көл*», «*Кеңөткел*» маңын жайлаған.

Сілеті өзені бастауын Бозайғыр көлінің шығыс жағынан 15 шақырым жердегі бұлақты *Қарасай* мен қазіргі *Елизаветинко* селосының 7 шақырымдағы қыраттардан ағатын көптеген бұлақтардан алады. Бұл жерде ерте кезде қалың ел тұрақтаған. Бұл маңды ертеректе «*Бесмола*» деп атаған екен. Сілеті өзені солтүстік шығысқа қарай 407 шақырым ағып барып, облыс жерінен асып, өзімен аттас *Сілеті-Теңіз* деп аталатын көлге құяды. Негізгі табаны 330 шақырым шамасында Ақмола облысын аралап өтеді.

Өзеннің бастау тұсынан бастап оң жағынан ұзындығы 25 шақырым Қоянды өзені, оған дейін (орысша аты *Аполоновка*) Қасқырлы «*Балдырған*» өзені құяды.

Келесі сала Ереймен қыраттарынан бастау алатын *Қарасу мен Жартас* деген екі кішкене өзенді біріктіріп Ақмырза атанып, оң жақтан қосылады.

Күлшін бөгеті, оның көлі осы «Балдырғанда» тұр. Бұдан әрі өзен «Тасықкөл» аталған. Бұлай аталуы жаз айлары өзен тыныш жатып, жазғытұры қар суы қосылғанда аласұрып қатты таситындығына байланысты болуы керек.

Сілеті өзенінің сол жағын қоныстанған Керей, Қыпшақ руларының аталары 1932 жылы Күлшін маңын мекендеуге келіп жайғасқанда, алғашқы құрылған колхоз «Тастыкөл» деп атауы осы *Тасықкөлге* байланысты болуы мүмкін.

Одан кейін өзеннің терістік шығысқа қарай бұрыла бейімделен тұсы «Ақсай» атанған. Ақсайдың сол жақ жағасында Керейлердің *Байтума, Дәулетбай, Жаңбыршы, Бұланбай, Жаман-шұбар* ауылдары орналасып, өсіп-өніп, қанат жайған. *Приречное* поселкесі осы өзеннің оң жақ бетінде орналасқан. Осы тұстан бастап өзен «Сілеті» атанады. «Приречное поселкесінің күн шығысында «Майлан» тау тұр.

**Сілеті** өзеніне келіп құятын өзен салаларының атаулары мен ұзындығы.

<b>№ Өзен-салардың атауы</b>	<b>Ұзындығы шақырым (км)</b>
1. Қоянды өзені	25 шақырым
2. Ақжар	55 шақырым
3. Ақмырза – Жартас өзені	97 шақырым
4. Ащылыайрық өзені	96 шақырым
5. Кедей өзені	91 шақырым
6. Киікбай өзені	45 шақырым
7. Шилі өзені	41 шақырым
8. Ақсу өзені	82 шақырым

Керейдің ішінде, Сағнайдың Нұрмағамбеті – бұл кісіні кезінде мінезіне, байлығына, салтанатына, бәлкім менмендігіне қарап жас кезінде ақ Паң Нұрмағамбет деп атап кеткен. Оны өз төңірегіндегі тұстастары «Жарты патша» деп атаған. Оның қонысы ежелгі атамекені Ақмола облысының бұрынғы атауы Қызылтопырақ болысы, қазіргі *Степногор* қаласының жанындағы *Қарабұлақ* маңы. Бұл маң кезінде *Моншақты – Азат – Сталин – Алексеев*, тәуелсіздік алған соң – Ақкөл ауданы атанды. Ашамайлы керей Нұрмағамбеттің әкесі Сағанай,



Сағынайдың әкесі Ес. Бұлардың ата-қоныстары Степногор қаласының Ақсу өзенінің өңірі, мүрделері де сол маңда. Паң Нұрмағамбет дін жолын да ұстанған, бірнеше рет Меккеге қажылыққа барған адам. Бір барғанда Шам (Дамаск) шаһарынан, Меккегі қажылыққа келген қазақтар киындық көрмесін деген ниетпен үй сатып алған. Тәуелсіздік алған жылдары жазушы Әскен Нәбиевтің баласы Марат Әскенұлы Паң Нұрмағамбеттің басына ескерткіш белгі қойды. Қазақ елінде өткен ғасырда өткен «тайный советник», жеті дуан үстінен қараған жарты патша деп атаған Көшенұлы Тұрлыбек те Ашамайлы керейдің Бесқара руынан тарайды. Тұрлыбек атамыздың төртінші ұрпағы Хамаридден Ахметуллин Моншақтыда, Азат ауданында совет қызметкерлерінің бірі болды, қартайып Ақмолада қайтыс болды. Бесінші ұрпағы Кәкен Хамаридденұлы Ахматуллин, Ұлы Отан соғысына қатысқан, Ерейментау өңірінің беделді азаматтарының бірі болған, алтыншы ұрпақтары, қазір Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

«Төл атыңды төреге де берме» деген халық даналығы текке айтылмаған болар. Қазақ айтса қалт айтпайды. Жердің тарихи атауларының қайтуына үлесімізді қосайық.



**ТЕМІРҒАЛИ АРШАБЕКОВ,**

*Қарағанды облыстық*

*ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі*

*мемлекеттік архив басшысы*

### **ХІХ ҒАСЫРДА ЖАҢААРҚА ӨҢІРІНІҢ ЭТНОТОПОНИМДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

ХУІІІ ғасырда Ақтау жерін Арғын Алтай тайпасын басқарған Сайдалы Барқы Нияз батыр жайлады. Орта жүз елінің шоқтығы биік тұлғасы, Әбілмәмбет ханның бас кеңесшісі әрі елшісі Нияз батыр туралы зерттеулерімізді арнайы әңгіме ретінде жариялап отырмыз.

1740 жылдан бастап Орта жүз рулары орыс патшалығының үстемдігін мойындады. Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан және Нияз батыр бастаған делегация Орынборда кінәз, генерал-лейтенант Василий Урусовпен келіссөз жүргізді. Әбілмәмбет пен Абылай басына құран көтеріп, Ресей патшалығына бодан болуға ант етті. Осы кезеңнен бастап, орыс мұрағаттарының құжаттарында Жаңаарқа жері туралы бірді-екілі деректер кездесіп отырады.

Орыс тарихында алғаш рет Петербор Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, экономист, географ, тарихшы П.И.Рычковтың (1712-1777) «Топография или описание Оренбургской губернии» атты еңбегінде Жаңаарқа жеріндегі Ақтау таулары аталады [1]. Одан кейін 1771 жылы академик И.П.Фальктің ұсынысымен қазақ даласына саяхат жасаған Христофор Барданес Жаңаарқа жеріндегі Сарысу өзенінің бойымен жүріп өткен.

*«...14. Река Сарасу вершины свои имеет из гор Бугулытакгай, как мне доводилось слышать, но о горе Актау, иль Арытау (Ортау – I.I) не мог я от киргиз уведомиться, о чем воспоминается в 1 части «Топографии Оренбургской» на странице 227...» [2].*

Ал 1803 жылы қазақ даласы арқылы Бұхараға саяхат жасаған поручик Я.П.Гавердовский Ақтау тауларын аралап, былай деп тамсана жазды:

*«Гора Актау лежит почти в самой середине главного направления Буглытагайских хребтов и есть из числа превосходнейших гор степи Кир-*

*гизской. Снег в ущельях ее лежит почти чрез все лето. Лес растет в изобилии, вытекающие к западу ключи составляют источники рек Сарасу и Нуры, а на восток – ниспадающие родники. Она имеет около 50 верст в окружности; многие знаменитые ветви гор Буглытагайских берут свое начало от ее гордой вершины.» [3].*

Жаңаарқа жері туралы ресми мәліметтер қытай империясы және орыс патшалығының жазба деректері бойынша ХУІІІ ғасырдан белгілі. Мысалы, Жаңаарқа жеріндегі Қарағаш орманы жөнінде 1762 жылы орыс ғалымы П.И.Рычковтың «Топография Оренбургская» атты еңбегінде айтылады (1). 1771 жылы академик И.Фальктің тапсыруымен қазақ жеріне саяхат жасаған Христофор Барданес «Киргизская или казацкая хорография» атты еңбегінде «... имеется не в дальнем расстоянии от устья упоминаемой в «Топографии Оренбургской» лес Караагач» деп Қарағаш орманы туралы дерек қалдырды 1796 жылы казак атаманы подпоручик Д.Телятников және сержант А.Безносиков арнайы тапсырмамен Тәшкенге шеккен сапарында Нұра өзені бойымен 55 шақырым жер жүріп, 22 шілде күні Қарасерке, Қарағаш межелі аумағына жеткені жөнінде жазған. Жердің сортаңдығын, бұлақтардың көптігін, шауып алуға жарамды шөптердің молдығын, талды, көктеректі, қайыңды орманның бар екенін атап көрсеткен. Келесі күні, 23 шілдеде орманның арасымен жүріп отырып, 35 шақырымнан кейін Жақсы Толағай тауының қарсысындағы Сарысу өзеніне құятын бұлаққа жеткен. Жүрген жолындағы орманның ағаштары құрылысқа жарамдылығын, жерінің құм екенін және сорлардың көптігін баяндаған. Бұл жерлерде Тама болысының билеушісі, Уәли ханның туысы Мағал сұлтан көшіп жүреді деп жазған .

Ш.Уәлихановтың еңбектері жинақтарында Жаңаарқа жеріне байланысты назар аударарлық бір дерек бар. Тәшкен құшбегісінің қазақ жеріне бекіністер салынуына қарсылығын білдіріп, Батыс Сібірдің губернаторына жолдаған хатында қытай әскері Абылай хан заманында Орта жүз мұсылмандарымен келіссөз жүргізіп, Қарағаш шатқалында өз белгілерін тұрғызып, қалдырып кеткен деп айтылады. Ал, 1862 жылы қазақ даласындағы жергілікті халықтың әдет-ғұрпы мен билік жүйесін зерттеу мақсатында ұйымдастырылған И.Яценконың экспедициясының құрамында болған Шоқан Уәлиханов қазіргі Жаңаарқа ауданындағы Жұбан ана күмбезі туралы оны сол өлкеге белгілі Қарағаш дейтін жерден 57 шақырым қашықтықта деп атап көрсеткен [4].

Ресей үстемдігіне дейін Жаңаарқа өңірі тұрақты елді мекені болмағанымен, белгілі қазақ ру-тайпаларының жаз - жайлауы, қыс – қыстауы болған. Сонымен қатар, Жаңаарқа жерін басып, Ұлы Жібек жолының көп тармағының бірі - Кендірлі көш жолы өткен. Ертеде Есіл мен Ертістің бойындағы қимақ, қыпшақ, қарлықтарды, бертінде Орта жүз руларын Түркістан өлкесімен байланыстырып тұрған күретамыр іспеттес бұл жол Ақмола маңынан басталып, Құланөтпес арқылы Байатар көліне, одан Қарағашқа бірақ түсетін болған. Қарағаштан әрі оңтүстікке қарай жол Жосалы өзенінен өтіп, Қаржаспайдың бейітін басып, Үлкен Толағайды айналып, Сарысудың өткеліне келеді. Жолдың одан арғы бағыты – Тілеміс бейіті, Ақбастау көлі, Тоқабай құдығы, Бозкөл, Қаракөл, Тасқұдық, Топар бейіті, Қызылеспе арқылы Үшкөлге шығады. Бозқақ тұзынан кейін шөлейіт басталып, жол құм арасымен жүреді. Тобылғылықоңыр, Жиделіқоңыр, Борсыққұмды кешіп, Сәмен құмына түскенде Бетпақ шөлінің солтүстік табанынан шығады. Дәл осы тұсты Кендірлі деп атайды, осы жердегі бұлақ та Кендірлі аталады. Кендірліден батысқа қарай он шақырым мұғдарында атақты таңбалы тас тұр. Жолаушы бұдан таза оңтүстікке тартып, Ноғайқұдық, Итаяқ моласы, Шалакеспенің құдығы деген белгілі жерлермен Шу бойына ілігеді. Тайөткелден соң Көкше құмымен Созаққа келеді. Ақмоладан Созаққа дейін 800 шақырымнан астам жердің 120 шақырымы Бетпақ шөлі.

Жаңаарқа жері 1824 жылы ашылған Қарқаралы округіне жататын. Бұл округке қарасты 18 болыстың ішінде ұрпақтары Қарағашты қоныстаған Қарпық, Алтай, Алсай, Найман болыстары болды. Алсайлықтар ол кезде жеке болысқа шоғырланған болатын және сол жылдардағы санақ бойынша 2343 еркек, 3124 әйелден тұратын 781 шаңырақ, 14 ауылды құрады. Басқарушысы би Бәйеш Есенгелдин болды. 1839 жылғы архив құжаттары бойынша, Қарпық рулар бірлестігі тінәлі-қарпық (болыс билеушісі – сұлтан майор Арыслан Құдаймендин), тоқа-қарпық (сұлтан Бек Құдаймендин), айтқожа-қарпық (би Сапақ Тәңірбергенев) болыстарынан тұратын. Тама болысын би Қылыш Итемгенов, алшын-жағалбайлыны – би Ертай Алтыбаев басқаратын [5].

Жаңаарқа өңірінің негізгі тұрғындары Арғын ішіндегі Алтай руының XVIII ғ. басындағы Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұламадан кейін Сарыарқаны қалай қоныстанғаны жайлы дерек Ф.А.Щербина экспедициясының материалдарында баяндалады:

«О заселении киргизами /казахами/ Каркаралинского уезда записаны со слов Мухамедча Иткара из Берккаринской волости следующий рассказ:

Киргизы /казахи/ жили давно в Каркаралинском уезде, вытеснив из него калмыков, живших здесь до прихода киргиз /казахов/. Часть их, прожив здесь немного лет, уходили в Сыр-дарьинскую область, откуда пришли, но после джута, названного *актабан чубурунды-алкакуль сулама*, снова возвратились назад чуть не пешком.

Первыми пришли 40 кибиток из рода Темеш /Алтай/, застали киргиз рода *Найман* ... 40 кибиток шли впереди родов *Алтай* и *Каракесек*, с ними же пришел султан *Букей*... Т.о., роды *Алтай* и *Каракесек*, вернувшись в Каркаралинский уезд, здесь застали *Найманов*, отсюда вытесненных первыми подобно калмыкам.

80 лет тому назад род *Каракесек* вытеснил род *Алтай*, ушедший в Ақмолинский уезд. В Каркаралинском уезде проживают потомки трех внуков Каракесека: *Майкы* (Нуринская и Токраунская волости), *Танас* (Аксаринская, Берккаринская, Кентская, и Темирчинская волости) и *Бошан* (Абралинская, Акчатавская, Акботинская, Борлинская, Кувская, Дегеленская, Эдрейская, Кзылтавская, Моинтинская и Сартавская волости).

В 30-х годах распространился по степи слух, что внук Букейхана подполковник Турсун (он же Джамантай) Чингыс обещал русскому правительству отдавать киргиз в солдаты и девушек для обучения в русские школы. Вследствие этого слуха многие киргизы опять откочевали в Сыр-Дарьинскую область в горы Каратау; наступившая после смерти Коканского хана смуты в его земле вынудили киргиз снова вернуться в Каркаралинский уезд. Здесь возвратившихся не пустили на ими же оставленную землю; они тогда обратились к суду биев, который признал право просителей на родовую землю. Т.о., каждый род остался на первоначально занятых местах, несмотря на переселения в Туркестан и обратно» [6]/МКЗП.Т.6./.

«Семен Броневский қызметке жаңадан келген Христофор Федоровичке 1824 жылдың 30 қарашасында Омбыдан жазған хатында: ...

Сұлтан Шама Абылайхановты Қарқаралы дуаны басқармасына қосуды приказға менің атымнан қанша рет қолдағанымды білдірсем де, бұл сұлтан өз әулетінің жоғары тұрғандығын алға тартып, Бөкеевтермен ешқандай ортақтас болғысы келмеуі себепті өз дегенінен қайтпайтын сияқты. Мұны қазір оның көшінде болып келген Г.Бубенов те дәлелдеп

отыр. Дегенменде, менің мәртебелі ием, өз тарапыңыздан Шаманы Қарқаралы дуанының қарамағына, тіпті жеке бөлім ретінде болса да, қосылуына көндіруге әрекет жасауды естен шығармаңыз. Ережеде бұған жол берілген. Сонымен бірге Қарқаралыға қарай көшіп келген алтайларды орналастырыңыз. Олар туралы хабарды өзіңізден ерекше қуанышпен қабылдадым.

Қарқаралы Дуандық Приказы атынан Заседатель капитан ... пен титулды кеңесші секретарь Елгин С.Б.Броневскийге 1824 жылғы 14 қарашада жазған Алтай болысының биі Жарылғап Сексенбаевтың Қарқаралыға көшіп келгендігі жөніндегі донесениесінде:

Қазақ халқының өтінішін еш қалтқысыз орындаудың және әділдік пен аялауға негізделген достық көңілдегі қонақжайлылықтың, халық үшін арнайы шығарылған Бас басқарманың мейірбанды қаулыларын басшылыққа ала отырудың арқасында, Қарқаралы Дуанын құруға бұл халықтың ынтасы біртіндеп артып келеді. Қараңғы дала халықын осы Басшылықтың нұсқауларына ыждаһаттылықпен иландыру қазірде өз жемісін беріп отыр.

Осы күндері бұл приказға манас-алтай болысының биі Жарылғап Сексенбаев келіп, Присудствие мүшелеріне өзінің руының ең сыйлы билері мен жүз ауыл мен мыңнан астам шаңырақтан тұратын қазақтарымен даланың алыс аймақтарынан Қарқаралыға, өзінің бұрынғы қыстауына көшіп келгендігін хабарлады. Сонымен бірге оларда әлі болыс сұлтанының тағайындалмауына байланысты осы Алтай болысына қаракесектік болыс сұлтаны Құсбек Таукинді сайлауға көмектесетін ниетін білдірді.

Алқарпықпен алтай болыстарының бір бөлігін басқаратын Құдайменді Есімхан жөнінде: ол қазір Бұғылы тауының тұсында қыстауға тоқтады. Ол Қарқаралының батыс жағында 150 верст жерде.

Би Жарылғап Сексенбаевқа өзінің қыстауына қоныстануына қарсы болмай, керісінше, тиісті кішіпейілділікпен оның келгенін құптадық. Приказ Құдайменды Есімханды болыстарымен бірге қаракесек болыстарының ортақ жайлауына қосу жөнінде тиісті шаралар қолданады. Сонымен бірге сұлтан Құсбек Таукинді алтай болысын басқаруға сайлау туралы хабарламаны да кешіктірмеуге тырысады.

... Сіздің Жоғарғы Мәртебеңізге Приказ осы жайттар туралы хабарды құрметпен жеткізіп отыр.

Заседатель Капитан ...

Секретарь титулды Кеңесші Елгин» /338-1-348/

В Каркаралинском округе выбраны в 1824 и 1825 годах волостными султанами

... 11-й, Алтайской волости (алысай и агыз рода) - Старшина Джарлыгап Сексенбаев. Выбран в 1826 и 1827 годах. /338-1-348/

1832 жылы 22 тамызда Ақмола округі ашылды, ал 1838 жылы Омбы облысы таратылып, Сібір қазақтарын билеудің жаңа жүйесі – Шекаралық басқарма ұйымдастырылды. Осы жылдан бастап, ауылдардан салықтың «жасақ» деген түрі жиналды. Оның мөлшері: 200 жылқыдан, 150 сиырдан, 150 қойдан бір-бір бастан болды. Аттың құны ол кездерде - 35, өгіздікі - 20, қойдың - 2 теңгеге бағаланатын.

Айтқожа-қарпық болысын 1832 жылдан бастап, Сапақ Тәңірбергенев биледі, бірақ ол 1838 жылы Кенесарыға қосылып, ауылдарымен көшіп кетті. Осы жылы Кенесары көтерілісіне белсене қатысып, үдере көшкен тоқа-қарпық болысы да ыдырап кетті. Жеке болыс болудан қалып, айтқожа-қарпық болысының құрамына енді. Тоқа-қарпық болысының ауылдарымен қосылып, іріленген айтқожа-қарпық болысын 1839 жылдан бастап, би Бабас Тайғарин басқарды. 1841 жылғы деректер бойынша, 10 ауыл, 620 шаңырақтан тұратын бұл болыстықтың жаз жайлауы Қарағашта, Есіл, Өлеңті, Шортанды өзендері, Сарыоба, Шыбынды көлдері, Көкпекті, Нұра, Құланөтпес өзендері, Шідерті, Мойылды, Өлеңті, Құндызды өзендерінің бойларында, Жаманшұбар, Бабатай, Қоңырадыр, Қызылжар, Қарғалы, Жамантөбе, Саумалкөлде болса, қыстауы Нұра өзенімен Көбетейден Балықты-Баятарға дейін және Шошқалы, Амантау мекендерінде болды. Жайлауы мен қыстауларының аралығы 350-400 шақырым жерді алып жатты. Бабастың өзі приказдан 240 шақырым қашықтықта, жаз айларында Нұра, Соқыр, Құндызды, Есіл өзендерінің бойымен көшіп жүрді. Қыстауы Қозыкөш, Бозайғыр, Шұбарда, Құматалы өзенінің аңғарында болды [7].

XIX ғасырдың 40-50-ші жылдары Қарағаштағы Аймысық-Көккөз жерлері сұлтан Бек Құдаймендиннің қыстауы болды. Жаз айларында Қарағашқа Кіші жүз елінің болыстары Ханкелді Бөріұлы мен Қылыш Итемгенұлының ауылдары жайлауға көшіп келіп жүрді.

XIX ғасырдың ортасынан бастап, Ортаудың терістігінен басқа жерлерін «Енең тоқасы» руының қазақтары иемденді. Бұл оқиға болыс басқарушысы Ескене ұлы Құлыбектің тұсында орын алған. Ор,



Аба тауларын Ескене, Досқана аталары, осы таулар мен Керегетастың аралығын Үшқоңыр, Балапан, Айту аталары, Кенеліден Көктіңкөліне қарай Күшікбай аталары мекендеген. Жыланды тауы мен Алтай Сарыобасынан Айса және Ақадырға қарай Жантүгелдер, Өспен тұсын Естемес руы, қазіргі 17,18,32 разъездер маңайын Жетімектер қоныстанған. 43,56 разъездер, Әлихан және Батық, Нарбақы аралығын Айту, Бәрдәлі аталары, Ақойға қарай Жантүгелдер, Ақойдан төмен Кенжеқара руымен жапсарлас Қарнақтар, Шотан төңірегін Бәйтерек атасы қоныстанған. Күйліадыр, Өкірген, Молқы бұйратынан Шотанға қарай Молқы руы жайлаған. Қарашоқыны – Тәсібек, Құлантөбені – Сеңгір, Жақсы Кенеліні – Сәмек, Көктіңкөлінің сағаларын: үшінші Ащыкөлдi – Әйдiнбек, екiншi Ащыкөлдi – руы Жетімек Найман, Жаман Кенеліні – Мұстафа иемденген. Аталған адамдардың бәрі де Бесім Тоқасының беделді елағалары болған. Алғашқы төртеуі - Күшікбай ұрпағы. Осы жағдайға дейін олар ағайын – туысқандармен бірге Қарамұрын, Нұра, Қырауқамысты паналап, Ақмолаға дейін көшкен. Жетімектер бұған дейін Тұздықөлге, Майқайыңға, Қалқаманға барып қыстап қайтып жүрген. Баянауылда Жетімек атты тау бар.

Ортаудың терістігін, Ақтау тауларын және Ақтаудан Манақа өзеніне дейінгі кеңістікті қалың Алтай Сайдалы руы жайлап отырды. Желтауды, Тасқоралы мен Қабантауды, Көкжартасты, Атығай-Қатпартасты, қазіргі Жамбыл кенішіне дейінгі жерлерді негізінен Алсайдың Мұғал, Битті, Баян аталары мекендеді. Шажағай өзенінің бойын Нұрбай руы, Үлкен Бүркітті мен Бала Бүркіттінің маңын, оңтүстігінде Қоңырқұлжа, Сарықұлжа, шығысында Бөрілі, Шегір, Бәйбіше тауларының аралығын, Сарыбалақ көлінің маңайын тарақтылар мен қоңыраттар қоныстады. Тарақтылардың бір бөлігі Атасу өзенінің сыртындағы Аюлы, Матақты мекен етті. Керегетас пен Тайатқан-Шұнаққа дейінгі жерлерді және аталған таулардың маңын Шұбыртпалы мен Қыпшақ рулары жайлады. Құтжанның Қаратөбесі мен кіші Қаратөбені, Манабай жартасына дейінгі аралықты, Мыңбай сайының сыртын Аралбай руы мекендеді. Аралбайлықтар Қалыбек руымен аралас Ақтау бекінісінің шығысындағы Жәмші өзенін, Қазансынған, Құлбасты, Аюлы адыр-төбелерін, Өгізтау мен Қоңырқұлжа тауларының арасын, Тайатқан-Шұнақтан Бетпақдалаға дейін жайлады. Аралбайдың Айсадан тараған ұрпағы Айдахарлы, Бала Айдахарлы тауларының арасын, Атасу өзенінің бойын мекендеген. Ке-



жектен, Таңсұлудан тараған ұрпағы және Қалыбек бұтағы Саңғыру, Алабас, Қалмаққырған, тауларын қоныстаған.

Бекшелер Атасу өзенінің бойын, Айдаһарлы, Бала Айдаһарлы тауларының жазығын жайлаған.

Тұңғатарлар Қызылтасты, Шот өзенінің бойын, Сұлутеректіні мекендеді. Тұңғатар ауылдарының старшыны қызметін атқарған Айдар Бапаұлының 1835 жылғы архив деректері бойынша, қарамағында 70 шаңырақ, 210 еркек, 280 әйел, 1825 жылқысы, 137 сиыры, 3100 қойы, 215 түйесі болған[9].

Қырғыздар Үлкен және Кіші Ақмаяны, Даратты, Саңғыруды, Қарабұйратты, Зәйімке, Мыржық, Темір өзендерінің бойын басқа рулармен аралас қыстады. Темір өзені руы қырғыз Байтемірдің есімімен аталған. Қырғыздар жайлаған жерлердің «Зәйімке», «Сәрсенбай», «Шүртебай», «Жиенбет», «Шонай», «Әжі-Божы», «Қарабұйрат», «Көп ұста», «Кіші Ақмая», «Балабек», «Шәуеш», «Батылай» көңдері деген атаулары бар.

Қылшалының арғы етегінде Құмадыр деген қалың бұйратты жер бар, сол жердің сай-сайының бәрі қыстау. Бұл жерлер Шуға көшпей, қалып қойған Тама елінің қыстауы болған. Мақажанның Ақжалы, Қарашаның Айнабұлағы, Атасу өзеніне дейінгі Шұбар Мақажан байдың құтырған сайы деп аталған. Шот өзенінің бойы, Жанайдың ақ төбесі, Исабек, Қылыш, Қаражалдың аржағындағы Кедей тауы, Сарысу өзенінің бергі беті Байырдың өзеніне дейін, шығыс жағы Бестауға дейін тамалардың жаз жайлайтын жерлері болған.

XIX ғасырда Жаңаарқа өңірін мекендейтін қазақ руларының жерлері 1832 жылы құрылған Ақмола сыртқы округінің құрамында болды.

Осы өңірді мекендеген қазақ руларының құрамы, көші-қонысы туралы мәлімет 1839-41 жылдардағы мұрағат құжаттарында сақталған.

Бұл құжаттардың бірінде Ақмола сыртқы округінің құрамына кіретін қазақ рулары болыстарының билеушілерінің тізімі берілген [10, 2қп-4п.]. Тізім 1839 жылдың сәуірінің 22-сінде жасалған.

Бұл құжаттан алатын құнды мәлімет – Жаңаарқа өңірін қоныстанған рулар жөніндегі деректер. Олар: тінәлі-қарпық (болыс билеушісі – сұлтан майор Арыслан Құдаймендин), қырғыз-төртуыл (сұлтан Байғара Дайыров), тоқа-қарпық (сұлтан Бек Құдаймендин), айтқожа-қарпық (би Сапақ Тәңірбергенов), мойын-алтай (би Тәті Жұманов), байдалы-алтай (Би Сайдалы Жаңбыршин), алысай-алтай (қуандық биі Баяғыззов), қареке-алтай

(би Тайман Бекташев), тама (би Қылыш Итемгенов), қойлыбай-шағрай (би Ірімшік? Есқарин), сайдалы-алтай (старшина Бектас Айыров?), төбет-темеш (би Бүк Т...ев?), енем-түнғатар (Құлыбек Ескенин), алшын-жағалбайлы (би Ертай Алтыбаев), алысай-алтай (би Бәйеш Есенгелдин).

Бұл тізімнен көріп отырғанымыздай Жаңаарқа өңірі аумағын негізінен Арғынның үлкені - Қуандық балалары (Алтай, Қарпық, Бөрші, Темеш) мекендеген.

Сонымен қатар, азшылықты құрайтын Ақмола сыртқы округінде осы кезде болған, деректе көрсетілген барлық болыстағы руларды (найман, қыпшақ, бәсентиін, тама, алшын, жағалбайлы) атап отырған себебіміз – олар, барлығы бірдей, Жаңаарқа өңірі аумағын мекендемегенмен, жазғы жайлауға шыққанда бастары түйісіп отырған. Ал бұл жайлаулар, кейін, келімсектердің келіп қоныстана бастауына байланысты даулы аумақтарға айналған.

Келесі бір мұрағаттық құжатта Ақмола сыртқы округінің құрамына кіретін қазақ болыстарының тізімі, әр болыстағы ауыл мен үй саны және руладың жазғы жайлау, қысқы қыстаулары туралы мәліметтермен бірге көрсетілген. Құжат 1841 жылдың 2 қазанында басталып, 29 қарашада аяқталған [11 .]

Болыс атауы	Әр болыстағы		Жазғы жайлауы қай жерлерде	Қысқы қыстаулары мен көші қай жерлерде
	ауыл	үй		
1	2	3	4	5
Аға Сұлтан, полковник Қоңыр-Құлжа Құдаймендин ағайын, төлеңгіттерімен	9	379	<i>Шідерті, Мойылды, Өлеңті, Есіл, Көкбекті, Құндызды өзендері бойында; Жамашұбар, Бабатай, Қоңырадыр, Қызылжар, Қарғалы, Жамантөбе, Саумалкөл және жартылай Нұра өзені бойында.</i>	Сұлтанның өз ауылы Есіл бойындағы Бабатай, Елтоқ мекендерінде, ағайындары мен төлеңгіттері Нұра бойындағы Бұғылы мекенінде қыстайды
Енем-Түнғатар	8	436	<i>Семізқыз, Қосағаш, Қоянды, Тектұрмас мекендерімен Шерубай-</i>	<i>Ақтау, Ортау, Алабас, Қотыр оба, Сары оба, Қазан-шұңқыр,</i>

			<i>Нұра, Топар, Есен, Құндызды, Көкпекті, Есіл, Қозыкөш</i> өзендері бойымен көшіп отырып, кейін қыстауға қайтады	<i>Ешкіөлмес, Жыланды, Керегетас, Қызылтау, Айдаһарлы, Ақши</i> таулары мен <i>Атасу, Манақа</i> өзендері бойларында
Қареке-Алтай	7	352	<i>Семізқыз, Қосағаш</i> мекендерімен; <i>Көкбекті</i> өзені бойымен, <i>Наршөккен</i> арқылы <i>Нұраға</i> шығып, <i>Есіл</i> бойымен көшеді	<i>Кіші Нұра</i> өзені, <i>Тектұрмас, Айтуадыр, Құмадыр, Апан, Қызыл шат</i> мекендері мен <i>Топар</i> өзені бойында
Мойын-Алтай	7	386	<i>Ботағара, Шешенғара, Елтоқ шат, Қызылжар</i> мекендерінде; <i>Нұра, Есіл, Құндызды, Қарағанды, Қоянды, Көкбекті</i> және жартылай <i>Қареке-Алтай</i> болысының жерлерінде	Бұл болыстың үлкен бөлігі <i>Енем-Тұнғатар</i> болысымен бірге қыстайды. Бір ғана ру <i>Мұрат Сасыққопа, Соқыр сораң</i> және <i>Байдәулет</i> мекендерінде тұрақты қоныстайды
Тінәлі-Қарпық	8	416	<i>Селеті, Шідерті, Өлеңті, Есіл, Мойылды</i> өзендері бойымен; <i>Қоңырадыр, Қызылжар, Қызылағаш</i> мекендерімен <i>Бүйрек талға дейін Бурктал</i> , одан әрі <i>Нұра</i> қарай, содан кейін қыстауға қайтады.	<i>Аққұм, Біртабан, Қарғалды</i> көлдері және <i>Көң</i> өзені бойында
Айтқожа-Қарпық	10	620	<i>Есіл, Өлеңті, Шортанды</i> өзендері, <i>Сарыоба, Шыбынды</i> көлдері, <i>Көкбекті, Нұра, Құланөтпес</i> өзеніне келіп, одан әрі <i>Аға Сұлтан</i> ның жерімен көшеді	<i>Нұра</i> өзенімен <i>Көбетейден Балықты-Баятарға</i> шейінгі, <i>Шошқалы</i> және <i>Амантау</i> мекендерінде

Алысай-Алтай	6	322	<i>Нұра, Есіл</i> өзендерімен <i>Наршөккең, Қосағаш, Семіз қыз</i> мекендерімен, <i>Соқыр</i> өзенімен <i>Жауыр</i> мекеніне дейін, одан <i>Ботағара</i> мен <i>Шешенғара, Борлықөл, Шідерті</i> өзендерімен, <i>Жақсы Нияз, Ақжар</i> мекендерімен, <i>Шортанды</i> өзені бойы мен <i>Балтағарға</i> қарай көшеді	<i>Қоңырқұлжа, Қарқаралы, Серектас, Түнғатар, Жақсы Құлболды, Сарытау, Далба, Баймырза, Сарымырза, Сырымбет, Сиырлы</i> мекендерінде
Тарақтылардың жартысы	2	46	Жазғы жайлаулары да, қысқы қыстаулары да <i>Енем-Түнғатар</i> болысымен бірге	
Темеш	2	22	<i>Есіл</i> бойымен, <i>Майбалық</i> көлі <i>Нұра</i> бойымен, <i>Чинет, Қосқона</i> и <i>Бортас</i> көлдері жағалауларын бойлай көшеді	<i>Нұра</i> өзені, <i>Чинет, Қосқона</i> және <i>Аққұм</i> көлдерінде
Байдалы-Алтай болысы	2	33	Тінәлі болысымен бірге көшеді. Болыстың көшетін жерлерімен	Тінәлілермен бірге қыстайды
Қырғыз-Төртауыл	1	32	<i>Майбалық, Талдықұм</i> көлдері және <i>Есіл</i> мен <i>Қозыкөш</i> өзендері бойымен	<i>Талдықөл, Чинет, Қосқона, Жалақ</i> және <i>Аққұм</i> көлдері бойында
Жатақтар	3	215	Ақмола елді мекенінің маңайындағы бәр бағыттағы 10 шақырымдық кеңістікте	
Аға Сұлтан		(мөр)	полковник Құдаймендин	

Бұл деректен шығаратын қорытынды - қазақтың бір руының ғана көшінің жалпы қамтитын жерлерінің радиусын алмай-ақ, тек жазғы жайлауы мен қысқы қыстауының ара қашықтығын алып қараса - 150 ден 300-400 шақырымға дейінгі жерді алып, негізгі қоныстары жоғарыда аталған аудан аумағында болмаса да көшу барысында осы аумаққа ден-

деп кіріп, өзендер мен көлдерді бойлай көшіп, төсекте басы, төскейде малы қосылып, аралас-құралас тіршілік етіп жатқанын көреміз. Мысалы: қазіргі Шет ауданы құрамындағы, бұрынғы Ағадыр аумағындағы *Ақтау, Ортауда* қыстайтын Енем-Түнғатар болысының рулары *Шерубай-Нұра, Топар, Есен, Құндызды, Көкпекті, Есілді* бойлап келіп, Ақмола қаласының батысына қарайғы *Қозыкөш* деген жерден бірақ шығады. Аудандарды айтпағанда бір ру бұрынғы үш облыстың - Жезқазған, Қарағанды, Ақмола жерін басып өтеді екен.

Келесі бір 1865 жылғы мұрағат құжатында Ақмола округінің құрамына кіретін болыстар, оларды құрайтын қазақ руларының жазғы көші мен қысқы қоныстары, ауыл, ондағы шаңырақ пен ер және әйелдердің саны тізілген [12.].

№	Болыс атаулары мен оның билеушілері, негізгі рулары	1865 жылдан 1868 жылға дейінгі санақ бойынша саны				Жазғы және қысқы жайлауы мен көші-қоныстары
		ауыл	шаңырақ	ер	әйел	
1	2	3	4	5	6	7
13	<b>Мойын-Алтай болысы.</b> Болыс билеушісі – Бакин. <b>Рулары:</b> <i>Меңдібай, Аралбай, Қармыс, Қоңыршұнақ, Қасымбек-Сармантай, Тарақты</i> , бұлардың ішіндегі белді ру - <b>Меңдібай</b> , себебі: басқалары осы рудың атымен аталған	7	899	2230	2149	<b>Жазғы жайлаулары</b> <i>Үлкен Италы? Құндызды, Жұрт? Есен, Құдайменді қарасу, Сары су, Манақа мекендерінде, Нұра өзені бойында, Ағашты көл, Сасық көл, ...абара саяқ сор, Балықты және Сұлу көл, Иманақ, ... чат, Қоңыр мекендерінде, одан әрі ...адыр ...</i> Қысқы көштері: <i>Алабас, Қашқан-қырған, Берікқара, Ортау, Балық үйген, Ақсай, Айдарлы, Ақший, Қызылтау тауларында; Қойбағар, Құмбақ, Аюлы, Шатақ, Бәйбіше, Бүркі? Соқыр, Сораң, Наршөккен жоталары мен Қосағаш пен Секербай тоғайында. Көшу радиусы 350 шақырым кеңістікті қамтиды</i>
14	<b>Айтқожа-Қарпық болысы.</b> Болыс билеушісі - <i>Шоң Телғозы</i> <b>Рулары:</b> Ерناзар	8	1124	2409	2055	<b>Жазғы жайлаулары:</b> <i>Есіл, Сары су, Құдайменді, Қарасу, Құлан өтпес, Жараспай, Қарасу, Есен, Құндызды, Көкбекті өзендері, Сасық көл, Қобы шөл, Балықты, Боран қопа, Баятар, Сүттікөл, Жасық көл, Қырау қамыс, Құмкөл</i>
	Самай, <b>Айтқожа</b> , Сатыбалды, Құлымбет, Барғана-тоқа, Мәмбет;					<i>Досқана Арыскөл, Сары көл, Маржанкөл, Ағашты көлмен Нұра, Есіл бойымен солтүстікке қарай ...</i> <b>Қысқы көштері:</b> <i>Тынық?, Сатыбалды, Аймысық,</i>

	<p>бұлардың ішіндегі белді ру – <b>Айтқожа</b>, себебі: басқалары осы рудың атымен аталған</p>	<p><i>Көк құз?, Қарағаш, Көнек, Толағай, Керегетас, Шойынды, Сағындық, Сарыадыр, үш.? Қуырдақ, Дербісалы, Кішкене? қопа мекендерінде, Сасық көл, Нұра өзені, Айғыржал, Аман тау, Шошқа көл, Изенді-Байсал, Сартау, Бөгел?, Құсмұрын, Боз көл, Құм Айтпай, Анан, Теректі, Түгел, Байғонды, Дүйсен-шат, Керегетас, Шоқпартас, Үшбетей?, Сары өзен, Қабланши, Айыртау, Шұбар көл, Бүгелікті, Мыңшұңқыр, Жыланды, Қарақалпақ, Қуырдақ, Қараған, Балықты, Семіз қыз, Баятар, Үшқағын?, Шұбараяқшы, Қаржу? тас, Суат, Тұран қопа, Мыңқабыр, Тоқта Серкебай тоғай, Байгөл, Сары адыр, Көктал, Ит...</i>  <b>Көшу радиусы - 400 шақырым кеңістікті қамтиды</b></p>				
<p>15</p>	<p><b>Сайдалы-Алтай</b>                  Болыс билеушісі                  Қаңтарбай Меңдекин.  <b>Рулары:</b> <i>Нияз, Қуандық, Айтқұл, Ад...бай, С... шанбай, Ка...</i>, бұлардың ішіндегі белді ру – <b>Нияз</b>, себебі: басқалары осы рудың атымен аталған</p>	<p>6</p>	<p>679</p>	<p>1549</p>	<p>1437</p>	<p><b>Жазғы жайлаулары:</b> <i>Сары су, Нұра, Есіл, Құндызды, Құланөтпес, Құдайменді, Карасу, Есен, Көкбекті өзендері бойы, Шалқоңыр, Сасық тал?, Манақа, Ақтас, Ескене, Құлынды, Жыланды, Бүйректал (Бу р у т а л – мұрағат нұсқасы–М.Ж.), Қоңыр адыр, Ақтасты, Шортанды, Батпақ, Тұзды қарасу, Айтын қарасу, Белағаш</i> деген жерлер;  <b>Қысқы көштері:</b> <i>Куманақа, Сартау, Тас құралы, Қазан шұңқыр мекендерінде, ... Жыланкөлде?, жартысы ..., Қыдырәлі, Қойтас.</i></p>
<p>16</p>	<p><b>Енем-Түнғатар</b>                  Болыс билеушісі –  <i>Жәнібек Байбеков</i>  <b>Рулары:</b> <i>Түнғатар, Енем-Түнғатар</i></p>	<p><b>Жазғы жайлаулары:</b> <i>Шідерті, Нұра</i> бойымен жоғары <i>Есіл бойымен, Өткел саз, Шалы, Сұнқар қия, Жауыр мекендерімен, Қаблан? көл, Үш қарасу</i> көлдері жатқан 150 шақырым кеңістікте;  <b>Қысқы көштері:</b> <i>Ағаштыкөл, Тас құралы?, Қызылша, Қараша, Бурақұтты, Қабантау, Қора, Айдаһарлы және басқа мекендермен Атасу өзенін жоғары бойлап</i>  <b>150 шақырым кеңістікті қамтып жатады.</b></p>				
<p>17</p>	<p>Қареке-Алтай                  Болыс билеушісі                  Тәті Егескенин?                  Рулары: Тоқбура, Ақбура, Наурыз, Қаршы?, т... болды, Байболды, Кенжеғара, Сары-Мұрат ...</p>	<p>6</p>	<p>961</p>	<p>2064</p>	<p>1899</p>	<p><b>Жазғы жайлаулары:</b> <i>Нұра, Иттиген және Қалғұтан</i> өзен бойлары; <b>Қысқы көштері:</b> <i>Нұра, Құлан өтпес, екі Көң, Ащы, Соналы өзен бойлары, Дүйсенғали, Қазығұрт, Арғаты, Көк дөмбек, Айыртау, Ботағай? деген жерлерде, Қорғалжын, Сияшай? Қорқылдақ, Қоржынкөл, Атын? көң, Изенді байсалды, Біржибас, Шұбаркөл, Ата қос, Жусалы, Обалы Ағанас, Итжеген?, ... Сарыбақ? тас, Сынтас, Қияналы?, Ақтайлақ, Кызылтау, Ботпай, Бөрібай</i></p>



Бұл деректен де рулардың көшу радиусы 150 ден 400 шақырымға дейінгі кеңістікті алып жататынын көреміз. Осы аумақтағы демографиялық көрсеткіштерге келетін болсақ, мысалға: *мойын-алтай* болысындағы шанырақ саны 1841 жылғы құжатта 7 ауылда 386 шаңырық деп берілсе, 1865-68 жылдардағы құжатта 7 ауылда 899 шаңырық деп берілген. Тура осындай екі есеге жуық ұлғайған санды *айтқожа-қарпық* болысын алсақ та көреміз: 1841 жылы 7 ауылда 620 шаңырақ көрсетілген, ал 1865-68 жылдары 8 ауылда 1124 шаңырақ көрсетілген. Шаңырақ санының 24-27 жылдың ішінде *мойын-алтай* руында екі жарым еседей, *айтқожа-қарпықта* екі есеге жуықтай күрт өсуі табиғи өсімнің көрсеткіші емес. Себебі: 1841 жыл – отаршыл Ресейге ұлт-азаттық соғыс жариялаған қазақ рулары Ұлытауда бас қосып, Кенесарыны хан көтерген жыл. Жоғарыда аталған рулардың едәуір бөлігі өз мекендерінен үдере көшіп, Кене ханның туының астына жиналғаны белгілі. Осындай оқиға, әсіресе, Қарқаралы округіндегі *қаракесек* руларының жаппай өз мекендерін тастап кеткенінен көрінеді. Осы жөнінде Ресей әкімшілігінің бір жазбасында султандарға жалақы төлеудің қажеті жоқ, себебі олардың қарамағындағы болыстардың қазақтары үдере көшіп кеткен деген мәліметтен көрінеді. Сондықтан, 1841 жылғы емес, 1865-68 жылдардағы санды неғұрлым шындыққа жақын көрсеткіш деп алу керек. Сонда *мойын-алтай* болысының рулары көшіп жүрген радиусы 350 шақырым аумақты қамтитын кеңістікте 7 ауыл, 899 шаңырақ, 4379 адам еркін өмір сүріп отыр екен. Сонда 1 шақырым кеңістікке 12,5 адамнан келеді. *Айтқожа-қарпық* болысында 400 шақырым кеңістікте 8 ауыл, 1124 шаңырақ, 4464 адам еркін өмір сүріп отыр екен. Бұнда 1 шақырым кеңістікке 11,16 адамнан келеді екен.

Ақмола округі 1867-68 жылғы реформалар бойынша Ақмола облысы болып қайта құрылып, біз қарастырып отырған аудандар аумағы Ақмола уезінің құрамына енген.

1873 жылы Ақмола мен Қарқаралы уездерінің арасындағы шекара анықталды. Ол жөнінде осы екі уездің тұрғындары қуандық пен қаракесек руларының арасындағы жерге байланысты дау, барымталардың ушығып кетуіне байланысты мәселелерді қарастыруға арналған іс қағаздарында баяндалады:

«Дело о проведении границы между Акмолинским и Каркаралинским уездами. 31.12.1909-05.04.1911»



Копія съ копіи.

АКТЪ.

1873 года Мая 10 дня. Мы нижеподписавшіеся доверенные отъ волостей, уездовъ: Сарысуйскаго - Тарктаинской, Инемъ - Тутаровской и Маюнъ - Алатаевской и Каркаралинскаго: Аюлинской, Кирнеевской и Карсоновской, сего числа на чрезвычайномъ сѣзде, въ присутствіи Сарысуйскаго и Каркаралинскаго уездныхъ начальниковъ, по взаимному соглашенію, Определили: границу между Сарысуйскимъ и Каркаралинскимъ уездами, въ следующемъ направленіи, отъ истоковъ речки Чопанъ, впадающую въ реку Чирубай-Нура, далее черезъ горы Яхши-Таги-лы и Джаманъ Ташлы по выходе хребта до речки Джаманъ-Сарысу - при впаденіи въ нее съ правой стороны речки АЙСА, затемъ вверхъ по Сарысу къ устью речки Талды-эспе впадающею съ левой стороны въ ту же речку Джаманъ-Сарысу, далее вверхъ по Талды-эспе черезъ горы Сопа и урочище Кенъ-Козганъ, отсюда на вершину речки Батпакъ-су и правою ея стороною черезъ горы Конуръ-Куложа-Сары-Кулджа и Тайаткинъ до сопки Кугочакъ; потомъ граница направляется далее къ югу между горъ Койлюбай и Булатъ, где проходитъ караванная дорога изъ Семипалатинска въ Туркестанскій край отъ сего пункта, составляя дорогу вправо, граничная черта должна проходить черезъ урочища: Учъ-Аба, Садыкъ-Куйгенъ, Каипперды Джартасъ на речку Кокъ-Таль и по этой речке, до реки Чу; оканчивая граничную черту при впаденіи Кокъ-Тала въ Чу.

На копіи съ копіи написано: На подлинномъ выборные: Тюлякъ Келемековъ, приложилъ печать, Ежекей Еркебулатовъ печать, Тюлетякъ Сагаловъ подписался, Кирамъ Байгозинъ, Лекеръ Утебаевъ, Калкымбекъ Айдарбековъ, Кутчанъ Утебаевъ, Чокобекъ Кечубаевъ, приложили печати, Мамытъ-Косаевъ тамгу, Байполь Котоломовъ, Сетказа Джулбековъ подписались, Байгунось Бекеевъ, Смаилъ Болтаевъ тамги, Салдыкъ Арыстановъ, Алтынбекъ Байрыстановъ, Юсуппекъ Узденевъ приложили печати.

На сѣзде присутствовали

И.д. Сарысуйскаго уезднаго начальника, Подполковникъ Русиновъ,

И.д. Начальника Каркаралинскаго уезднаго начальника, Коллежскій Ассероръ Сахновскій.

Копія заверена И.д. Помощника Амолинскаго уезднаго начальника В.Адаменко

Верно:

Младший Делопроизводитель попись - (неразборчиво) [13]

Мұрағаттың келесі бір (1875-1878 ж.) құжаты Ақмола облысындағы уезд бен болыстардың шекарасы және қазақтардың жазғы жайлауы мен қысқы қоныстары туралы мәліметтер береді [14, ]

атауы	болыс шекарасы	қыстаулары қай жерде	қай желер арқылы қыстаудан жазғы жайлауға өтеді
Жаңаарқа	Шекарасы <i>Нұра</i> өзенімен, <i>Ақпансай</i> , <i>Қарықарасу</i> мекенімен, <i>Майбалық</i> көлінің және <i>Талды</i> көлдің соңының батыс жағымен, <i>юрталық казак үлесті жерімен</i> , <i>Қозы көш</i> өзенін кесіп өтіп, <i>Төре құлақ</i> моласы, <i>Жалаңаш</i> көлінің оң жағалауымен, <i>Талды қарасу</i> жонымен, <i>Қоскөл</i> , <i>Жарлыкөл</i> , <i>Жұмай</i> , <i>Қанекей шولاқ</i> және <i>Біртабаннан</i> өтеді. Одан әрі <i>Қойын</i> көлімен, <i>Қос арал</i> , одан жоғары <i>Құлтан өтпес</i> өзенінің бойымен, <i>Жарлыкөл</i> көлімен <i>Дөңгелек</i> , <i>Аққұдық</i> , <i>Атығай</i> , <i>Жосалы</i> , <i>Кеңжарық</i> , <i>Бертібай-Берден төбесі</i> , <i>Изенді</i> , <i>Қаратомар</i> және <i>Құмкөлмен</i> шектеледі	<i>Нұра</i> өзені бойында, <i>Ақпансай</i> мекенінде, <i>Қосқона</i> , <i>Тоғанас</i> , <i>Ұзынкөл</i> , <i>Құмкөл</i> , <i>Жантек</i> көлдерінде; <i>Нұраның сол жағалауында</i> <i>Қаралас</i> , <i>Қоржынкөл</i> , <i>Атағозы</i> , <i>Сасық</i> , <i>Қорқылдақ</i> , <i>Тығыз қамыс</i> , <i>Болғанкөл</i> , <i>Бастөбе</i> , <i>Зарман</i> , <i>Шошқалы</i> , <i>Құмкөл</i> , <i>Төресарт</i> , <i>Қырауқамыс</i> , <i>Изенды</i> , <i>Құмкөл</i> , <i>Сарыкөл</i> және <i>Чинет</i> көлдерінде	Жазғы жайлауға 150 шаңырақ <i>Ақтастыға</i> дейін өтеді. Ал қалған барлығы <i>Нұра</i> болысының шекарасының ішінде алыс емес қашақтықта <i>Нұра</i> бойымен, <i>Қосқона</i> , <i>Отаутүскен</i> , <i>Аққұм</i> және <i>Бортас</i> көлдерінде
Шерубай-Нұра	Шекарасы <i>Үсен</i> өзенінің <i>Нұра</i> өзеніне құйған тұсынан жоғары <i>Үсен</i> өзенінің сол жағымен <i>Қозыбақ</i> бастауы мен <i>Нұрбақтың</i> ескі арнасының бөлінген жерімен, <i>Қужал</i> өзенінің <i>Сарысу</i> өзеніне құйған тұсымен <i>Үңірек</i> шоқысына дейін,	<i>Шерубай-Нұра</i> өзені бойындағы <i>Бұғылы</i> , <i>Тама тау</i> , <i>Тектұрмас</i> , <i>Сары тау</i> , <i>Тілен жал</i> , <i>Құм адыр</i> , <i>Топар</i> , <i>Жалайыр</i> , <i>Айтбай</i> , <i>Олан</i> , <i>Шайынды</i> және <i>Қойынды</i> тауларында, <i>Сасық</i> көлінде	<i>Нұра</i> өзені арқылы, <i>Сұңқар қарасу</i> мекені, <i>Арықты</i> көлі, <i>Ошағанды</i> , <i>Сабырқожа</i> , <i>Сағындық</i> , <i>Аран</i> ( <i>Апан?</i> ), <i>Бүйрек тал</i> (мұрағат

	<p><i>Өртеңжал шоқыларымен Сары адыр, Сарыкөл мекені, Қойтас, Айнабұлақ, Қуөзек, Нұра өзені жанындағы Қонақпай бейтімен өтеді</i></p>		<p>нұсқсы-р.Бюрктал), <i>Есіл</i> өз-ендерімен, <i>Тоқсұмақ, Анар, Байдалы</i> көлдері, <i>Есіл</i> өзеніне құйылыс тұсында, <i>Қарғалы, Шортанды</i> мекендері, <i>Борлы</i> көл және <i>Жаман көл</i> көлдерімен</p>
<p>Карағаш</p>	<p><i>Шекарасы Есен өзенінің жоғарғы бөлігімен, Үш оба, Майлы сай, Өмірзақ, Жуантөбе</i> мекендерімен және <i>Нұра</i> өзені мен бұрынғы <i>Көбетей</i> бекетімен, <i>Шұбартүбек</i> мекені және <i>Үлкен Құндызды</i> өзенімен, <i>Үлкен шат</i> шоқысымен; <i>Жақсы Қазықұрт, К...</i> тауларымен, <i>Қаражал</i> мекені мен <i>Үстемір</i> көлімен, <i>Құлан өтпес</i> өзенімен, <i>Бердібай-Берден</i> мекенімен, <i>Изенді, Құмкөл</i> және <i>Шошқалы сор</i> көлдерімен, <i>Ащыдан Үшқаттыға</i> дейінгі аралықтағы <i>Құланөтпес</i> өзені бойындағы жерлермен, <i>Шұбартүбектен Көбетей</i> бекетіне дейінгі <i>Нұра</i> өзені бойымен, <i>Үлкен Құндызды</i> бойындағы <i>Кеңқияқ, Қызылжар, Балашат</i> мекендерімен, <i>Топар, Шошқакөл, Жұмыртқалы, Сасықкөл, Байғозыкөл, Байқоңыркөл, Қосқона, Балықтыкөл, Баятаркөл,</i></p>	<p><i>Соналы</i> өзенінің жоғарғы ағысы мен <i>Амантау, Жақсы Қазықұрт</i> тауларында; <i>Көтей?, Көнек, Тоқты адыр</i> шоқыларында, <i>Сарысу ши, Мыңадыр, Айғыржал, Өкінген, Аймысық, Көккөз, Тынық, Балықты, Баятар, Семізкөң, Сары адыр, Қотантөбе, Қозыбақ, Аршалы, Жыланды, Суықбастауда, Сатыбалды, Жақсықарт, Жаманқарт, Қарағаш, Теректы, Үш қуырдақ қараған</i> мекендерінде, <i>Есен-Шойынды</i> өзені бойындағы <i>Алшағыр, Керегетас, Ақши, Қоңыртөбеде</i></p>	<p><i>Құлан өтпес</i> өзені арқылы, <i>Тассуат, Изенді, Байсал, Қосқона, Құмкөл, Қаратомар, Шошқалы, Арықты, Дөңгелек, Шұбар, Баятар</i> көл көлдерімен, <i>Балықты, Құрқарасу, Тоқтамыс, Сары, Қосшоқы</i> мекендерімен, <i>Нұра</i> өзенімен және соның бойындағы <i>Қонтай, Кертінді, Қолаң</i> және <i>Шақаман</i> мекендерімен</p>

	<i>Шұбар, Тассуат, Байсал, Изенді, Шошқалы және Шөптыкөлмен</i>		
Ақмола	<p>Шекарасы <i>Алты айғыр</i> мекені мен өзенімен, <i>Сары адыр, Қызыл жал</i> шоқысымен, <i>Жыра</i> өзенімен <i>Қызыл мола таспен, Ақтасты</i> өзенімен, <i>Түс томар, Қарақоға, Қосшоқы, Егінді томар, Жаншілікпен, Қушоқы тауымен, Бозайғыр</i> көлімен, <i>Кенжебай</i> өзенімен, <i>Сасықкөл</i> көлімен, <i>Қос қарасу, Төрт қонақ</i> өзенімен, <i>Ошаған, Түстас, Қарақоға</i> мекенімен, <i>Майбалық, Құмкөл</i> көлдерімен, <i>Жолажота Ақ күріш, Ақмоламен, Нұра, Қозыкөш, Аққұман, Отаутүскен, Бортас, Жарқынбек, Қарақоға, Қосқонай, Жалаңаш, Жалаңашты қарасу, Қарақоға, Бескемпір, және Қарамойыл, Алакөл, Танакөл және Жанкөлмен</i></p>	<p><i>Алты айғыр</i> мекенінде, осы жерден жоғары <i>Есіл</i> бойымен <i>Бабатай, Аюсойған, Моншақты, Қушоқы, Тама., Қояншұбар, Тышқанкөл, Қаражар, Жалаңаш, Жарқынбек, Қарағаш және Ақкөлге</i> шейін</p>	<p><i>Алты айғыр</i> мекені арқылы, <i>Кенжебай, Қосшоқы, Егінді томар, Қаратомар, Бозайғыр, Қосқарасу, Майбалық, Құмкөл және қыстауларына жақын жерлердегі жайлауларына</i></p>
Спасск	<p><b>Шерубай-Нұра болысынан:</b> <i>Шерубай-Нұра, Жартас, Шуаш</i> өзені мен <i>Бір тоғай</i> мекенімен шекаралас жатыр;  <b>Қарағаш болысынан:</b> <i>Жыланды</i> шоқысы, <i>Мейірман шат</i> мекені, <i>Бала Құндызды құймаз</i> өзенімен шекаралас жатыр; <i>Қарқаралы уезі</i> мен <i>Қарқаралы болысынан:</i> <i>Қанды қара оба, Наршөккен шоқылары, Шешенқара</i> шекаралас жатыр;</p>	<p><i>Шерубай-Нұра</i> өзенінде, <i>Баймырза мола, Қызыл мола, Бекқожа қонған</i> мекендерінде, <i>Нұра</i> өзенінде, <i>Қанды қара оба, Наршөккен, Семіз қыз</i> шоқыларында, <i>Қосқұдық</i> мекенінде, <i>Қарағанды</i> өзенінде, <i>Байатар</i> шоқысы мекенімен, <i>Жуантөбе тауымен</i></p>	<p><i>Сабыр қожас</i> мен <i>Нұра</i> өзендері арқылы, <i>Араб әулие, Жар тас</i> шоқылары, <i>Ошағанды</i> өзенінің жоғарғы ағысы, <i>Шөпті көл көлі, Ағыбай тиген, Оба тас, Жыланды, Шоқай шалды</i> шоқылары, мен <i>Шилі</i> мекенінде,</p>

	<p>Павлодар уезі, Қаржас болысынан: <i>Аюлы шоқысы, Сайданды мекені, Мантен көл көлі, Есенбай және Керегетас шоқыларымен шекаралас жатыр;</i>  <b>Ақмола болысынан:</b>  <i>Таскөл көлі, Ақтөбе тауы, Жаман шұбар тоғайымен шекаралас жатыр</i></p>	<p><i>Үткен су өзені, Ақтөбе тауында, Бабатай, Көптам, Жаманшұбар мекендерінде, Мейірман шаты мекенінде, Жауыр шоқысында, Нұра бойында Байдаулет, Қараңадыр және Қарабиік шоқыларында</i></p>	<p><i>Баймырза, Нұралы қарасу өзендері, Үр шаты, Қушоқы шоқылары, Тұзды қарасу өзені, Қорған көл, Тас көл, Маржанкөл көлдері, Ақтасты өзені, Қоянды шоқысы, Сапақ көл Нұра өзені; Хан сүйегі, Алтындыәділ, Сұңқар қия қарасу мекендері, Біртоғай, Тентек қарасу өзендерімен</i></p>
--	---	---	---

Бұл құжаттан алатын ең құнды мәлімет елді мекендердегі патшалық әкімшілік құрылымның төменгі буыны - болыстар атауындағы өзгерістерді көруге болады. 1865-68 жылдарға дейінгі болыстар ел атымен – рулар атымен аталып келсе, 1875-78 жылғы құжатта елдердің атауы жер-су атауларымен алмастырылған. Мысалы: бұрын *Айтқожа-Қарпық, Сайдалы-Алтай, Тінәлі-Қарпық, Қареке-Алтай* деп аталса, енді *Жаңаарқа, Қараағаш, Ақмола, Спасск* деп ауыстырылған.

Келесі бір аңғаратын мәселе – көштің тарылуы. Мысалы: 1860-шы жылдарға дейін қазақ рулары оңтүстіктен солтүстікке, оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа және керісінше бірнеше болыстың аумағын кесіп өтіп, даланы ен бойлап жайлап жүрсе, енді өз болысының шеңберінен шығуға тиым салынғандықтан, қыстауынан алыс шыға алмайтын болған.

Бұның екінші бір себебі: 1865 жылғы қазақ даласына шыққан Далалық Комиссия өкілдері көшпелілердің нақты көшу және қоныс шекарасын анықтау барысында болашақта бұл жердің бәрі бөлініске түсіп, әркімге мәңгілікке пайдалануға беріледі деген лақап тарауына себепші болды. Осының әсерінен қазақ жерінен айырылып қалам ба деп, онша

алысқа ұзай алмай айналшықтап қыстау маңында үйелеп қалған. Далалық комиссия мүшелері кімді қай жерден тапса, сол жерде соған қолына қағаз жазып беріп отырған. Ал жаздың күні бар ауқатты рулар шамасы келгенше алысқа, жайлауға шығып кетеді де, алысқа көше алмайтындар қыстақтың маңында үйелеп қалады. Далалық комиссияның қағазы осындайлардың қолына тиіп, жайлауда жүрген ауқаттылардың жерін иеленіп алу қып-қызыл даудың тууына себепші болып, көпшілігі жерінен айырылып қалып, оны қайтарам деп сотқа шығындалып, артынан амалсыз алысқа кетпей, қыстағының маңынан шыға алмай қалғаны осыдан.

Маңғыртып мал өсірген қазақтың шаруашылығына бұл қатты әсер етті – себебі: еркін жайылмаған малдың күйі де кете береді. Ал күйі кеткен малдың қаһарлы қыстан аман шығуы неғайбыл. XIX ғасырдың екінші жартысындағы жұттардан қазақ малының едәуір бөлігінің қырылып қалуы тек табиғаттың апатынан ғана емес. Мұндай қатты қыстар бұрын да болып тұрған. Негізгі себеп - малдың еркін жайылып, қысқа қоң жинай алмауында. Осыдан келіп қазақ даласының едәуір бөлігі қаңырап бос қалды десе де болады. Ал отарлаушы үкімет үшін бұл жағдай қазақтың жерін болашақта келетін қоныстанушыларға босатып алуға мүмкіндік жасады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рычков Н.П. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в Киргиз-Кайсацкие степи 1771 г. СПб: Тип. Имп. АН., 1772. – 104 с
2. Из журнала путешествия Христофор Барданеса в Киргизскую степь 1771 года. История Казахстана в русских источниках ХҮІ-ХХ веков. ІҮ том.
3. Я.П.Гавердовский. Обзорение Киргиз-кайсацкой степи (часть 2-я), или Описание страны и народа киргиз-кайсацкого. История Казахстана в русских источниках ХҮІ-ХХ веков. V том.
4. Ш.Уәлиханов 5-томдық шығармалар жинағы. Алматы. 1985 ж. 4 том. 185, 410 беттер.
5. Аршабеков Т.Т., Қожахмет М., Исламұлы І Жер жаннаты –Жаңаарқа.. Қарағанды. «Гласир» баспсы. 2011 -428 б
6. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. Т.3. Акмолинский уезд. – Ч.1. СПб-1907.
7. Аршабеков Т.Т., Исламұлы І. Жаңаарқа тарих толқынында. Қарағанды. «Гласир» баспсы. 2015 -420 б



8. Ведомость племен, родов, летних и зимних кочевок казахов областного ведомства (29 марта

9. 1862 – 12 июня 1863) // ҚР ОММ. қ.345.т.1. іс.766

10. ҚР ОМА қор 744, тізім 1, іс 31, беттер 2-3, 10-11, 12-16, 19-20, 23-26, 27-28.


11. ҚР ОМА Қор. 4, тізім 1, іс 1896, п. 5

12. ҚР ОМА Қор. 4, тізім 1, іс 1896, п. 5

13. ҚР ОМА қор № 374, тізім 1, іс 1826.

14. ҚР ОМА /Ф-15. О-1. Д-2279/ [3,3 об.л.].

15. 14 ҚР ОМА қор 744, тізім 1, іс 31, беттер 2-3, 10-11



*Ақмола облысы Ақмола уезіне қарасты болыстардың картасы*



## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ӨЗГЕРІСТЕРІ

*Тарихи топонимдерге ерекше көңіл аудару бүгінгі күнгі еліміздегі ономастикалық ізденістерге деген сұраныстан туындап отыр. Топонимикалық атаулардың пайда болу тарихын анықтау бір жағынан отандық тарихымызды танып-білуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан өлке тарихын да жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туғызады.*

Осы тұрғыдан қозғау салып, пікір таратар толғағы жеткен мәселенің бірі – халқымыздың кіндік тамған жері, атамекені жер атаулары жайында болмақ. Себебі географиялық жер атаулары ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, жалғаса тұрақтанған топонимдердің “жер тарихы – ел тарихы” деп, танылған тарихи есінің бір көрінісіне жатады.

Халықтық топонимика деп, - негізінен, қай жер, қай халықты алып қарасақ та онда қолданылатын географиялық жер атауларын сол жерді мәңгілікке жайлап келген автохтонды халықтың авторлығымен қойылып қалыптасып келген елді мекен, жер атауларын ұғынамыз. Бұлар ғасырлар өткен сайын мүлде тұрақтанып, халықтың тарихи есім қорландырар елеулі рухани байлығына айналып отырады.

Тіпті, бұрын-соңды тарихта белгілі бір жерге иеліктің қай халық, қай ұлыс, қай тайпаға тән екендігінің айғақты дәлелі көбінесе сол жердің топонимикалық сөз тіркесінде берілетін мағынасына қарай қарастырылатын болған. Өйткені, сол жерді қай халық жайлап, қоныстанып келсе, топонимикалық атаулардың авторлығы тек сол халыққа тән құбылыс болып қала берді. Отаршылдық топонимдер – халықтың елді мекен, жер атауларының антиподы ретінде пайда болатын өмірдегі саяси-әлеуметтік, басқыншылық пен зорлық-зомбылықтың көрінісі. Кеңестік дәуірде жаңа идеологияға сәйкес Қарағанды облысында ХХ ғасырда мыңдаған атау пайда болды.

Халықтық топонимика деп, - негізінен, қай жер, қай халықты алып қарасақ та онда қолданылатын географиялық жер атауларын сол жерді мәңгілікке жайлап келген автохтонды халықтың авторлығымен қойылып қалыптасып келген елді мекен, жер атауларын ұғынамыз.

Бұлар ғасырлар өткен сайын мүлде тұрақтанып, халықтың тарихи есім қорландырар елеулі рухани байлығына айналып отырады.

Тіпті, бұрын-соңды тарихта белгілі бір жерге иеліктің қай халық, қай ұлыс, қай тайпаға тән екендігінің айғақты дәлелі көбінесе сол жердің топонимикалық сөз тіркесінде берілетін мағынасына қарай қарастырылатын болған. Өйткені, сол жерді қай халық жайлап, қоныстанып келсе, топонимикалық атаулардың авторлығы тек сол халыққа тән құбылыс болып қала берді. Отаршылдық топонимдер – халықтың елді мекен, жер атауларының антиподы ретінде пайда болатын өмірдегі саяси-әлеуметтік, басқыншылық пен зорлық – зомбылықтың көрінісі.

1927 жылдың аяғында Қазақстанда жаңа әкімшілік-территориялық құрылым жасау басталды. Жаңа әкімшілік – территориялық құрылымға сәйкес бұрынғы губерния, уезд, болыстықтардың орнына үш буынды жүйе енгізілді: округ – аудан – қала.

1928 жылғы 3 қыркүйекте БОАК-нің қаулысымен Ақмола және Семей губерниялары жойылды, Ақмола губерниясының уездерімен болыстықтарынан Ақмола, Павлодар, Қызылжар және Сырдария округтерінің аудандары құрылды.

1929 жылы сәуір айында селода алғаш рет жеті отбасынан тұратын артель құрылды. Артельдің 45 гектар жері, үш пар өгізі, үш пар жылқысы екі соқасы болды. Алғаш рет колхозға коммунист Каменевтің ұсынысымен «Трудовик» атауы берілді. Колхоз шаруашылығына жеке тұрғындар тарапынан көмек көрсетуге – шіркеу старостасы, кулактар қарсылықтар білдіріп отырды. Қоғамдық шаруашылыққа жастарды тарту мақсатында мәдениет үйі ашылды. Мұнда сауат ашу мектебі, жастардың драма үйірмесі ашылды. 1930 жылдың соңында «Трудовик» колхозының құрамында 200 отбасы, 700 гектар жері болды.

Осылардың ішінде Қарағанды облысының құрамына енгендері: Ақмола округы: Асан-Қайғы, Қарағанды, Коммунист, Қорғалжын, Нұра, Пролетар, Промышленный. 1938 жылдың 14 ақпанында ҚазССР Жоғарғы Кеңесі Президумының қаулысымен Ворошилов ауданы құрылды [1]<sup>1</sup>.

1931 жылдың басында аудан құрамына келесі селолық кеңестер кірді: Астаховский, Белоярский, Больше-Михайловский, Веселый, Вольский, Долинский, Донецкий, Дубовка, Зеленая-Балка, Колхозный, Кондратовский, Константиновский, Краснокутский, Миньковский, Молодецкий,

---

<sup>1</sup> ЦГА РК.Ф.1109.Оп.5.Д.45.Л.11.

Ново-Узенка, Окольный, Покорный, Просторный, Пятигорский, Ростовский, Самаркандский, Самара, Сарепта, Сейтен, Тихоновский, Токаревка и Тургеневский.

Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдары Жаңаарқа өңірінде кеңестік тәртіп бірден орнай қоймады. Болыстар мен ауылдарға бөлінген уезд халқы саясаттан хабары аз болып, ежелгі қалпымен көшіп-қонып жүрді. Сол кездегі Ақмола уезіне қарасты 100 болыстың ішінде жаңаарқалықтардың ата-бабалары өмір сүрген мынадай болыстар болды: Айнабұлақ, Ақтау, Арғын, Асанқайғы (орталығы - Өспен кеніші), Атасу, Жыланды, Қарағаш, Қарақыз, Қойтас, Көктас, Көнек, Қосағалы, Мұңлы, Нілді, Нұрбай, Ортау, Сарыкөл, Сарыарқа, Сарысу (орталығы – Атасу мекені), Сораң, Үшабыз, Шажағай, Шонай, Шу.

1919-1922 жылдар аралығындағы екі ашаршылық мал өсірумен шұғылданған халықты біршама күйзелткенімен, Жаңаарқа елінде адам шығыны көп болған жоқ.

1919 жылы шілдеде Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымының негізін бекіткен РСФСР Халық комиссарлары Кеңесінің «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеттер туралы Ереже» атты декреті жарияланды. Әрбір болыста ревкомдар құрылып, олар қазақ ауылының тірлік-болмысын күштеп өзгертуге кірісті. Бай мен кедей арасындағы дәстүрлі қарым-қатынастар тап күресінің идеясы тұрғысынан ғана түсіндіріліп, ревкомдар қазақ қоғамын жасанды түрде жіктей бастады. Жаңаарқа жерінің естияр, бетке ұстар азаматтары жаңа саясаттың ықпалымен екіге бөлініп, бір-бірімен арпалысты.

Ақмола губерниясы 1921 жылы 25 сәуірде Ақмола уезінің 75 болысынан, Атбасар уезінің 51 болысынан, Көкшетау уезінің 63 болысынан және Петропавл уезінің 44 болысынан құралды. 1923 жылдың қаңтарында болыстарды іріктеу науқаны жүрді. Ақмола уезінде 1924 жылғы қараша айының мәліметі бойынша 19 болыс қана қалды.

Жаңаарқа жерінде болыстарды ірілендіру бұдан да ертерек басталған болатын. 1921 жылы қаңтар мен наурыз аралығында Сарыкөл мен Шонай болыстары Үшабыз болысы болып қайтадан ұйымдастырылды. Осы жылдың шілде айында Айнабұлақ болысы Атасу болысына, Мұңлы болысы Қосағалы болысына, қыркүйек айында Еркесай болысы Нілді болысына қосылды[2].

1923 жылы 26 қаңтарда Ақтау, Алабас, Ортау, Сарытау, Нілді болыс-

тары Асанқайғы болысының, Жыланды, Көнек, Қарағаш болыстары Сарыарқа болысының құрамына кірді. Қарақыз, Шу, Көктас болыстарынан Шу болысы ұйымдастырылды. Қойтас, Шажағай, Сораң болыстары Сарысу болысымен бірікті. 1923 жылы 6 наурызда бұл болыстарға Қосағалы болысы қосылды. Сарыарқа болысының орталығы болып Нұрадағы Захаровка, Сарысу болысының орталығы болып – Атасу мекендері бекітілді.

Болыстардың басшылығы әміршіл-әкімшіл тәсілмен жұмыс істеді. Олар халықты ықтиярсыз күштеп, жүк тасымалдау, ағаш дайындау, құрылыс салу тәрізді еңбек түрінде атқарылатын міндеттерді орындатты. Еңбек армиясына адамдар жинады, артельдерді, кедейлердің ТОЗ атты бірлесіп жер жыртатын серіктестіктерін ұйымдастырды. «Қосшы» одағы арқылы «мойынсеріктер» құрып, оларға несиеге қаржы бөлдіруге ықпал жасады. 20-шы жылдардың ортасынан бастап, тұйынушылар одағы іске кірісті. Ревкомдар «қызыл отаулар» ашып, «қызыл керуендер» ұйымдастырды. Ауылда коммунистік партияға жаппай кіру науқаны мен жастар қозғалысы өріс алды. Алайда, олардың басым көпшілігі саяси сауатсыз, хат танымайтын қараңғы адамдар еді.

**1920-1922 жылдары құрылған болыстар туралы мәліметтер:**

Қарағаш болысы (1920ж. деректер).

Ревкомның төрағасы – Нұрмағанбетов Жолдыкей.

Болаткомның құрамы:

- 1.Оспанов Жұмажан, төрағасы.
- 2.Ибрагимов Файзолла, төрағаның жолдасы.
- 3.Ұсабаев Балтабай, болаткомның хатшысы.

Осы болыстың 260 сайлаушысы бар №4 ауылдық кеңесінің 9 мүшесі болды: Оспанов Жұмажан, Ибрагимов Файзолла, Оңов Айтжан, Омаров Шабден, Есмұханбетов Төребек, Көшербаев Жүсіпбек, Мүшелбаев Досмайыл, Қосыбаев Әбсаттар.

1920 жылы 17 сәуірде 4-ші аудандық милиция бастығының хабарламасы бойынша ревком төрағасы Нұрмағанбетов Жолдыкейді Ақмоладағы абақты үйіне жабады. Осы оқиғаға байланысты Жолдыкей төмендегідей өлең жазған:

Теп-тегіс сәлем айтам іні-ағаға,

Өкініп, өкпелеймін заманаға.

Тағдырдың тар жолында кетіп барам,

Зар жылап, арта қалды бала-шаға.  
Кімге айтам, сәлемімді елге айтпай,  
Көтерем көңілімді құрбан-айттай.  
Аймысық, Түрке, Айғыржал, Көккөзге айтам  
Қайтейін, кіндік кескен жріме айтпай.  
Баласы Сатыпалды, қош-аман бол,  
Бәріңе, үлкен-кіші сәлемім зор.  
Сырғанап, осылайша құлап барам,  
Кез болып, табаныма бір тайғақ жол.

1921 жылы Қарағаш болысының төрағасы болып Ахметжанов Кәдір, мүшелері болып Сәттібаев Асар, кейіннен Әбішев Әбілда, Бөгенбаев Нұраш қызмет атқарды. Бұлар «бай-құлақтарды» сайлаудан шеттету науқанында жұмыстан қуылып, орнына 1922 жылы төраға ретінде Үйсіннов Төкен, мүшелері болып – Ибрагимов Әбілда, Ұсабаев Балтабай сайланды.

**Көнек болысы** (1922ж. деректер)

Орталығы – Аралтөбе.

Болаткомның төрағасы – Омаров Ақмағанбет (1920-21жж. да төрағасы болып сайланған).

Төрағаның жолдасы – Мырзағұлов Ақымбек.

Болатком мүшесі – Қосжанов Иманмұса.

Хатшысы – Балғабаев Мақади.

Архив деректері бойынша, 32 жастағы Омаров Ақмағанбеттің киіз және жер үйі, 5 жылқысы, 15 қойы болған.

Ақмағанбет 1921 жылы маусым айында қара жұмысқа / трудовая повинность/ адам ұйымдастырмады, ат-шаналық доға жинамады деген айыппен, уездік атқару комитетінің уәкілі Носовтың талаптарын орындамағаны үшін 10 тәулік концлагерде отырған. Әртүрлі жалалармен осы жылы қаңтар және сәуір айларында екі рет: 7 және 14 тәулікке түрмеге қамалып, жазықсыз екендігі анықталғаннан кейін ғана қызметіне оралған.

Омаров Ақмағанбет 1916 жылғы Қарағаш көтерілісіне белсене қатысушылардың бірі.

**Ұшабыз болысы** (1921ж. деректер).

Төрағасы – Байтілеуов Мүсәйіп.

Мүшелері – Шегебаев Баянды, Алин Артықбай (кейін төраға болып сайланды).

1921ж. қыркүйекте болыс сайлауы қайтадан өткізіліп, төрағалыққа Құдайбергенов Бұралқы,

мүшелері болып Жандәулетов Нілдібай, Есжанов Бақтөре сайланды.

**Атасу болысы** (1921ж. деректер).

Төрағасы – Шойынбаев Елғұтты.

Мүшелері – Қошанов Омар, Жексенбин Бірмағанбет.

**Көнек болысы** (1921ж. деректер).

Төрағасы – Омаров Ақмағанбет.

Мүшелері – Жартыбаев Мәдікен, Қарағозин Нұржанбай.

**Нұрбай болысы** (1921ж. деректер).

Төрағасы – Қопабаев Сәдуақас.

Мүшелері – Шөкин Сауықбек, Тоқабаев Оспан.

**Ақтау болысы** (1921ж. деректер).

Төрағасы – Қарғабаев Мұқаш.

Мүшелері – Малдыбаев Смайыл, Тұрғанбеков Несте.

**Сарытау болысы** (1921ж. деректер).

Төрағасы – Сәрсенов Қожамберлі.

Мүшелері – Қарсақбаев Ахмет, Шелекпаев Төлек.

1922-23жж. болыстық атқару комитеттерінің және ауылдық кеңестердің құрамында төмендегідей жаңаарқалықтар қызмет атқарды:

Сарысу болысынан – Байжұманов Төлеу, Бекмұханбетов Әбду, Ақамбаев Баттал, Дәмебаев Жаңбырбек, Қошанов Омар, Мықанов Ахметжан.

Асанқайғы болысынан – Қаратаев Бейсек, Үсенов Жүсіпбек, Оспанов Сейфолла (Сәкен Сейфуллиннің әкесі), Исин Халық, Садықов Рахымқұл, Исабеков Қуанышбек, Рахов Сапар, Аманбалин Шаймерден, Дәлиев Әбділдә, Жүнісов Қызыр, Әйнекин Мұса, Қатпин Жақып.

Қарағаш болысынан – Үйсіннов Төкен, Ұсабаев Балтабай, Абдолла және Саққұлақ Ибрагимовтер, Қосыбаев Әбсаттар, Есмағанбетов Төребек, Тоқышев Айтбай, Қожантаев Жалмағанбет, Рахметов Абдолла, Дәуірбеков Сәду, Оспанов Рахымжан.

1929 жылы Жаңаарқа ауданы болып атауы өзгертілген Асанқайғы ауданының негізін құраған Асанқайғы болысының 1922 – 1923 жылдардағы демографиялық кескіні мынадай еді:

Орталығы - Өспен кеніші Ақмоладан 370 км. қашықтықта орналасқан. Болысқа 9 ауыл кеңесі, 9 елді мекен, 3750 шаңырақ қарады. Құрамында

15060 адам, оның ішінде 17 жасқа толмаған 2525 ер бала, 2050 әйел бала, 17 жастан жоғары 6425 еркек, 4060 әйел болды.

1928 жылы Қазақстан төрт буынды басқару жүйесіне (ауыл-аудан округ-орталық) көшті. Республика көлемінде 13 округ, 180 аудан құрылды. Ақмола округіне қарасты 15 ауданның бірі – Асанқайғы ауданы бұрынғы Асанқайғы болысынан және Сырдария губерниясына көшпей қалған Сарысу болысының ауылдарынан ұйымдастырылды. Сарыарқа болысына қосылған Қарағаш, Көнек, Жыланды болыстары Нұра ауданының құрамына енді.

1929 жылы 16 тамызда **Асанқайғы** аты өзгертіліп, С.Сейфуллиннің ұсынысы бойынша, аудан **Жаңаарқа** деп атала бастады. Аудандық партия ұйымының хатшылығына 1929 жылы 6 қаңтарда өткен сайлауда Әбенұлы Зияда деген азамат бекітілгенімен, көп тұрақтамады. Атқару комитетнің төрағалығына тағайындалған Батталұлы Зейнолла да ұзақ қызмет атқара алмай, орнына наурыз айында Кенжеұлы Әукебай жіберілді. Кезінде өз еркімен Қызыл Армияда болған, 1928 жылдан БК(б) П мүшесі Кенжеұлы Әукебай қабілетті ұйымдастырушы болды. Орынбасары – Игіліков Тұтқабек те өзін іскер азамат ретінде көрсете білді. Кенжинді кейіннен Ағыбаев Мұхаммедия алмастырды.

Соғыстан кейінгі жылдары Жаңаарқа ауданының әлеуеті көтеріліп, ауылшаруашылығы өрге басты. 1946 жылы егін салуға тек қана шұрайлы жерлер таңдалды. Тұқым қоры дайындалып, себу кондициясына жеткізілді. Бұл жұмысты бақылау заң органдарына (аудан прокуроры Жолшоринге, ішкі істер министрлігінің аудандық бөлімінің бастығы Елеубековке, милиция бөлімінің бастығы Байділдановке) жүктелді. Шегірткеге қарсы күрес жүргізуге ерекше мән берілді. Нәтижесінде, аудан бойынша астық дайындау жоспары 100 %-ға орындалды. Одан кейінгі 4 жылда мал басы күрт көбейіп, 1950 жылы ауданда 12 мың ірі қара, 80 мың қой, 6 мың жылқы, 280 бас түйе болды. Соғыстан аман-есен қайтқан майдангерлер қызу еңбекке араласып, аудан экономикасының дамуына қомақты үлестерін қосты.

**Ақтоғай ауданы бойынша:** 1928 жылы қыркүйек айында үш болыс ел Тоқырауын, Балқаш, Қотанбұлақ біріктіріліп, Балқаш ауданы аталады. Орталығы-Қарабұлақ болды. Аудан 1929 жылы Тоқырауын деп аталып, орталығы Дуанши болды. Сол жылдары халыққа мәдени-әлеуметтік қызмет көрсету төмендегідей болыпты. Бірінші сатылы мек-



теп саны 15, ондағы мұғалімдер 22, оқушылар саны 842, бір кітапхана, бір медфельдшер, бір фелъдшерлік пункт, бір агробөлімше (агропром), бір мал дәрігерлік пункт, бір малдәрігері (фельдшер) жұмыс жасапты. 1930 ж. Қоңырат руднигінің әкімшілік жағы Дуанға қарағандықтан Қоңырат ауданы деп аталынды. Аудан орталығы Дуаншиден қазіргі Ақтоғайға көшірілді. Аудан орталығы «Басшы» деп аталынды. Рулық шекаралар жойылып, байлардың мал- мүлкі бірлестіктерге берілді. Ауданның алғашқы орталығы Дуаншиден Қарамойынға қоныстанды / қазіргі Ақтоғай селосына 3-4 км /. 1930 жылы Қоңырат ауданы болып аталып, орталығы Шатыршаның етегі. «Басшы» бірлестігі Ақтоғайға келіп қоныс тепті. Тоқырауын бойы қалың тал, Жосалы жағында ақ қайың өскен, содан Ақтоғай аталған. Жүнісов Әбен, Сұлтанов Ахмет, Сұлтанов Какаркей, Ордабаев Мәжиттер партия комитетінің бірінші хатшылары, Дөлеев Төлеубай, Әбеуов Тиышбек, Дүйсенбаев Асылхан, Жолдасбаев Орынбасар аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарды[3].

Бұдан ол кезде басшылардың жиі ауысып отырғанын көруге болады МТС-тар құрылғанға дейін 1930-33 жылдары Ақжарықта (Қазіргі Еңбек совхозының Қуаныш бөлімшесінің мал қыстағы) «Конносанный станциясы» құрылып мал азығын дайындауда бірлестіктерге көмек көрсетіп отырған. Оның бастығы халқымызға белгілі ақын - Қарқаралылық Игенсартов Қабдиман болды. 1928-30 жылдары Оян селолық кеңесін Қырымбаев Қасым басқарады. 1934 жылы Қарқаралыға С.М.Кировтың келу құрметіне «Оян» колхозы «Киров» колхозы болып аталады. 1937 жылы Жүнісов Әбду халық жауы деп ұсталғаннан кейін, 1937-39 жылдары Киров колхозын Қашағанов Сыздық басқарады. Бұл жылдары колхозда 5 га суармалы егістік, 280 бас сиыр, 460 бас қой, 70 бас жылқы болады.

Қазіргі Шабанбай ауылы алғашқы құрылған серіктіктердің қатарында болған. Мұнымен қатар бірнеше серіктестіктер құрылады.

1. Исаев атындағы серіктік басқарушысы- Шомақбаев Сейдіғазым.
2. Бегазы серіктігі басқарушысы-Түсіпов Айтжан.
3. Ескітас серіктігі басқарушысы-Оқашев Сәден.
4. Дастан серіктігі басқарушысы-Шорин Шәріп.
5. Куйбышев серіктігі басқарушысы-Жакупов Наркей.
6. Ақтұмсық серіктігі басқарушысы-Иманқұлов Жанахмет.
7. Саржай серіктігі басқарушысы-Маубасов Бақыш.

8. Өндіріс (Қасабай) серіктігі басқарушысы-Тұрсынбаев Бекіш сияқты азаматтар басқарды.

1934 жылы аудан серіктері, колхоз ұжымдық шаруашылық болып қайыра 36 колхозға бірікті. Олар: Бірінші май, 8-наурыз, Қызыл ту, Қара бұлақ, Сталин, Молотов, Береке, Қопа, Ақтұмсық, Ұлы Октябрь, 5-декабрь, Өндіріс, Қуаныш, Кеңасу, Мәдениет, Жұмыскер, Қызылжар, Еңбек, Егінші, Чапаев, Сәуле, Қоңырат, Қызылтас, Жәмші, Каганович, Ленин, Сарытерек, Үшөзек.

Аталған колхоздар коллективтік шаруашылықтың әл-ауқатын нығайту үшін мүше болып кірген үй иелерінің меншікті малдарын, шартпен сатып алу арқылы күшейді.

Ұлы Октябрь, 5-Декабрь колхоздары «Бес батыр» су қоймасының алқабына, Өндіріс колхозы Қасабай өзенінің, Тоқырауын өзеніне құятын құймасының маңында. Ақтұмсық колхозы Тоқырауын өзенінің бойына егін еккен, мол өнім алып, халқын нанмен қамтамасыз еткен. Тоқырауын өзені бастауын ауданның аймағындағы Қайдауыл-Шеруке тауынан алады да, Оңтүстік жағындағы Балқаш көліне құяды. Ұзындығы 250 шақырымнан астам жағалары құнарлы қара топырақ, өскен тал. Кей жерлерінде қысы-жазы су үзілмейді. «Өзен жағалағанның өзегі талмас» дегендей ата-бабаларымыз егін салумен шұғылданған, мал өсірген.

Шашубай кенті Балқаш көлінің шығыс жағалауында, Балқаш қаласынан 7 шақырымдай, Орта-Дересін жерімен шекаралас орналасқан. Алғаш қоныстың ірге тасы 15 -ші наурыз айында 1936 жылы, «Балық аулау» станциясы болып құрылған.

1937 жылы Қарағанды-Балқаш темір жол құрылысы аяқталуына байланысты халықтың орналасуы яғни топтасуы болып, Балқаш мемлекеттік балық өндірісі тресі ашылғаннан кейін, 7-наурыз 1939 жылы «Рыбтрест» поселкесі деп аталды.

1932 жылдың 17 қыркүйегінде Қазақстандағы колхоздастыру барысында орын алған асыра сілтеушілердің жіберіп отырған өрескел қателіктерін түзеу үшін ВКП (б) Орталық Комитеті «Қазақстанның ауыл шаруашылығы туралы» арнайы қаулы қабылдады. Бұл құжаттарда мал шаруашылығындағы шығынның себебі анықталып, оның орнын толықтыру шаралары белгіленді. Осы мүмкіндікті пайдаланған Әбду Жүнісов т.б аймақтағы аштық алапатының себеп-салдарын Алматыға жеткізеді. Одан құтылудың жолдары жайлы ұсыныс пікірлерін де біл-

діріпті. Алматыдан арнайы келген комиссия кеш те болса халықты аштықтан құтқару қамына кіріседі. Көлікпен Балқаштан балық тасу ұйымдастырылады. Тоқырауын суын пайдаланып, Киров т.б колхоздарда егін шаруашылығын жүргізу қолға алына басталады. 1933 жылы Семей маңынан біраз мал әкелініп шаруашылықтарға таратылады. Алайда союға, жұмсауға қатаң тиым салынған болатын. Әбду Жүнісовтың басшылығымен 1934 жылы 1 жарым тонналық жүк машинасы келеді. Шөп шабатын, жер жыртып, егін салатын т.б техника келе бастайды. Тоқырауын суын пайдаланып, су диірмен орнаттырады. Оны жасаған «Оян» колхозының мүшесі Әбеуов Тоқабай деген шебер екен.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., Жетпісов С.О. Бұқар жырау ауданының топонимикасы. Қарағанды гласир баспасы. 2014
2. Аршабеков Т., Қожахмет М., Ісләмұлы І. Жер жанаты - Жаңаарқа. Қарағанды: , Гласир баспасы. 2010. – 350 б.
3. Аршабеков Т.Т., Қожахмет М., Туғанбай А.Н. Арқаның Ақтоғайы. Қарағанды: Гласир баспасы. 2018. – 450 б.

**ТЕМІРҒАЛИ АРШАБЕКОВ,**

*Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық ғылыми  
құжаттама жөніндегі архив басшысы*

**САРЫАРҚАНЫҢ САРЫ БЕЛІ**

*Сарыарқа-өзіндік табиғи бітім-болмысымен ерекшелетін, кесек тари-  
хы, оқшау ерекшелігі бар, уақытпен бірге жаңғырып-жасарған мекеннің  
бірі. Бұл өте байтақ мекен, бай мекен. «Сары десе дегендей, бұл байтақ  
өлкенің мың сан өсімдігінен бастап, тау-тасына дейін сарғыш тартып  
жатады.*

Қазақ тіліне “Сарыарқа” етене жақын, төл сөз, бірақ мағынасы күрделі.  
Ертедегі ата-бабаларымыздың кеңістікті бетке алғанда қашанда маң-  
дайы оңтүстікке қарағаны осы сөзге себеп болуы мүмкін. Немесе оң-  
түстіктегі өзбек, қарақалпақ, лақай үшін “арқа” солтүстік деген ұғымның  
синонимі [1].

Егер сақ заманында “мұртты қорғандар” салған көшпелі бетті шы-  
ғысқа түзесе, ғұндардың кезінде бет алыстың өзгеруі де мүмкін.  
Сарыарқадағы ең ірі ескерткіштің бірі Домбауыл дыңының қасбеті де  
шығысқа бағытталған. Бұл дәстүрді осы өңірдегі Қарадың, Ұйтастардан  
да байқаймыз.

Мұнымен қатар “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырында болған әңгіменің  
шыққан жері Сарыарқаға ұқсайды:

Көшеді қысы-жазы дамыл көрмей,  
Біраз елі қалды оған ермей  
Сағынып Сарыарқаны қайта көшті,  
Мазалы ел ішінде рахат көрмей,  
Көрмессің Қарабайдай жарым есті,  
Бірталай көше-көше күні кешті [2].

Сарыарқа сөзінің түп төркінін қарастырсақ, ертедегі түркі тілдері  
ескерткіш сөздігінде “сары” тұлғалы сөздің “бағыт, жақ, жан-жақ” тәрізді  
мағыналары бар. Қазіргі түркі тілдері ішінен чуваштарда – “сарлака”  
сөзінің “кең байтақ, көлемді” сияқты ұғымдарын кездестіреміз. Түркі  
тілдерінің енді біреулерінде, чұлым татарларында “сара” немесе “саһра”

– біздің түсінігіміздегі “қыр, дала” орнына қолданылады. Сонымен қатар “арқа” тұлғасының мағынасы “солтүстік” немесе “батыс” екендігіне топшылау айтылған. “Дала” мағынасындағы “сара” тұлғасы “арқа” мен біріккен тәрізді[3].

«Сарыарқа кімдікі екендігі туралы» атты Мәшһүр Жүсіптің тарихи әңгімесінде, бұл кең байтақ өңір бұрын-соңды өткен көп ел-жұрттың қонысы болғаны айтылады: "күнбатысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу, солтүстігі – Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадимде Дәшті Қыпшақ аталған қыпшақ жұртының қонысы еді» - деп жазды.

Сарыбел десе қазіргі бізге Иманжүсіп ақынның: «Абылай аспас Арқаның сары белі, Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі», деген әні естілгендей болады.

XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың басында Сарыарқа жерінде мамыражай тіршілік болған емес. Бұл заман Евразияның кең байтақ далалық өңірін мекендеген көшпелі ұлыстардың өрісі қысқарып, жан-жағынан жау анталаған кезең еді. Батыстан жауар бұлттай түнеріп Ресей империясы төнсе, Шығыстан Мәнжүр әулетіне бағынышты қара құрттай Қытай қаптап келді.

Жоңғарлардың жойқын шабуылының нәтижесінде қазақ жасағы шайқас даласында 100 мыңға жуық сарбаздан айырылды. Қорғансыз халықтың шығыны одан да көп болды, Түркістан, Сайрам, Ташкент қалаларын басып алды. Абылай ханның айтуынша, сол кезде әрбір он адамның төртеуі қаза балғаны туралы деректі Ш. Құдайбердіұлы да қостайды. Қорғануға мұршасы келмеген ел Талас, Боралдай, Шыршық, Арыс, Сырдария өзендері бойында әсіресе көп қырылды. Тірі қалғандар ата мекенін тастап шықты. Тарихта бұрын болып көрмеген алапат құбылыс – қазақ халқының үдере қашқан босқыншылығы туды.

Шығыстағы қазақ рулары ығыса келе Есіл, Тобыл, Орал өзендеріне дейін тірелді. Сарыарқада жүрген қазақ рулары Есіл, Нұра, Сарысу бойы көшіп-қонып жүре берді.

Сарыарқаның нулы Нұра бойын бір жағы Қуандық, бір жағы Сүйіндік болып жаз жайлауы ретінде қатар көшіп-қонатын болған. Елді Әбілмамбет хан, Қаздауысты Қазыбек би, елдің көмекей әулиесі Бұқар жырау, еліне қалқан болатын Нияз, Бөгенбай, Жалаңтөс батырларымен танымал болған заман. Әбілмамбет ханмен және Абылай сұлтанмен

қатар Орта жүзге билігін жүргізді. Сарыарқаның нулы Нұра бойын бір жағы Қуандық, бір жағы Сүйіндік болып жаз жайлауы ретінде қатар көшіп-қонатын болған. Сол кезден қазақ нулы жерді, сулы жердің бойын жағалап қоныстанды. Қуандық Сүйіндік рулары осы **Тоқсымақтың** бойын бірі шығысы бірі батысын ала қатар қоныстанған болу керек.

Осы өңірдің тарихи жазба деректерде тарихи оқиғаларға қатысты баяндалуы бұл Орта жүздің белгілі батыры Нияз батырға қатысты айтылады.

«Қытай деректемелеріндегі Қазақстан тарихы» атты сериясымен шыққан бұл «Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары» топтамасындағы маньчжур тіліндегі қазақ ру-тайпаларындағы отбасы саны туралы тізім дәптері бойынша 1758 жылы Нияз батырдың билігінде арғын ұлысының алтай атасынан 3000 отбасы, абақ-керей ұлысының 500 отбасы болғаны жазылған. Аталған жылы арғын ұлысының қанжығалы атасының – 2000 шаңырағы Бөгембай батырдың қоластында, Тарақты руының 400-ге жуық отбасы Наймантай батырдың қарауында, Қазыбек би қаракесектің 2000 шаңырағын, Барақ батырда көкжарлы найманның 1000 отбасылары ғана болғаны айталады: «Биыл (яғни, 1758 ж.) алтай арғындарының Қазыбек би, Нияз батыр сынды адамдары Қарқаралы, Қазылық жерлеріне қоныстанған» - деп жазған [4]. Ал, батырдың жайлаған тағы бір жері – Нияз тауы аталған. Бұл мәліметтер, XVIII ғасырдағы қазақ ұлысының халық саны туралы, олардың қоныстаған жерлері және ел басқарған тұлғалары туралы нақты мәліметтер береді.

Нияз батыр қыс айларын Түркістанда өткізгенімен, жаз жайлауға Ақтау, Ортау, Қызылтауға, Есіл, Нұра, Сарысу өзендерінің бойына, Қорғалжын көліне, Қарқаралыға, Қазылыққа, Аюлы мен Қаракөлдін аумағына көшіп келіп, қоныстап жүрген. Жоғарыда аталған Маньчжур тіліндегі Қазақ тайпаларындағы отбасы саны туралы тізім дәптерінде: «Биыл (1758 жылы ) алтай арғындардың Қазыбек би, Нияз батыр сынды адамдары Қарқаралы, Қазылық жерлеріне қоныстанған», деген жазбалар кездеседі. Ал, батырдың жайлаған тағы бір жері - қазіргі Қарағанды облысы Осакаров елді мекенінің шығысында 35 шақырымдай жерде, Вольск елді мекенінің солтүстік - шығысында 20 шақырымдай жерде орналасқан тау Нияздың атымен аталған. Бұл атау осы төңіректі жайлаған Алтайдың батыры Нияздың есімімен байланысты.

Иманжүсіптің өлеңіндегі:

Абылай аспас Арқаның Сарыбелі,  
Қуандық пен Сүйіндікпен жайлайды елі.  
Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас,  
Нияздың Аюлыда Қаракөлі – деген жолдары осыған дәлел.

Осакаров ауданындағы адыр-төбелердің, қырат-жондардың ескілікті атауы Сарыбел. Нияз батырдың жайлаған жері болғандықтан, Абылай хан бұл өлкеге қоныс теппеген. Аюлы мен Қаракөл деген жер аттары да осы өңірде кездеседі.

ҚарМУ тарих факультеті экспедициясы зерттеуінің нәтижесінде жасалған Ақмола уезіндегі қазақтардың жерді пайдалану және жайылымдық аудандары картасында №51 деп көрсетілген ортақ жайлаудағы бір жайылымның аты «Нияз» деп аталған. Бұл жерді XVIII ғасырда өмір сүрген атақты батырлардың бірі – Нияз жайлаған[5].

Ал, келесі бір, «Книга Акмолинского Окружного Приказа о летних и зимних кочевках казахов на 1865 год» атты мұрағаттық құжатта Сайдалы-Алтай руы қазақтарының «Бүйрек тал» деген жерге жаз жайлап, көшіп келетін жолдары: «по рекам Сарысу, Нуре, Ишиму, Кундуздам, Куланотпесу, Худайменды Карасу, Исеню и Манак, Актас, Искене, Куды, Джиланды, *Бурутал*, Конырадыр, Актаста, Чортандах, Батпаку, Тузды карасу, Айтын карасу, Белагач» – деп көрсетіледі. Бұл жерлерді де ертеректе Нияз батырдың қоластында болған Алтай – Сайдалы рулары мекендеген.

Мәшһүр Жүсіп бабамыз жазып кеткен Абылай туралы «Абылай аспас Сарыбел» деген аңыз әңгіме тіл ұшына тағы орала кетеді.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегінде Мәшһүр-Жүсіп көбінесе аграрлық мәселе төңірегінде сөз қозғап, тереңнен сыр шертеді. Отарлау саясатының салдарынан мал өрісі тарылып, ел арасында арандатушылықтың кең өріс алғанын сынға алады. Қалай дегенмен де «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегі бірнеше нұсқадан тұрғанымен де көтерген мәселесі мен мазмұны жағынан бір мақсатты көздегені ақиқат. Себебі Мәшһүр-Жүсіпті осы кітапты жазуға итермелеген қоғам заңдылықтары болса керек. Себебі ол: ««Қазақтың осы күнгі әңгімесі» -деп, сөйлеп, «Сарыарқа» -деп ат қойып Сарыарқаның кімдікі екендігі екенін әйгілеу үшін ...», - деп, ескертіп өтеді [6].

Айырылған біздің қазақ Есілінен,  
Өзінің болған емес кесірінен.



Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді  
Қойнында құшақтаған жесірінен.  
Адасып осы күнде қазақ қалды  
Бұрынғы ата-баба рәсімінен.  
Жылқыға керек жерге егін салып,  
Жер жыртып, мұжық қалмас кәсібінен.  
Жайлауы баратұғын тарылған соң,  
Айырылды мал да, жан да несібінен.  
Мұжықтың кесірінен қыс көбейіп,  
Кеміді төрт түлік мал өсімінен.  
Зынданда не шаһбаздар нақақ жатыр,  
Ұлықтың қылған зорлық кесімінен.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегінде жер су аттарының шығу тегіне тоқтала келе, жердің бабаларымыздан аманат болып жеткенін ескертеді. Мәшһүр-Жүсіп: «... Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздарды жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алынған жер еді», - деп, Сарыарқадағы жерлердің киелілігі батырлардың ошағы және ерлік пен батырлықтың куәсі болуымен құнды екенін жазады [7].

Айырылды біздің қазақ Нұрасынан,  
Атаның мекен салған мұрасынан.  
Зақонды жылқышы мен қойшы білді  
Үйреніп мал қамайтын қорасынан.  
Жұмысы партияның қуаттанды,  
Халық-жұрттың жаман ырым жорасынан.  
Ақша үшін ауызы ашылған жүзқараның  
Сөзі жоқ айтар түзу турасынан.  
Әртүрлі қысымшылық болып еді,  
Сасқандай жұрт жаңылып тобасынан.  
Халқына мархабатты сөзін естіп,  
Патшаны жұрт тастамас дұғасынан.  
Орысқа мынау жерің керек десе,

Әркім-ақ жылап көшті ұясынан.  
Ұлыққа бізден барып арыз айту  
Шыңның да қиын еді-ау қиясынан.  
Ұлықтың құзырына қалам тартқан  
Айта алсаң, болар ердің сиясынан.  
Қазақтан баса көктеп жер алуды  
Әдет қып алып еді крестьян.

XIX ғасырдың 60 жылдарының аяғындағы реформаға дейін Нұра, Осакаров аудандары территориясын мекендейтін қазақ рулары 1832 жылы құрылған Ақмола сыртқы округінің құрамында, ал Ботағара ауданын мекендейтін қазақ рулары жартылай Ақмола, жартылай 1833 жылы құрылған Баянауыл, жартылай 1824 жылы құрылған Қарқаралы сыртқы округінің территорияларын жайлап жатты.

XIX ғасырдың орта тұсындағы аталған аудандарды мекендеген қазақ рулары туралы мәлімет 1839-41 жылдардағы архив құжаттарында сақталған.

Бұл құжаттардың бірінде Ақмола сыртқы округінің құрамына кіретін қазақ рулары болыстарының билеушілерінің тізімі берілген [8]. Тізім 1839 жылдың сәуірінің 22-сінде жасалған.

Келесі бір архивтік құжатта Ақмола сыртқы округінің құрамына кіретін қазақ болыстарының тізімі әр болыстағы ауыл мен үй саны және руладың жазғы жайлау, қысқы қыстаулары туралы мәліметтермен бірге көрсетілген. Құжат 1841 жылдың 2 қазанында басталып, 29 қарашада аяқталған [9]. Бұл деректен шығаратын қорытынды - қазақтың бір руының ғана көшінің жалпы қамтитын жерлерінің радиусын алмай-ақ, тек жазғы жайлауы мен қысқы қыстауының ара қашықтығын алып қараса - 150 ден 300-400 шақырымға дейінгі жерді алып, негізгі қоныстары жоғарыда аталған аудандар территориясында болмаса да көшу барысында осы территорияларға дендеп кіріп, өзендер мен көлдерді бойлай көшіп, төсекте басы, төскейде малы қосылып, аралас-құралас тіршілік етіп жатқанын көреміз

Келесі бір 1865 жылғы архив құжатында Ақмола округінің құрамына кіретін болыстар, оларды құрайтын қазақ руларының жазғы көші мен қысқы қоныстары, ауыл, ондағы шаңырақ пен ер және әйелдердің саны тізілген [10].

Сайдалы – Алтай болыс билеушісі Қаңтапбай Меңдекин. Рулары Нияз

Қуандық Айтқұл Әжібай, Қабай бұлардың ішіндегі беделді ру- Нияз себебі басқа рулар осы атаумен аталған. Жазғы жайлаулары: Сарысу, Нұра, Есіл, Құндызды, Құланөтпес, Құдайменді, Қарасу, Есен Көкбекті өзендері бойы Шалқоңыр, Сасықтал, Манақа, ақтас, Ескене, Құлынды, Жыланды Бүйректал өзендері Ақтасты, Шортанды, Батпақ Тұзды деген жерлер. Бүйректал өзені осы Тоқсымақ көлінің оңтүсітк батысында орналасқан.

Келесі бір аңғаратын мәселе – көштің тарылуы. Мысалы: 1860-шы жылдарға дейін қазақ рулары оңтүстіктен солтүстікке, оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа және керісінше бірнеше болыстың аумағын кесіп өтіп, даланы ен бойлап жайлап жүрсе, енді өз болысының шеңберінен шығуға тиым салынғандықтан, қыстауынан алыс шыға алмайтын болған.

Ақмола ояздығы бойынша барлық қазақ ауылдарының саны XIX ғасыр соңында 2503 жетті. Арғын баласы Қуандық рулары Есіл өзенінің басында да, орта ағысы бойында да ауыл-ауыл болып отырды. Ақмола айналасындағы көлдерді, Нұраны, Құланөтпеске дейін. Қуандық балаларының жерлері Бетпақ даланың шөлдерінде де жатты. Шерубай Нұра өзені бойындағы аталар Ұлытау жерлерінен келді. Есіл өзен бойындағы Арғын баласы Қуандықтың рулары Қорғалжында да отырды. Мұнда Қуандықпен Сүйіндіктің бір тармағы, сондай-ақ Атығай мен Қыпшақ рулары болды. Қуандық балалары Ертіс жағынан да, қарқаралы ояздығы жағынан да Ақмола төңірегіндегі ағайындарына таянып отырды.

Арғынның үлкені Мейрам сопы балаларының жолы тек арғын ішінде ғана емес, сондай-ақ жалпы Орта жүз ішінде алдымен тұрды. Бұл туралы атақты ақын Нұржан Наушабайұлы былай жазды:

Бегендік, Шегендікке және келдік,  
Қуандық мырза төртінші би Сүйіндік,  
Үш жүздің баласы бас қосқанда,  
Байлық, бақыт осыларда, һәм үлкендік – деп.

Рулар туралы шежірелік таным бір жағынан тарихи білім болса, бір жағынан рухани тірек, сондай-ақ билік жүргізу, саясат пен идеологияның іргелі негізі болған.

Төртуыл одағын құрған басты 12 рудың ауылдары сегіз болыстықты құрап, Баянаула дуанының таулы жерлерін мекен ететін болған. Ал олардың көш бағыттары мен көш жолдары, жалпы жазғы көштің шекаралары, Ақмола округының шығыс шекарасындағы Орынбор даласына

дейін жалғаса беретін болған. Бұлардың ішінде алдымен Құлыке-Қаржас руының аты аталады[11].

Құлыке-Қаржаста Телі, Әлімбет және Ойым сияқты ірі 3 тарам ел бар, барлығы тоғыз атадан құралады. Телінің ішінде Анай, Талас, Тоқсан сияқты үш үлкен атаның орнына енді Мырзағұл, Құдайқұл, Құл, Таз, Жәдігер, Байқонды, Кенжебай, Елгелді сияқты кіші аталардың ұрпақтары өсіп-жетіліп жеке-жеке руға айнала бастаған. Олардың ішінде ең ауқаттысы – Мырзағұл ұрпақтары. Қалған аталар да мырзағұл атануға тырысады.

Әлімбеттің ішінде бұрын болған Қасаболат пен Дәулет сияқты екі үлкен атаның орнына енді оның ұрпақтары өсіп-жетіліп, Қасаболаттың балалары Жапақ, Жайнақ, Жайпан, Жылқыайдар, Табылдымен Бапақ және Дәулеттің Байболат, Жиенәлі, Ақша, Маман, Манақ сияқты кіші аталарыда жеке руға айналуға таянған.

Мойын-Алтай болысының қыстау мен көш жерлері. Жайлаулары: Ботақара, Шешенқара, Елтоқ Шат, Қызылжар, Нұра, Есіл, Құндызды, Қарағанды, Қоянды, Көкпекті; қыстаулары – Енем-Түнқатар ауылы қыстауларымен бірге. Мұрат руы Сасық Қопа, Соқыр, Сораң және Байдәулетте.

Тасболат руының қыстау жерлері – Саумалкөл, Қарағанды өзек құдығы, Тілеушоқы, Шідерті, Өлеңті, Қарақөл, Аюлы Нияз, **Тоқсымақ көлі**, Есіл, Айғай төбе, Қоянды, Анай тасы, Бұйрат, Мокше; жайлау жерлері – Далба, Бүркүтті, Көкдомбақ, Шідерті, Керегетас, Жыланды, Шолақтас.

Қазақ даласына қоныстанушылардың келе бастауы бірнеше сатыдан тұрады. Алғашында қоныстанушылар өз еріктерімен келе бастаған. Мемлекет тарапынан бұл мәселені қолға алу XVIII ғ. басындағы Ресей шекарасын қорғау мақсатында бекіністер мен казактың әскери шептерін сала бастаудан, XIX 30-шы жылдары Мемлекеттік Мүлік Министірлігінің басшысы гр. Киселев қолға алған, аз көлемдегі мемлекеттік крестьяндарды қоныс аудару арқылы іске асқан болатын. Өлкені отарлауға орыстарды жер аудару да қызмет етті[12].

Бірақ, XIX ғасырдың ортасындағы реформадан кейін де стихиялы қоныс аудару, мемлекеттік қоныс аударудың алдында жүрді. Қоныс аудару ісін жоспарлы түрде іске асыруға мемлекет тек 1885 жылы ғана, алғашында әкімшілік тұрғысынан, ал 1889 жылдан бастап заң жағынан да араласа бастайды. 1890-шы жылдың басынан бастап Сібірді



Тоқсұмақ көлі XIX ғасырдың екінші жартысы. РФ. Омбы облыстық тарихи архиві . қ 198. т 1, 1 б.

### **Ауылдың әкімшілік тарихынан**

РСФСР-дің Бүкілроссиялық Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің Қырғыз (Қазақ) АССР-ін құру жөніндегі 1920 жылғы 20 тамызындағы Декреті бойынша қазақ ұлттық мемлекеті жарияланумен бірге оның әкімшілік-территориялық бөлінуі облыстар мен уездерінің құрамы белгіленген болатын. Республика құрамындағы Семей облысына, Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері болы. Ал Ақмола облысына Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері мен Омбы уезінің жартылай қарады.

Семей губерниясы КазЦИК-тің 1920 жылғы 11 желтоқсандағы бірінші сессиясының қаулысымен құрылған болатын. Оның құрамына Зайсан (23 болыстық), Қарқаралы (24 болыстық), Семей (49 болыстық), Өскемен (39 болыстық) уездері енген болатын.

1921жылы 25 көкекте КазЦИК-тің Төтенше өкілетті комиссиясының шешімімен орталығы Петропавл болып Ақмола губерниясы құрылды. Оның құрамына бұрынғы Ақмола облысының Атбасар (51 болыстық), Ақмола (75 болыстық), Көкшетау(63 болыстық), Петропавл (44 болыстық) уездері енді.

Осы Ақмола губерниясының 1920 жылы құрылған Асан-қайғы, Астахов, Больше-Михайлов, Вишнев, Жезді, Дон, Долинск, Қарағанды, Киев, Константинов, Красная поляна, Пролетар, Нецветаев, Ново-Черкас, Покорная, Промышленная, Полетар, Ростов, Снников, Сарысу, Сарыарқа, Спас, Троицкая, Трудовая, Ұлытау, Өспен, Чернигов, Шерубай-Нұра болыстықтарының территориялары кейін 1932 жылы Қарағанды облысының құрамына енгізілген болатын.

1923 жылдың қаңтарында Амантау Нұра болыстығына Алексеев Конкратов, Николаев, Ново-Рыбинск, Приозерная, Урюпин-Санников болыстығына, Байдаулет Құмкөл, Шарықты, Шерубай-Нұра-Қарағанды болыстығына, Киев-Захаров пен Чернигов болыстығына, Богулин – Қарағанды мен Нұра болыстығына қосылды.

Соғыстан кейінгі жылдар өте қиын болды. Көбісі майданнан оралмады, ендібірі мүгедек болып оралды. Әйелдердің көбі біраз уақытқа дейін қайғыдан арыла алмады, бірақ өмір өзгерді. Қаралы



хабар жеткізетін хаттар да толастады, бірте-бірте соғыстың ызғары да басыла бастады.

«Қарағанды облыстық атқару комитетінің 1952 жылғы 14 ақпандағы Шешімімен, еңбек адамдарының қоныс аударуына (арнайы қоныс аударушылардың) сәйкес арнайы есепке алу органдарында НКВД-ның нөмірлік кенттері, олардың аттары енгізілді 1930-1931 жылдары қайта атаулармен аталды мынадай атаулары бар:

№3 Осакаров ауылдық кеңесі *Озерный селосы (Тоқсұмақ көлінің жағасында орналасқан)*».

Колхоз шаруашылығы көптеп құрыла бастады. Соғыстан бұрынғы жылдарға қарағанда егін алқаптары да көбейді. Бұл үшін колхоздарда суғару бригадалары құрыла бастады: 1- Есіл өзенінің жағасында, 2-және 3-шісі кенттен 6 км, қашықтықта болды. Адамдар тұқым себу және егін жинау кезінде сол жерде жатып жұмыс жасауына ыңғайлы болу үшін, бригадалар үшін үй-жайлар салынды, әрі жан-жануарлар мен ауыл шаруашылығы машиналары үшін арнайы орындар дайындалды. Бригада жақсы ыңғайлы жабдықталған. Адамдар жақсы еңбектеніп қана қоймай, жұмыстан кейін жақсы демалу үшін жағдай жасалды. Бригада музыкалық аспаптармен, дойбы, шахматпен қамтылды. Күн сайын жұмыскерлерге жаңа газеттер мен журналдар жеткізіліп тұрды. 1953 жылы «Тоқсұмақ колхозының» табысы 2 млн. рубль болды сөйтіп озық алдыңғы қатардағы колхоздар қатарында болды.

...Бірақ, тағы да көптеген тұмса жерлер өзінің сәтін күтіп бос жатқан еді. Бұл күнге де жеттік, 1954 жылдың наурыз айында біздің «XIX партия съезі» атындағы колхозға 64 алғашқы тың игерушілер де келді. Қарағанды шахталары тың және тыңайған жерлерді игеру үшін өзінің жұмыскерлерін көмекке жіберді. Осы келген алғашқы тың игерушілерден тракторшылар бригадасы құрылды. Есіл МТС жаңа Т-54 тракторынан 11 трактор бөлді. Жұмыс қызып сала берді... Алғашқы жылы 12 гектар тыңайған жер жыртылды. 1953 жылдан бастап, бұл уақытта шаруашылықты Григорий Васильевич Яров басқарған болатын. 1955 жылы біздің колхоз миллионер болды. Алғаш кент құрылған кезден бастап бақшалар мол өнім бере бастады. 1955 жылы мамырда, егіс жұмысы қызған кезінде біздің колхозды бірінші хатшысы, КОКП ОК бірінші хатшысы, КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы, - Хрущев Никита Сергеевич келіп көрген болатын. Ақмола облыстық атқару комитетінің



1956 жылғы 2 ақпандағы, Осакаров аудандық атқару комитетінің 1956 жылғы 24 ақпандағы, Қарағанды облыстық атқару комитетінің 1956 жылғы 12 наурыздағы төртінші егіс бригадасы (Ералы ауылы) Ақмола облысы, Вишневский ауданы, Ворошилов атындағы колхозымен біріктіріліп (*Озерное с.*) Осакаров ауданы «XIX партсъезд атындағы» колхоз деп аталды.

1957 жылы колхоз төрағасы Г.В.Яров біздің ауылдың еңбектегі жетістіктері үшін - Социалистік Еңбек Ері атағын алды.

Әсіресе 1957 жылдан 1966 жылдар колхоз өмірі үшін елеулі жылдар болды. Кентте көптеген жаңа ғимараттар бой көтерді. Бұрынғы ескі клубтың орнына екі қабатты жаңа мәдениет Үйі салынды – ол біздің мақтанышымызға айналды. Бұл екі қабатты ғимарат аяқталды қазірдің өзінде еңбекші ауылдың ең сүйікті демалыс орнына айналды. Соңында кентте жаңа шеберхана салынды, кейін МТС қолданысқа берілді.

Соңғы уақытта жаңадан қабылданған адамдардың тізімінде колхозшылар саны едәуір өсті. Еліміздің басқа облыстарынан келген адамдардан 75 адам колхозшы деген еңбек кітапшаларын алды. Тек 1957 жылдың басынан бастап 30-дан астам қоныс аударған отбасы колхоз мүшесі болуға өтініш берген болатын. Олар тың жерлерді игеру үшін Беларусьтан, Вологда және Воронеж облыстарынан келген болатын.

Жаңа тұрғылықты жері қоныс аударушыларды құшақ жая қарсы алды. Колхоздың басқарма басшысы оларды нанмен, картоп тұқымымен қамтамасыз етіп, пәтерлерге орналасуға көмектесті. Әрбір еңбекке жарамды отбасы мүшесіне оның мамандығы бойынша жұмыс берілді.

1961 жыл үлкен өзгерістер мезгілі болды. Қазақстан КПСС орталық комитетінің шешімімен Қарағанды облысындағы колхоздар совхоздар болып қайта өзгертілді. Басқару және еңбегіне ақы төлеу басқаша болып өзгерді. Совхоздағы өмірдің өзі түбегейлі өзгерді. Адамдарда басқа да сұраулар, мүдде, ұмтылыс пайда болды. Олар елімізді қайта қалпына келтіру үшін бар күштерін жұмсады.

1961 жылы «Токсұмақ» және И.В.Сталин атындағы колхоздың негізінде «XIX партсъезд» совхозы құрылды.

1961 жылы 23 ақпанда алғашқы совхоз директоры Бондарев Михаил Игнатьевич болды, кейіннен бұл өкілдікті 1965 жылы 11 қазанда Г.В.Яровқа жүктеді. Ол бұл қызметті 1976 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін атқарды.

### Ауыл топонимдері

Біздегі сөз мәдениетінің бір тарамы – жер-су атаулары. Жер болған соң жердің барлығы жазық бола бермейтіні белгілі. Өзінің табиғи, геологиялық қалыптасуына орай жер бедері әртүрлі болады. Соның сипатына қарай адамның мал өсіру, егін салу сияқты басты шаруашылығын жүргізуіне орай жер аты да қалыптасатын болған. Қазақ халқының ертедегі ата-бабалары, табиғатқа етене жақын, жер-суға үнемі тамырлас өскен. Сондықтан сол ортаға қатысты атауларды тау-жоталардың бедерін, дарқан даланың келбетін дәл бейнелеп, оның сипатына лайық қисынмен атаған.

Топонимика саласындағы атаулардың ішінде саяси тарихтың ықпалына көбірек түсіп, өзгеріске жиі ұшырап жататын түрі – елді мекендер атауы. Елді кім билесе – сол, өз билігін заңдастырудың, яғни, мойындатудың бір құралы ретінде, өзінің жүргізіп отырған саясатына ыңғайлап, елді мекендердің атауын өзгертуге тырысады.

**Бүйрек тал өзені.** Бүйректал - жер-су, өзен аты. Есіл өзенін маңайлай ағатын кішкене өзенше. Бірнеше ру бас қосатын құнарлы жер болғандықтан тарихи деректерде жиі кездеседі

**Нияз тауы** Нияз - тау. Осакаров ауданының солтүстік-шығысында аралары бірнеше жерден үзілген тау, Ұзындығы 50 км, ені 15 км болып солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле созылып жатыр. Бұрынғы Шідерті тауының кейінгі тұста қойылған атауы болуы ықтимал. Қазақы этноним бойынша қойылған атау, бірақ иран тілі негізіндегі сөз. Нияздың баурайынан Есіл өзені, Шідерті өзенінің салалары бастау алады.

Нияз таулары. Бірсыпыра өңірді алып жатқан Нияз таулары Жақсы және Жаман Нияз болып бөлінеді. Жақсы Нияз Сарыбел ауданының солтүстігіне қарай орналасқан биіктігі 800 м. сәл ғана асады. Бұл жер қысқа ыңғайлы, әсіресе қыс айларында мал қыстатуға жайлы болғандықтан Жақсы атанған. Ал қысты күні қары мен бораны көп оңтүстік жағындағы Нияз қырлары “Жаман” аталады. Бұл көшпелі мал шаруашылығының ыңғайына қарай қойылған сипаттама деп түсіну керек.

Солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған тау жүйесі. Мал қыстатуға байланысты ертеде Жақсы және Жаман деп бөлген. Солтүстік бөлігі / Жақсы/ мал қыстатуға ыңғайлы, қар аз түседі. Нияз – ХҮІІ-ХҮІІІ ғ. бірінші жартысында өмір сүрген атақты батыр, ру көсемі және елші. Қазақ ханы Әбілмәмбетті хан көтерген, Түркістан маңына билік жүргізген, қалмаққа

және өзбекке елшілікке сан рет барған адам. Руы Арғын - Қуандық ішінде Сайдалы. Тарихи деректерде Сайдалы Нияз атанады /немесе Нияз Туркестанский/.

**Есіл** - Осакаров ауданының ең атақты өзені. (Орыс тілінде өзен Ишим деп аталады) Ол Қазақстанның орталық, солтүстік облыстарын басып өтіп, Ертіс өзеніне қосылады да әрі қарай Обь өзеніне барып құяды. Белгілі топономист Г.К. Қонқашпаевтың пікірінше «Есил» - «скрученно-волнистое течение» дегенді білдіреді. Яғни өзен суының бұралып, арқан сияқты есіліп ағатынын байқатады.

Есіл өзеніне келетін болсақ, оның бастаулары да Нұра өзені сияқты екі сала болып басталады. Екеуі де Нияз тауларынан, бірі Жақсы Нияздан, екіншісі Жаман Нияздан басталады. Осыдан басталып Қоңыр адырдың оңтүстік беткейімен солтүстік-батысқа қарай ағады да Жарқайың ағаш тұсынан кілт бұрылып тікелей солтүстікке қарай тартады. Сонымен Есіл өзенінің негізгі ағысы біздің облыстың шекарасынан тыс қалады

**Тоқсымақ көлі** ауылдың солтүстік батысында орналасқан суы тұщы, көктемгі қар суынан жиналады. Аумағы аумағы 5,7 км<sup>2</sup>, ені 3,2 км, кейбі жері ені. 2,8 км, шамасынды судың тереңдігі 4 м, су жинақту қоры 9,2 млн. м<sup>3</sup>. Көл көктемгі сумен қатар жер асты суларымен толығып отырады. Жағалауы жайлы құмдақ. Көлде балықтың бірнеше түрі бар.

Тасболат руының қыстау жерлері – Саумалкөл, Қарағанды өзек құдығы, Тілеушоқы, Шідерті, Өлеңті, Қарақөл, Аюлы Нияз, Тоқсымақ көлі, Есіл, Айғай төбе, Қоянды, Анай тасы, Бұйрат, Мокше; жайлау жерлері – Далба, Бүркүтті, Көкдомбақ, Шідерті, Керегетас, Жыланды, Шолақтас.

Жер тарихы – ел тарихы. Сарыарқа жері өзінің басынан небір қиыншылық заманды өз басынан өткізді.

Қазіргі кезеңде қоғамдық пікірде тарихи ес мәселесіне айрықша мән беріліп, жіті назар аударылуда. Тарихи зерденің елеулі бір саласы ретінде танылған адамзат баласының тербеліп өскен төл бесігі – жер Ананың географиялық елді мекен атауларына дейін қоғамдық пікірде қайта екшеленіп, сын көзбен қаралып, жаңаша мән-мағына берілуде. Осы атаулар халықтық топонимдерге тікелей қатысты. Жазиралы кең алқапта орналасқан осы Тоқсымақ көлі соның бір мысалы болса керек. Абылай заманыда Қуандық, Сүйіндік аталарына қоныс болған ХХ ғасырда келімсектерге пана болған осы тарихи топонимнің кірме Озерный атауынан Тоқсымақ аталатын кез келді.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрмағанбетұлы Ә. Жер судың аты-тарихтың хаты. Алматы: Балауса, 1994. – 64 б
2. Марғұлан Ә. Қозы Көрпеш – Баян сұлу кешені. Алматы: Өнер, 1994. – 34 б.
3. Нұрмағанбетұлы Ә. Жер судың аты-тарихтың хаты. Алматы: Балауса, 1994. – 64 б
- 4 Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары т1. Құрастырған қытай деректермелерін аударған. Кіріспесін, ескертулері мен түсіндірмелерін жазған Б. Еженханұлы. Алматы «Дайк-пресс» баспасы. 2009. 40 б
5. Аршабеков Т.Т., Жакин М.С., Жұмабеков Ж.А. Қарағанды облысы Нұра ауданының топонимикалық картасы: тарихи негіздеме. Монография. Қарағанды: Гласир баспасы, 2009. – 216 б.
6. Мәшһүр-Жүсіп Шығармалары. 8 том. Павлодар 2006 жыл, 276 б
7. Мәшһүр-Жүсіп Шығармалары. 8 том. Павлодар 2006 жыл, 276 б.
- 8.Қазақстан Республикасы Орталық мұрағат /Қ-374. Т-1. І-196. 2 об.,3,3 об.,4 п./
- 9.Қазақстан Республикасы Орталық мұрағат. /Қ-374. Т-1. І-911. 20 об.-23 п./
10. Қазақстан Республикасы Орталық мұрағат Қ-744. Т-1. І-48. 10-14 п./.
11. Алпысбес М.А., Аршабеков Т.Т. Бұқар жырау ауданының тарихы. – Қарағанды, 2012. – 480б.
12. Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., Жетпісов С.О. Бұқар жырау ауданының топонимикасы. Қарағанды - 2014

**ШАЛҚАРБЕК КӘРІБАЕВ,**

*Сібір қазақтарының тарихын*

*зерттеуші-өлкетанушы,*

*Қазақстан журналистері Одағының мүшесі*

**СІБІР ЖҰРТЫ НЕМЕСЕ КӨШІМ ХАНДЫҒЫ ҚҰЛАҒАННАН KEЙІН  
БАТЫС СІБІР АЙМАҒЫНДА ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАҒАН ЖЕР-СУЛАРДЫҢ  
БАЙЫРҒЫ АТАУЛАРЫ**

***Шарлақ уезіндегі ел, жер, су атауларының шығу төркіні***

Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов және Ақжар ауданының жері Совет үкіметі орнаған алғашқы жиырмамыншы жылдары Ақмола губерниясына қарасты Орехов ауданының негізінде құрылған Шарлақ уезінің қарамағына қарады. Оның құрамында *он бес болыстық әкімшілік болды*. Осы он бес болыстың ішінде Алабота, Қойтас, Қорған (кейіннен Қара Ой болысы атанды), Қызылағаш, Керей, Теке, Қарауыл (бұрынғы Николаев болысы) болыстарының негізгі бөлігі қазақтар болғандықтан көшпелі болыстар атанған еді. Бұл болыстар қазіргі көршілес Уәлиханов және Ақжар аудандарының аумағы. Қалғандары: Добровольская, Дробышев, Котельниково, Орехово, Покров, Русская Поляна, Степанов, Черноусов болыстары Омбы облысына берілді.

Бұланбай ауылының тумасы Зейнолла Оспанұлын ауыл балалары «Зәкен әтәй» деп атайтын едік. Ел мен жердің тарихын, осыған байланысты шыққан атауларды, ата-бабаларымыздың тарихын Зейнолла ағамыздың аузынан көп естідік. Көпшілігін ұмытып қалмас үшін қағазға түсіріп те алатынмын. Арғы атамыз Бұланбай батырдан Көксіл, Үйрек, Шүрек, Арал, Қашаған есімді бес ұл туады. Бәйбішесінен Көксіл (менің арғы атам), екінші әйелінен қалған төртеуі туады. Бес ұлдың арасында ел ішінде «Кәрі би» атанған Шүрек би Бұланбайұлы. Зейнолла ағамыз осы Шүрек бидің алтыншы ұрпағы. Бүгінде марқұм болған Зейнолла Оспанұлы ақсақалдан естіген шежірелік деректерді жұртшылықтың назарына ұсынуды жөн көрдік. Жер-су атауларына байланысты деректердің қайсы бір атаулары тарихи оқиғалармен сәйкеспей жатса көпшіліктен кешірім өтінемін. Ел ішінде құйма құлақ көнекөз қариялар қалған бол-

са, не болмаса кейінгі буын замандастардың үлкендерден естіген аңыз-әңгімелері болса дұрыс-бұрысын түзетіп үн қосар деп ойлаймын. Естіген құлақта жазық жоқ дегендей – ілгеріде өткен ата-бабаларымыздан қалған аңыз-әңгімелерді бертінге дейін жеткізген өзімізден үлкен аға буынның ауызынан естіген деректер бойынша қағаз бетіне түсіруді жөн көрдім. Қалайда болсын әрбір аңыз бен шежірелік әңгімеде халқымыздың қағазға жазылмай кеткен тарихынан, бұдан сан ғасыр өткен өмірінен дерек беретін көмескі болса бір іздері сайрап жатыр. Қазір екі-үш атасынан әрі қарай жөнді мағлұмат білмейтін «Ұлы орыс» халқы да көне тарихтың қойнауын ақтарып өздері шыққан генеологиялық ата-тектерін іздестіріп жатыр. Тіпті жер-су атауларына қатысты материалдарды да архивтерден ақтарып өздерінің мемлекеттік тұрғыдағы көзқарастарына сай қайтадан өңдеп жазуда. Оларға қарағанда осы құтты мекенімізді сонау 13-15 ғасырларда Тайбұға әулеттері билік құрған, одан қалды Сібір хандары Бекболат, Жәдігер, Сейдахмет (Сейтек), Көшім хандардың хандық құрған заманында Батыс сібір аймағын ен жайлаған ата-бабаларымыздың ілгерідегі тарихы келешек ұрпақ үшін қажет. Жалпы қазақтар әрбір тарихи оқиғалар мен құбылысқа қатысты ат қоюға шебер халық. Жеті атасын білмеген жігіт жетім дегендей еліміздің, жеріміздің, суымыздың тарихи атаулары қандай оқиғаларға байланысты қалыптасты және осы атаулардың шығуының түп төркіні қандай жағдайда пайда болды. Тәуке ханның заманынан бұрын Үлкен Қара ойдың солтүстік батыс өңірі ағайынды Құттымбет – Бәйімбеттердің жайлайтын қонысы екен. Орыстар Сібір хандығын талқандап біржола тарих сахнасынан кетіргеннен кейін де хандықтың құрамында болған орта жүздің қыпшақ (соның ішінде құлан қыпшақтар), керей-уақ, арғын (атығай-қарауыл, бәсентиін, қанжығалы, тобықты, кіші арғынның Әлімбет, Бәйімбет, Шақшақ рулары. Осы рулар туралы ел арасында «Әлімбетке ерсең қамқадан шапан киерсің, Бәйімбетке ерсең ат үстінен сиерсің, Шақшаққа ерсең шешініп жауға тиерсің» деген сөз де бар. Жармақтың оң қолы болған Иван Кольцоны Сібір ханы Жәдігердің уәзірі болған Шағыр бидің ұрпағы – кіші арғынның батыры Бегіш Сомжүрекұлы өндірішегіне садақтың жебесін қадап өлтіреді. Бұл деректі Омбы қаласының тұрғыны, Міржақып Дулатұлына туыс болып келетін Шолат ақсақалдан 1983 жылы жазып алдым), кіші жүздің жеті руы (жағалбайлы, тама, табын, керейт, кердері, рамадан, телеу) Көшім ханның ұлдары Әли мен Есім сұлтандардың

орыстарға қарсы жүргізген соғыстарына қатысты. Олар Мәскеу жіберген жалдамалы орыс қосындарынан біржола жеңіліс тапқаннан кейін қазақта Еңсегей бойлы Ер есім атанған Есім ханның заманында қазақ хандығының құрамына енді. Сібір ханы Сейдахмет билік құрған тұста Омбы облысының солтүстігіндегі Үлкен Үкі, Кіші Үкі, Тарск қаласының айналасы, Бағай өзенінің құйылысы, Той, Арқар өзендері мен Тебінді, Тас атқан өңірлері керейдің Тарышы, Шеруші, Шимойын тайпаларының, сырт қарауылдардың (Атқы, Жауар, Мөңтік, Сары руларының) қоныстары болды. Осы аймақтағы орман алқабының және Ертіске құятын кішігірім өзен Сібір хандарының заманында Шеруші атанған (орысша Чекруша). Қазіргі Омбы облысының Знаменский ауданы – кіші Үкі, Большеуковский – үлкен Үкі, Называев, Любин, Москаленко аудандары – Жолдыөзек, Павлоград, Русская поляна, Нововаршавский, Черлак аудандары орман – тоғайлы Құрымбел аймағы атанған еді.

Үлкендердің айтуынша бұл өңірде екі Бәйімбет болған, екеуі де өз дәуірінің белгілі тұлғалары, қол бастаған көсем, сөз бастаған шешен кісілер екен. Соның біреуі Күрсары атасына жататын «қызыл көз» Бәйімбет. Жауға шабар алдында көзі қанталап қызарып кетеді екен. Осы себептен де ел ішінде «Қызыл көз» батыр атанған Бәйімбет батыр Абылай ханның заманында өмір сүрген адам. Менің арғы атам Бұланбай, Шеруші руының ішінде Байтайлақ, уақ Сары батырлар бәрі тұстас адамдар болған деседі. Ал Бұланбай Әйтiмбетұлы 1690-91 жылдар шамасында дүниеге келген адам. Зираты Любин ауданының жеріндегі Жолдыөзектің тоғайының ішінде жатыр. Күрсарыдан Есбол, Есболдан – Сақал, Сары, Бөрке, Құрман және Дуадақ-Төбет егіз туады. Сондықтан осы екі атаның ұрпақтарын бөліп, жармай Дуадақ-Төбет деп қатар атайды, егіз туған Малай-Бақтыбай тәрізді. Ел ішінде өзінің батырлығымен аты шыққан «Қызылкөз» Бәйімбет осы Төбет атасынан тарайды. Төбеттен Өтебай, Бәйімбет, Асан, Үсен есімді төрт ұл туады және бәрі де шетінен батырлығымен аты шыққандықтан ел ішінде «Төбеттің төртеуі» деген айдарлы есімдерімен әйгілі болған адамдар. Дуадақ-Төбет атасынан тараған ұрпақтар өз алдына бір-бір тайпа, бір-бір ауыл. Бәйімбет батырдың Ұмсынай есімді бәйбішесінен – Қарақожа, Биғожа, Байқожа, Қожағұл, Елшібай, Көлбай, Тайкелтір есімді жеті ұл туады. Кейінгі тұтқын болып қолға түскен тоқалынан Есмұхамед туады, оны ел ішінде естек әйелінен туғандықтан «Естек» атанып кеткен. Тәуке ханның заманында



құба қалмақтар Ертістен өтіп Астрахан қалмақтарымен қарым-қатынас жасағаны тарихтан белгілі. Іргелес жатқан Омбы облысының Москаленский ауданында Ебейті деген көл бар. Байырғы атауы «Тұздысор». Ебейті қалмақ ханының Еділ қалмақтарымен арасында дәнекер болған елшісі, әрі қолбасшы батыры. Сол кезде жасы жиырмадан жаңа асып, ерлік істерімен аты шыға бастаған Бәйімбет батыр осы Ебейтімен алғаш жекпе-жекке шығып атан өгіздің терісінен иленіп, қорғасынмен күптеліп өрілген он екі таспа қамшымен жауырын тұсынан тіліп жіберген деседі. Осы алған жарақатынан кейін қалмақтың батыры Ебейті қырық күн «Тұздысор» көлінің жағасында жатып қайтыс болады да, артынан көлдің бұрынғы атауы қалмақ батыры Ебейтіге байланысты аталып кетеді (бұл деректер Зейнолла Оспанұлының аузынан 1984 жылы жазып алынды). Соған қарағанда бұл өңірде болған осынау оқиға 1730-32 жылдар аралығында өткен тәрізді.

Екіншісі керейдің Шеруші атасынан тарайтын Байтайлақ батырдың әкесі Құттымбетпен бірге туысатын Бәйімбет батыр да Тәуке ханның заманында өмір сүрген адам. Зираты Үлкен Қара Ойдың оңтүстік шығысында жатыр деген жорамалды қариялардан естуші едік. Осы аймақта орыс-казактың «қала салған» заманында «Бәйімбет бұлағы» болған деседі. Жалпы Үлкен Қара Ой мен Кіші Қара Ойдың айналасында тың игергенге дейін суы тұщы саумал бұлақтар мол болыпты. Бұл Бәйімбет он сегізінші ғасырдың екінші жартысында керей Жәнібек батырдың көшіне ілесіп Ертісті бойлап Алтай асып кетті. Жолға шығарында «қызылкөз Бәйімбетке» де бірге ілесіп баруды өтінеді. Төбеттің Бәйімбеті – Құба қалмақпен де, қара қалмақпен де жер үшін жауласып, дауластық. Енді бүйірден қадалып қаптаған «Сары қалмаққа» ата-қонысымды қалдыра алмаймын. Амандық – саулықтарыңызға тілектеспін. Жаңа қоныстарыңыз жайлы болсын – деп жауабын жібереді. «Қызыл көз» Бәйімбет батырдың сегіз ұлынан тараған ұрпақтары қазіргі Омбы облысын мекендейді. Ұлы қазан төңкерісіне дейін Бәйбішеден туған үлкен ұлдары Қарақожа, Биғожа, Байқожа, Қожабай, Елшібайлар жеке ауыл болып Үлкен Бәйімбет атанса, ең кенжесі Естекпен (Есмұхамед) бірге еншілес болуды ұйғарған Тайкелтір мен Елшібай ұрпақтары өз алдына кіші Бәйімбет ауылы атанды.

Қаз дауысты Қазыбек бидің баласы Бекболат хан Абылайдың ордасын шабу үшін бес Мейрамның қолын жинап Көкшетауға аттанғанда бал-

та керей Тұрсынбай батырдан хабар тиісімен хан ордасын қорғау үшін Керей-уақ пен атығай-қарауылдан жасақ жинап қыпшақ Сағалайұлы Қошқарбай батырмен бірге тізе қосып Имантауда Бекболаттың жолын тосатын осы «қызылкөз Бәйімбет». Екі жүз жылға созылған қазақ-қалмақ соғысынан қалжыраған елдің арасында қан төгіске жол бермеуді көздеген хан Абылай Бәйімбеттің ықылас-ниетіне ризашылығын білдіріп қалың қолын Сарыадыр жаққа бұруды, жолдан шаршап-шалдығып келе жатқан Бекболаттың сарбаздарына тосқауыл болмауды сұрайды. Екі жақ келісімге келгеннен кейін қиын қыстау кезеңде балта керей Тұрсынбай батырмен бірге қасынан табылған «қызылкөз Бәйімбет» пен Қошқарбай батырларға хан ордасының төрінен орын берген деседі.

Осы аңыз-деректі әкем Шайкен (Шахизада) Мұқанжарұлы Қызылту ауданының орталығында тұратын әнші, әрі жыршы Үкілі Ыбырайдың көзін көрген Тақау Сейітовтен 1960 жылдары жазып алыпты. Бұл біздің өңірдегі ел қорғаған бабаларымыздың бастан өткерген тарихының бір парасы ғана. Әлі де болса ашылмаған тарихымыз қаншама.

«Қала» сөзі сібір қазақтарының арасында сонау Көшім ханның заманынан келе жатқан термин. Мәскеу патшалығы Сібірді жаулап алған алғашқы жылдары өздері қоныстануға лайықты жерлерге қамалдарды тұрғыза бастағаны тарихтан белгілі. Кейін бұл жерлер сауда-саттық жасайтын, жәрмеңке ашатын ірі қалаларға айнала бастады. Сібірдегі Тобольск, Тарск, Тюмен, Омск, Ишим және басқа да ірі қалаларға орталық Ресейден жергілікті халықты тонап, пайда тауып баю үшін келген орыстар мен Мәскеу патшасының қаһарынан қаймыққан қашқын келімсектер тобырымен келе бастады. Сібір жерін отарлаудың мұндай сұрқия әдісі патшалық Ресей тарапынан үлкен қолдауға ие болды және оларға жергілікті қазақтардан тартып алынған жері үшін қазынадан арнайы қаражат төленіп отырды. Столыпин тұсында ішкі Ресей өлкесінен қоныс аударып келген орыстың қаратабан мұжықтары мен жөкеаяқтары (қамыс шәркей – лапта киіп келгендерді ата-бабаларымыз солай атаған) бес-он үй бірігіп қазақтардан тартып жерлерге деревня, хуторларын орналастыра бастады. Олардың қазақтардан тартып алынып, иемденген қоныстары бертінге дейін жергілікті халық үшін «қала» немесе «орыстың қаласы» деген ұғыммен қалыптасып қалды.

Қазіргі Омбы облысының аумағында қалған ата-бабаларымыздың қонысы орысша атауларға ие болып көптеген өзгерістерге түсті. Он

тоғызынша ғасырдың аяғы жиырмасыншы ғасырдың басына дейін қазіргі Ақжар – Уәлиханов ауданымен іргелес жатқан Омбы облысындағы елді мекендердің бұрынғы қазақша атаулары Полтавка – Сарыкөл, Григорьевка – Қазыбек, Еремеевка – Қаудантал, Борисовка – Дүйсенбай (одан ертерек 18 ғасырда Жанатай), Екатеринославка – Ұзынкөл, Новоскатовка – Жаманқала, Грушановка – Қызылшілік, Цветково – Жарқынағаш, Желанное – Шұбарбие, Одесское – Құрас, Бобровица – Сырнайшы, Ореховка – Шаңдақ еді. Бірақ әрі қарай тізе берсең қағаздың беті де жетпейді. Ең алдымен Ақжар ауданындағы елді мекендердің атаулары шығу төркіндеріне тоқтала кетейік.

### Тулақ

Ұялы селолық округінің аумағындағы суы терең шұңқыма көл. Бұрынғы «Тельман» совхозы, қазіргі Ақсары ауылынан оңтүстікке қарай 3 шақырым жерде. Он сегізінші – он тоғызыншы ғасырлардағы бұл көлдің байырғы атауы Тереңсу. Бастерек, Тулақ көлдері сол заманның шонжарлары Бөртебайдың Шәмелі мен Тоғжанның Садуақасының жазғы жайлауы болған. Көнекөз ақсақалдардың айтуынша көлдің Тулақ атануы он тоғызыншы ғасырдың жетпісінші жылды осы өңірде өткен оқиғаға байланысты пайда болған екен.

Шамамен 1880 жылдар аралығында Дуадақ-Төбет елінің байы әрі Теке елінің болысы әкелі – балалы Бөртебайдың Тәшімі мен Шәмелі осы өңірде шілде айында үлкен той жасап, ат жарысын өткізіпті. Бәйгеге Қызылжар-Омбы аймағын мекендеген қазақтардан 50-60 қаралы ат жарысқа қосылған дейді. Мәре сызығы 40 шақырымдық ат жарысы Шаңдақтан (Қазіргі Ореховка) бастау алып Екіқұлын ауылының тұсына дейін созылған. Күннің аптап ыстығына шыдай алмаған аттардың көпшілігі Ұялының жанындағы Айбала шоғының тұсына келгенде зорығып өледі. Аттардың зорығып өлген жері кейін Атқырылған атанды. Бұл жерге он тоғызыншы ғасырдың аяғында орыс переселендері ішкі Ресейден көшіпкеліп қоныстанды да Гришковка деревнясының негізін қалады. Өлген аттардың терісі (шамамен 25-30 ат болуы керек) Тереңсу көлінің айналасына жайылып күнге кептіріледі. Шілденің шыжыған ыстығынан бүрісіп, кеуіп қалған малдың терілері іске жарамай тулақ болып қалған екен. Содан бері аттардың терісі жайылып тулаққа айналғандықтан бұл көл Тулақ атанған. Қазақта – ат арыса тулақ, ер арыса аруақ – деген сөз де бар.

### **Төрегелді немесе Төркөлі**

Сепкрай қазақтарының жаз жайлауы болған бұл мекеннің бұрынғы атауы Бастерек тоғайы, Бастерек жайлауы немесе Бастерек көлі. Он тоғызыншы ғасырдың аяғында осы көлге таяу шұрайлы жерлердің батыс жағы Бастерек жайлауын ішкі Ресейден орыс переселендері қоныстанып Филоновка деревнясының негізін қалады. Көлдің солтүстік шығыс өңіріне он тоғызыншы ғасырдың басында Дәуіт аталарынан тараған ұрпақтар қоныс тепті. Осы жердің байырғы атауы шамамен 1901 – 02 жылдары осы араға қыр еліндегі (Сарыарқаның адамдарын біздің елде қырдың қазақтары деп атайды) Тоқырауын өңірінен бір төренің келуіне байланысты өзгерген дейді көпті көрген көнекөз қариялар. Ал, енді бір дерек көздері осы араға Омбыдан аң-құс аулауға келген орыстың ұлығы келуіне байланысты қойылған дейді.

Бірақ Омбы маңайындағы қазақтардың байырғы тілінде «орыстың төресі» деген ұғым жоқ. Оларды «Орыстың ұлығы» немесе өздерінің тілдерінен енген атаумен «Орыстың қожайыны» деп атайды. Ал, сол өңірдің тарихы мен шежіресін тәуір білетін Зейнолла Оспанұлы ағамыздан естіген дерегіміз шындыққа көп жанасады.

Алаш жұртының көшбасшысы болған Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың өмірі мен қызмет істеген жылдары Батыс Сібір губерниясының орталығы болған Омбы қаласымен тығыз байланысты. Қазақтың талай жақсылары мен жайсаңдары осы қалада оқып, білім алғаны тарихтан белгілі. Солардың ішінде Қызылжар – Омбы қазақтарымен етене араласқан Әлихан Бөкейханов. Сол кезде жігіт ағасы болса да отыздың жуан ортасына келіп қалған Әлихан Омбының беделді орыстарының бірі, петрашевшілдік көзқарасы үшін Петербургтен Сібірге жер аударылған Яков Севастьяновтың қызы Еленамен көңіл жарастырады. Ол кезде діні бөлек жұрттан әйел алу қазақ баласының ғұрпында жоқ. Осы хабар Әлиханның қырда отырған туыстарына да жетеді. Иісі орта жүзге абыройлы хан тұқымының мынадай өрескел қылығына әкесі де ризашылығын білдірмейді. Осылайша ой қорытқан әкесі неде болса баласының хал-жағдайын білу үшін қос атты пәуеске жегіп Тоқырауын бойынан Омбыға жол тартады. Сонау Сарыарқа, Торғай даласынан бастап әрісі Қарқаралы-Баянауыл, берісі Көкшетау-Қызылжар-Омбы қазақтарына есімі белгілі бола бастаған Әлихан Бөкейхановтың әкесі баласының жағдайын білуге аттаныпты

деген сыбыс жалпақ жұрттың құлағына бұрын жетеді. Алыс жерден ат терлетіп келетін төрені күтіп алу үшін Омбы маңайын мекендеген қазақтың игі жақсылары мен жайсаңдары өздерінше қамдана бастайды.

Төрені Бастерек көлінің жағасынан үй тігіп күтіп алуды қарастырады. Айтулы мерзімде төре де межелеген жерге жетеді. Сонымен Омбыдан жүз шақырым жердегі көлдің жағасында құрметті қонақты үй тігіп, мал сойып қарсы алады. Бұл арада елдің беделді адамдары қаладан Әлиханды да шақыртып алады. Есендік-саулық сұрасқаннан кейін төренің алыстан соншалықты ат сабылтып келуінің мәнісін сұрайды. Ол келген себебін айтады. Елдің игі жақсылары бұл арада Омбыдағы Әлиханға да хабар беріп, айтулы мезетте шақыртып алады.

Көп күттірмей есіктен Әлихан да кіріп келеді де төрде отырғандарға иіліп сәлем береді. Әлекеңнің әкесі баласына жақтырмай бір қарап алады да, жүрегiнiң түкпiрiнде берiш болып қалған сөздерiн ақтарады.

– Әлихан! Қарағым! Қазақтың қырық руынан қырық қатын әперуге шама да, атақ-абырой да жетеді. Білімiң де қай орыс-қазақтан кем едi. Аузы түктi кәпiрден қатын алудың не жөнi бар – дейдi.

Әлихан – Ормандай орыстың арасында қазақ баласының сөзiн сөйлеп, жоғын жоқтайтын да бiр адам керек емес пе – деп жауап қайырады.

Әлиханның сөзiн құп көрген Тоғжанның Садуақасы – Төре! Әлекең дұрыс сөзiн айтып отыр. Қарсылық бiлдiрмей ризашылығыңызды берiңiз – дейдi. Яков Севастьяновтың ұлдары Петр мен Василий ақ патшаның сарайын төңiректеп Петербургте қызмет iстеп жүргендiктен орыс зиялыларының алдында сөздерi өтетiн беделдi адамдар едi. Сiрә, қазақ елiнiң дербестiгiн аңсаған алашорданың болашақ көсемi мұндай қадамға патша тепкiсiндегi елiнiң алдағы күнiн ойлағаннан барған тәрiздi. Сонымен, Әлихан Бөкейхановтың әкесi ат шалдырып, дем алған жерi «Төре көлi» немесе «Төре келген көл» атауына ие болып «Төрекелдi» деген атпен жұрттың жадында қалды. Он тоғызыншы ғасырдың аяғында Бастерек көлiнiң солтүстiк шығысына iшкi Ресейден көшiп келген орыс мұжықтары Филоновка деревнясының негiзiн қалады. Деревняның қазақша атауы да Бастерек болды.

### **Бұланбай**

Ақсары- Күрсары, Күрсарының iшiнде Есболұлы Сарының (шын есiмi Сарғатбек) – бәйбiшесi – Төлкеден Балта, Қайдауыл, Қанатбай, Шегрек,

тоқалы Сырғадан – Малай, Бақтыбай, (Малай-Бақтыбай егіз туған) Толыбай, Түктібай есімді ұлдар туады. Осылардың ішінде Малай-Бақтыбайдан тараған ұрпақтар бір қауым ел болды. Малайдың Әйтiмбет, Бабыс атты екі ұлынан он екі ауыл Малай жұрты, ал, Бақтыбайдан туған тоғыз ұл – Кегентай, Ақжігіт, Жанжігіт, Досай, Дона, Өмір, Қарабас, Шіреншек, Шақаман өз алдына бір-бір ауыл болды. Сонау ақ патша заманында он екі ауыл Малай, тоғыз ауыл Бақтыбай атанған елдің қариялары бірі-бірімен жүздескенде «егізімнің сыңары» деп амандық сұрасады екен.

Малайдан Әйтiмбет, Бабыс туады. Әйтiмбеттен – Өлмесек, Жұман, Дәуіт Бұланбай, Баубек, Бекбау, Қыстаубай есімді жеті ұл, Бабыстан – Бұқар, Өтеп, Қозыбақ, Жолболды туады. Сарыдан Малай-Бақтыбай егіз туса, Әйтiмбеттен Дәуіт-Бұланбай егіз туған. Бұланбай ұрпақтары Өсіп қажы Самайұлының бас-көз болуымен осы жерге жиырма-шы ғасырдың 5-7 жылдарында келіп қоныстанған екен. Бұл арадағы тоғайдың бауырында үлкен көл де болды. Көлдің бұрынғы атауы Өгізөлген. Аңыз бойынша осы көлдің жағасында бір кемпірдің өгізі үйелеп өлген дейді. Содан көлдің атауы Өгізөлген атанған. Малай ішінде Бұланбай атасының ұрпақтары ішкі Ресейден көшіп келген орыстармен жайылым жерлер үшін көп жанжалдасқан. Солардың ішінде Жантөбетұлы Қожатай Қорған уезінде үш жылға болыс болып сайланысымен «Ал Малай-Бақтыбай балалары – ұрлық қылатындарың ұрлық қылыңдар, кісілік құратындарың кісілік құрыңдар» деген екен, Назарұлы Қожабай 1916 жылы алпыстан асқан шағында Омбының «Ақ түрмесінде» қайтыс болды, үш әйелі болса да одан ұрпақ қалмады, Жұматайұлы Жүніс (Шөкөнай) соғыстың ішінде Қырық үй Бөкен (Селивановка) ауылында сексеннен асқан шағында қайтыс болды. Жасында орыс переселендерінің малын барымталап, тыныштық бермеген тентек кісі болыпты. Коллективтендіру жылдарында колхозға неге мүше болып кірмейсің деген үкімет адамдарына «Колхоздың жұмысына темір шыдамаған Шөкөнай шыдай ма» деген сөзі бар. Қарынбайұлы Мұхиден – жастай қайтыс болған. Есейген жігіт кезінде орыстармен жайылымға таласып, жанжалдасып ақыры солар атып өлтірген дейді. Бұланбай ұрпақтары орыстардың жайылымдары мен малдарына тиыштық бермегені өз алдына, егістік жерлеріне де жылқыларын жіберіп ойрандап кетеді екен. Сібір қазақтарының арасында беделді және өз заманының сауатты шонжары Тоғжанның Садуақасы аталас ағайын болғаннан соң



олардың бұл қылықтарын беттеріне басып қанша ақыл-кеңесін айтып жөнге келулерін өтінсе де сөзіне құлақ асып, иліге қоймапты. Тілін алмағандықтан «Бұларға не дауа, жер ауып қаңғырып келген кембағал, жөкеаяқ – орыстарға күн көрсетпей қойды, Бұланбайлар емес – нағыз лаңбайлар болды ғой» деп күйінеді екен. Бұланбай ұрпақтарының елағасы Өсіп қажы Самайұлына «Туыстарымыз тентек, жер үшін переселен орыстармен жанжалдасып оларды қолпаштап отырған Омбыдағы орыс ұлықтарымен арамызда кикілжің туады да, ағайынға қырсығы тиеді. Переселендерден шекарасы әріректегі «Өгіз өлген» шоғы қоныстануларыңа қолайлы» деп кеңес берген көрінеді.

### **Жарқын**

Он тоғызыншы ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары шама-сында Малай әулеті Есілкөл, Жолдыөзектен (Любин) қуылып Сарыкөл (Полтавка) маңайын, Бастерек, Тулақ (Тереңсу) көлін жайлаған. Бастеректен 12-13 шақырым жерде бір шоқ қайың тоғайы өсіп тұрыпты. Осы тоғайдан Жарқын деген кісі отынға ағаш алуға барады. Сол кезде алдынан үлкен аю шығып тап береді. Жарқын өзіне шабуыл жасаған аюдың алқымынан қысса, аю оның қарынын жарады. Сол арада екеуі де жан тәсілім етеді. Жарқынды іздеп артынан барған адамдар екеуінің бірге өліп жатқанын көреді де қатар көмеді. Кейін бұл жер Жарқынның есімімен аталды (бұл аңыз-мәлімет Қапар Сүлейменұлы Айтуғанов ақсақалдан алынды). Бұл жерден он шақырым қашықтықта Жарқынағаш деген шоқ та бар. Қазір онда Омбы облысы, Одесский ауданының «Цветково» шаруашылығы орналасқан. Одесский ауданында «Қаржас» ауылы бертінге дейін болды. Белгілі әдебиетші, қоғам қайраткері Қошке Кемеңгеровтің туған жері. Шамамен он тоғызыншы ғасырдың аяғына қарай осы жерге Омбы түбіндегі «Бозтөбеден» қоныс аударған. Қаржас руының ұрпақтары бұл жерді 1850 жылдардан бері қоныстанған және «Ауыздағы Қаржас» деп те аталады. Аталған жерді екінші Сібір казачий полкінде хорунжий болған Мұса Шорманов керейдің ішінде Құрман атасына жататын Мұхамеджан деген беделді кісінің келісімі бойынша рұқсат алып заңды жолмен 250 сөлкебай ақшаға сатып алған. Қазір бұл жер Омбы қаласының солтүстік жағалауындағы Промзона аймағына еніп кетті. Кейінгі қоныстанған жері Бөртебайдың Шәмелінің жайлауы болған



«Сұлу шіліктегі» орманды, тоғайлы Қисықағаш өңірі. Жалпы аудан орталығы Одесский мен Белостоктың атшаптырым айналасының бұрынғы атауы «Сұлу шілік». Осы маңайдағы көздің жауын алатын жас шіліктердің бертін келе біршамасы көлденең немесе қиқайып, бұралып өскендіктен «Қисықағаш» атанған. Ол жердің бұрынғы «Қисықағаш» атауын қысқартып «Қисықтағы қаржас ауылы» деп атайды. Осы маңайдағы Қызылағаш, Қараағаш. Жарқынағаш, Қисықағаш, Жалғызағаш ертеден келе жатқан жер атаулары.

### **Ұялы**

Әуелде бұл жерде қалың жынысты тоғай болған деседі. Бұл жерді алғашқы қоныстанған Өтеп әулеті. Өтептен Кенжебай, Жаманқұл туады. Жаманқұлдан Тілеген, Тілебай, Бұқпантай, Әлі, Мұса туады. Осы бес ұлдың ішінде Тілебайдан ғана ұрпақ жоқ. Аңыз бойынша Малайкерейдің ұрпақтарын орыстар Жолдыөзектен тықсырғаннан кейін Өтеп ұрпақтары Түзкөмген, Шұңқыркөлдің айналасына тоқтайды да, сол маңайдағы қалың өскен ну орманның алаңқайын таңдайды. Маңайда өскен биік ағаштың басына бүркіт ұя салған екен. Тілебай бүркіт ұя салған ағашты кеседі. Тілебайдың ағашты кесіп құлатқанын естіген қызы Айбала бұл бәйтеректі кесуге болмайды, киесі соғады, бүркіт киелі құс еді дейді. Көп ұзамай айналасы бір жұманың ішінде Тілебайдың өзі де, үйелменді-сүйелменді төрт ұлы да қайтыс болады. Сол маңайдағы қалың өскен шоқ ағаш Тілебайдың қызының құрметіне Айбала атанып кетеді. Бүркіттің ұясы болған болған тоғай Ұялы атанады. Бұл жерге Малайдың Өтеп атасынан тарайтын ұрпақтар жиырмасыншы ғасырдың басында қонсытанды (1902-03 жылдар шамасында)

Ұялының байырғы атауы Борсықбай. Ел алғаш қоныстанған жылдары бұл арада түздің аңы борсықтардың ін қазып, күшіктерін өрбітетін қорымы өте мол болған екен деседі. Тың жерлерді игеру жылдары Борсықбай МТС-і атанды да, соңынан 22 партия съезі атындағы совхоздың орталығы болды.

### **Түзкөмген**

Ұялыдан екі-үш шақырым жердегі тоғайдың атауы. Оның жанына совхоз кезінде бау-бақша, көкөніс, алма ағаштары және қарақат, құлпынай тәрізді жеміс-жидектердің бұталары өсірілді. Жердің осылай аталу

себебі: Омбыдан Қараөткелге кіре тартатын саудагердің бұл жерде күзгі жаңбыр мезгілінде аты мертігіп, арбаға тиеген бес қап тұзын жерге көміп кетеді. Жалғыз өзі жаяулап-жалпылар жақын маңайдан лау айдайтын ат тауып әкелгенше уақыт та өтіп кетеді. Сол арада жерге көміп қойған бес қап тұзы күзгі жаңбырдың суымен бірге еріп біршамасы жерге сіңіп кетіпті. Содан бұл жер Тұзкөмген атанған.

### ***Шұңқыркөл***

Тұзкөмген мен Бұланбай ауылының дәл ортасындағы суы құрғап қалған көлдің орыны. Тың жерлерді игерудің әсерінен бұл көлдің орыны жоғалып кетті. Қазір оның орынында кішігірім ғана қазан шұңқыр қалды. Көктемде қар ерігенде ғана шұңқырдың орынына су жиналады.

### ***Тастыбай***

Ұялы селолық округінің аумағындағы шоқ немесе тоғайдың атауы. Бұл жерді және Сырнайшы мен Шаңдақтың арасын Дуадақ – Төбет руының ішінде Өтебай атасының дәулетті адамы Тастыбай деген кісі жайлаған екен. 22 партия съезі атындағы совхоздың төртінші трактор егіс бригадасы осы жерде орналасты. Тоғайдың орыны қазір жоқ. Бала кезімізде тоғайдың арасында қазылған құдықтардың орыны болатын еді. Қазір олар да жермен тегістеліп кетті.

### ***Қарашілік***

Жалпы шілік сөзі тал туысына жататын аласа бұта. Өзен алқаптарында, ылғалды шабындықтарда өседі. Бірнеше жылғы бұтақтары сарғылт түсті, қызғылт және қара болып келеді. Қарашілік атауы жергілікті жерде осындай өсімдіктің көп өсуіне байланысты қойылған. Бұрын Қарашілік ауылын «Жеті үй» деп атайтын. Алғашқы коллективтендіру жылдары бұл араға жеті отбасы қоныстанған көрінеді. Бұрынғы «Жаңа ауыл» совхозының бөлімшесі. Үлкен қара Ой мен Кіші Қара Ой көлдеріне құятын өзендердің сағасындағы кейбір жер бедерлерінің «Қарашілік», «Қызылшілік», «Талшілік» атаулары табиғи ерекшеліктеріне байланысты қойылған.

### ***Талшық***

Талшық сөзі – волокно деген ұғымды білдіреді (майлы өсімдіктер

кендірдің немесе мақтаның талшығы). Бірақ бұл ұғымның Талшық атауына қатысы жоқ. 1962 жылы Көкшетау-Қызылту теміржол станциясы салынған кезде, қазіргі теміржол станциясы орналасқан жердің байырғы атауы «Талшілік» еді. Теміржол тартылғанға дейінгі уақытта Шат өзені көктемде тасыған кезде суы осы араға дейін жайылатын көрінеді. Тың игеруді қолға алған алғашқы онжылдықта «Талшілік» атауы да орыс тілінің транскрипциясына сәйкес өзгеріске ұшырап «Тальчик – Талшық» атанды.

### *Сиыршы*

Бұрынғы Ленинград ауданына қарасты Қызылту совхозының жеріндегі елді мекеннің атауы. Коллективтендіру дәуірінде бұл ауылдың негізінде «Қызыл жалау» қолхозы ұйымдастырылды. Ағартушы – ғұлама ғалым, Абайдың еңбектерін алғаш баспаға тапсырған оқымысты азаматтардың бірі Зейнілғабиден Омскауидің есімімен тығыз байланысты. Ұлы ғалым Уфадағы «Медресе-ғалияны» бітіргеннен кейін ел ішінде бала оқытумен айналысты. Уақытын бос жібермеген кісі еді дейді. Үлкен Қара Ойдың айналасына қоныс тепкен Саға, Құлыкөл, Сарман ауылдарының да балаларын оқытыпты. Осы ауылда белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, алаштың ардақты азаматы Смағұл Садуақасов ақ пен қызылдың араласқан заманында бір жылдай оқытушы болған және осы ауылда Қызылту ауданына есімі мәлім, ұлағатты ұстаз Сабыр Мәліковке, Қыдырбай Шәмеловтерге есеп тану (арифметика), жағрапия пәндерінен сабақ берген.

### *Үлгілі*

Кісі есіміне байланысты қойылған. Сыртқы Қарауыл атасына жататын Сәтпек батырдың үзеңгілес жолдасы, әрі аталас ағайыны. Сібір ханы Көшімнің даңқты батырларының бірі. Қарауылдың Мәшен атасынан – Қылды, Тоғай, Ботбай, Жаулыбай, Тоқтыбай, Мәмбеттен – Құрманқожа, Құланшы. Құрманқожадан – Есембай, Қараша, Апанай, Қоңырша. Құланшыдан – Атқы, Жауар, Мөңтік, Сары рулары тарайды. Құланшыдан тараған осы төрт атаны сырт қарауыл немесе ойдағы қарауыл дейді. Көшім ханның заманында олардың ертедегі қоныстары Батыс Сібір ойпатындағы Тобыл өзенінің Ертіске құятын сағасы және Бағай өзенінің аңғары мен Байыш ормандары болған екен. Көшім ханның екінші ұлы

Есім сұлтанның баласы Әбілкерейдің Омбы өзені мен Тарск бекінісі арасында орыстарға қарсы жүргізген жорықтары кезінде жасақтары сырт қарауылдардан да құралды. Әбілкерейдің жасақтары Тары аймағында орыстардан жеңілгеннен кейін сырт қарауылға жататын ауылдар Сібірдің оңтүстік өңіріне қарай ойысты. Үлгілі батыр орыстар Сібір өлкесін жаулап алған жылдары Көшім ханның баласы Әлимен және оның немересі Әбілкереймен бірге басқыншыларға қарсылық көрсеткен адам. Сексен жасқа келгенше ат үстінен түспеген адам екен. Одан кейін Көшімнің Әлиден кейін Сібір хандығының тағына отырған ұлы Есім сұлтанға да қолдау көрсетіп жауына қарсы соғысқан адам. Есім сұлтан солтүстік өңірде 1630 жылға дейін орыстармен соғысқанын ескеретін болсақ, Үлгілі батырдың өмір сүрген уақыты шамамен 1545-1635 жылдар арасы. Тарлан тарихтың қойнауына үңілетін болсақ сырт қарауылдардың өз алдына ел болып қалыптасу кезеңі сонау 15-17 ғасырларға тіреледі. Ал, қарауыл мен атығай руларының қалыптасуы Тайбұға әулеттерінің билік құрған заманына немесе одан әріге баратын тәрізді. Тың игерген алғашқы жылдары қазіргі «Колос» совхозы мен Талшықтың ортасында топырақтан үйілген үлкен оба болды. Осы совхоздың тұрғыны, ақсақалы марқұм Молдаш Мұжыбаев бұл жерді «Үлгілі батырдың қорымы» дейтін.

### ***Тұғыржап және Мұқыр***

Қыпшақ Сағалайұлы Қошқарбай батырдың есімімен тығыз байланысты. Қошқарбай батырдың елі де осы өңірді 17-18 ғасырларда мекендеген. Тұғыржап құба қалмақтың жекпе – жекте жау түсірген атақты батырларының бірі. Құлан қыпшақ руының арғы тарихы Сібір хандығының іргесін қалаған сонау Тайбұға әулеттерінің билік құрған дәуірінен бастау алады. Құрамына көптеген ұлттар мен ұлыстар кірген Сібір хандығының негізгі әскери күшін орта жүздің Арғын, Қыпшақ, Керей-Уақ рулары, кіші жүздің Жағалбайлы, Тама, Табын, Керейіт рулары құрағаны тарихтан белгілі. Орыстардың Сібірді жаулап алу жорығына қарсы қол бастаған батырлардың бірі қыпшақтың Құлан атасына жататын қыпшақ елінің қолбасшысы Сейітқұл Жамақұлы екен. Көнекөз қариялардың айтуынша Қошқарбай батырдың арғы атасы немесе аталас туысы болса керек.

Мәскеу патшасының сібір жерін жаулап алуға қарсылық көрсеткен батырларының бірі абақ керей руынан шыққан ағайынды Құттымбет,

Бәйімбет деген кісілер екен. Құттымбеттің ұлы Байтайлақпен Қошқарбай батыр үзеңгілес болған адам. Осы атаның ұрпақтары орыс-казактардың қысымына және бір бүйірден тиіске құба қалмақтардың жортуылына шыдамай ауыл-аймақтарымен бірге Қара Ертісті өрлеп көшіп кетсе де, Қошқарбай батыр өзінің қарамағындағы жұртымен оларға ілеспей қалып қойған. Бірақ та көшкен қалың елмен қарым-қатынасын суытпаған. Бұл уақытта ат жалын тартып мінген Қошқарбайдың орыс-казактармен жерге қатысты болған дау-дамайларда, қазақ-қалмақ арасында болған текетірес соғыстарда жас шамасына қарамай батырлығымен аты шыға бастаған кезі екен. Оның дақырты өз елінде аты шыға бастаған қалмақтың жас батыры, әрі жайсаңы Тұғыржапқа да жетеді. Екеу ара бір айқасуды мақсат қылады. Неде болса Қошқарбайды өз жерінде аттан түсіріп, абырой алуды ойлаған Тұғыржап жаушысы арқылы Қошқарбайға белгіленген жерде белдесу үшін кездесейік деп хабар жібереді. Қошқарбай да Тұғыржаптың айтқанын құп алып, күш сынасатын жерді Үлкен Қарай Ой көліне құятын Шат өзенінің жағасы деп белгілейді. Бұл оқиға «Ақтабан шұбырындыдан» ілгері уақытта өтсе керек.

Тұғыржап межелі жерге жеткен соң бір күн демалып тұрақтайды. Түс көреді. Түсінде Қошқарбай батырдың кеудесіне мініп жауын жеңген екен. Көрген түсін қасындағы еріп келген сәуегейі Мұқырға айтады. Мұқыр қазақтың батырын жеңіп еліңе абыроймен қайтасың, бұл түсті Қошқарбай да көрді, ол түсінде сенен жеңілгенін көріп қазір жүрегі шайлығып отыр – дейді.

Мұндай түсті Қошқарбай батыр да көреді. Ол қалмақтың батыры Тұғыржаптың кеудесіне мініп алып басын кескелі жатқанын көреді. Ұйқысынан шошып оянған батыр көрген түсін жанындағы жауырыншысы Бектемірге айтады. Бектемір – өңінде қорықсаң, түсінде қуанасың – деген ырым бар. Еншалла түсінде көрген жауыңды сен өңінде жеңесің. Қорықпай айқасқа дайындал, жолың болады – деп батасын береді.

Сонымен екі батыр Шат өзенінің жағасында кездесіп үш күн бойы бірін бірі ала алмайды. Ақырында Қошқарбай ебін тауып найзасының ұшын қалмақ батырының өңешіне қадайды. Өндіршегіне найзаның ұшы бойлай кірген қалмақ атынан өкіріп құлаған қалпы жер құшып қалады.

Жерден басын көтерген қалмақтың батыры – Қошқарбай! Мен сені шынында да түсімде аттан аударып түсіріп едім. Өзімнің жеңетініме кәміл сеніп едім. Бірақ сенің түс жорушың мықты екен. Енді мені осы

араға арулап қоюдыңды сұраймын – деп ақырғы тілегін айтып жан тапсырыпты. Қалмақтың батырын арулап қойған Қошқарбай батыр Бектемір жауырыншыға ризашылығын білдіреді. Оның қасына еріп келген түс жорушысы Мұқыр Бектемірден қазақ дәстүрімен түс жоруды үйрену үшін бір көлдің жағасында қоныстанып қалады. Содан бері қалмақтың батыры жерленген жер Тұғыржап атанады да, соған таяу өңірдегі көлдің аты Мұқыр атанады. Кейін бұл Қарауылдың ағайынды Саң, Сәттімбет атасынан тарайтын ұрпақтардың қонысы болды. Қазақ тарихында есімі осы күнге дейін беймәлім болған Үлгілі батырдың Көшім ханның заманынан бері қалған жұртының бір сілемі Саң-Сәттімбеттің ескі қорымы Талшықтан алты-жеті шақырым қашықтықта Қызылтуға баратын жолдың сол жағында. Қошқарбай батырдың арғы аталары Сібірдің Тобыл, Сүйір өзендерінің алқабын жайлағаннан кейін казак-орыстардың қысымымен 17 ғасырдың ортасында Сейітқұл батыр (Жамақтан – Сейітқұл, Сейітбаттал, Сейтек туады) Жамақұлының баласы Олжай батырдың бастауымен Құрымбел даласына қоныс аударған. Омбы облысындағы суы тұзды Олжай көлі осы кісінің есіміне байланысты.

### *Дәуіт*

Дәуіт – кісі есімі. Сонау Абылайдың заманында Уақ руының ішінде Сарман атасынан тарайтын Мақыұлы Дәуіт деген адамның қонысы болған. Дәуіттен Қойбасар, Қойбағар есімді екі ұл туады. Сібір жерін жаулап алған орыстар татар-башқұрттармен, естектермен қатар жергілікті қазақтарды да зорлап шоқындыруға тырысқан. Сондай зордың күшімен шоқынған қазақтардың бірі Қойбасардың әкесі Мақы орыстың дінін қабылдап, орыстан қатын алған екен. Аталас туысы, әрі елінің бетке ұстайтын Есбар деген азаматы Мақының осы қылығына ренжіп екінші ұлы Қойбағарды ғана соңына ертіп Құланды даласына (Новосибирск облысының көне атауы) көшіп кеткен дейді. Қойбасардан Жақыпбек (Яков), одан орыс-казактардың арасында Владимир есімімен белгілі, патшаармиясының полковнигі «Қарабалта» туады. Қазақтардың қойған аты Балтабай, арғы түбі орыспен шатасқандықтан шикі болған соң және нақты орысқа ұқсамайтын түр-түсіне қарап Қара балта атанған. Қара балтаның өзі Құлынды даласында орыстар салған Қайыңбасы қамалында естектер арасында қызмет атқарған, әкесі Жақыпбек те көп жылдар естектердің ішінде жасауыл қызметінде болған және бұл

жерде жергілікті халыққа қысым көрсетіп олардың наразылығына іліккендіктен ішкі Ресейге көшіп кеткен. Кейін әкесі өлген соң баласы Жақыпбек еліне оралып, Омбыдағы кадет корпусын бітіріп сібір казак-орыс полкінде қызмет атқарған. Көкшетау төңірегінде, Үлкен Қара Ой мен Кіші Қара ойдың айналасынан бастап сонау Ебейті көліне, Құлынды даласына дейін мекендеген қазақтардың арасында «Қара балта күндіз шоқынып, түнде намаз оқиды» деген екі ұшты тұжырым да болған. Қара Балтадан – Валериан және Николай Куйбышевтар туады. Ұлы Қазан Төңкерісінің қайраткер тұлғалары. Аймақта Бестерек, Алқатерек, Қаратерек атаулары да бар. Бестерек – аудан орталығы Талшықтан Қызылтуға бара жатқан жолдағы ауылдың ескі атауы қазір де солай аталады.

Алқатерек – «Чистяковский» совхозының бұрынғы атауы. Ақмола, Имантау, Қотыркөл өңірінен Омбының казачий базарына мал сатуға және саудалауға келетін қазақтардың малдарын пұлдап қайтқан жолаушылармен өзара кеңесіп, алдын мәлімет алатын алатын алқалы жиыны осы маңайда өскен шоқ теректің айналасында өтеді екен. (Талшықтың тұрғыны марқұм Рахат Шәріповтің айтқан дерегі бойынша).

Қаратерек атауы бірнеше жерде кездеседі.

### *Ащыкөл*

Бұрынғы көлдің атауы. Қазір темір жол станциясы өтеді. Елді мекеннің жанындағы көлдің суы тұзды және айналасы сортаң болғандықтан осылайша аталған тәрізді.

### *Айсары, Құлыкөл, Саға, Құртсай*

**Айсары ауылы** – Айсары есімді қыздың атына байланысты қойылған. Сүйген жарына қосыла алмаған Айсары қыздың басынан өткен оқиғасы дүлдүл ақын Иса Байзақовтың «Ақбөпе» поэмасы туындауына арқау болған деседі. Иса өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары атақты палуан Қажымұқанмен бірге Омбы төңірегіндегі ауылдарды аралайды. Айсары қыз бен Шорман серінің әңгімесін ел ішінен естиді. Кейін бұл оқиға жайында өзіне ұстаз санаған Балқаш-Шу бойының ақыны Сауытбек деген ақынмен ойын бөліседі. Сауытбек поэманы «Ақбөпе» деп атауға ұсыныс береді. Поэмадағы Ақбөпе-Айсары мен Әмірхан-Шорманның бастарынан өткен оқиғалар өзектес.



Оқиғаның нақты кейіпкері байдың сұлу қызы Айсары мен кедей де болса, өжет, қайсар, әрі сал-сері жігіт Шорман арасындағы арасындағы шынайы махаббатқа байланысты. Бірақ екеуі де армандарына жете алмайды.

**Құлықөл** – бұрынғы Жаңаауыл совхозының байырғы атауы. Соғысқа дейінгі жылдары Үлкен Қара Ойдың суы ернеуінен асып осы жерге дейін жайылатын көрінеді. Жердің аты да – құс кербезі аққулардың ұя салып балапанын көптеп өрбітуден Аққулы көл – яғни Құлықөл атанған деуші еді үлкендер. 1925 жылы Шарлақ уезі тарағаннан кейін алғашқы жылдары Қызыл Ту ауданының орталығы болды. Кейін аудан орталығы Қондыбай ауылына (бұрынғы Чернигов совхозы, Қондыбай көлі де осы жерде), 1929 жылдың жазында Кішкенекөлдің жағасындағы Шабақбай ауылына көшірілді

**Саға** – Үлкен Қара Ойдың солтүстік шығысында орналасқан бұрынғы ауылдың аты. Үлкен Қара Ойға құятын өзен де осы атаумен аталады. Ауыл өзеннің сағасына қоныстанғандықтан Саға деп аталған. Шежіре бойынша Сақалдан – Меңдібай, Алдияр, Қошқар. Меңдібайдан – Базар, Кепек. Алдиярдан – Ниязбай. Қошқардан – Байтайлақ, Баба, Жаналы, Үмбет тарайды. Саға ауылы Сақал керейдің Меңдібайынан тараған Кепек атасының атам заманғы қонысы.

**Құртсай** – көлдің солтүстік шығысындағы ойпатты жердің атауы. Дуадақ-Төбеттің байы Сарманның ескі жұрты да осы араға таяу. Шарлақ уезінде он сегіз мың жылқы біткен Қасым-Сәлімнен кейін ен-дәулетімен аты шыққан Сарман бай екен. Сарман байға он бір мың, Тоғжанның Садуақасына сегіз мың жылқы біткен деседі. Жарқын аулының байы Бөртебайдың Шәмелінде де 3000 жылқы болыпты. Кейін бұларды бәрі де 1928 жылғы «Ұлы кәмпескеге» ілігіп жер аударылды. Үлкен Қара Ойдың шығысында «Арал» деген жер бар. Жері құнарлы, шөбі шүйгін, әрі қысы да басқа өңірлерге қарағанда жұмсақ. Сарман байдың қалың жылқысы қыс мезгілінде осы жерді тебіндейтін көрінеді. Тың жерлерді игеру жылдары құрылып, осы көлдің маңайынан орын тепкен совхоздар «Аралдан» шөп шабатын және шаруашылықтың малына арнап қысқы жем-шөп қорын дайындайтын.

Сақал керейдің ішінде кісіліктерімен қоса дәулетімен аты шыққан ағайынды Ақылбек, Байымбет, Құлыбек, Нөгербек деген кісілер де өмір сүрген. Бұлардың ішінде Құлыбегі 3000 жылқы біткен бай екен.

Құлыбектен – Серғазы одан Садық, Доске, Қайыржан, Әміржан. Байымбеттен – Сұлтанғазы одан Ахметжан одан – Тәжиден, Қайыржан (бұл кісінің жұрт қойған лақап есімі «Ақ жаға» еді), Мүбәрәк, Насыр, Тойбазар. Сұлтанғазы заманында Қорған болысының уездной молдасы болған адам. Халық арасында «Указ молда» есімімен белгілі. Он тоғызыншы ғасырдың аяғында Әміре қажымен бірге (Зейнілғабиден Омскауидің әкесі) Батыс Сібірдегі Қызылжар – Омбы бағытына тартылған темір жолды салу жұмысына жергілікті қазақтарды алғызуға және қазынаның есебінен олардың жалақысын төлетуге мұрындық болған. Бұл жұмыстар ел ішінде «Сазан тарту» деген атпен белгілі болды. Темір жолдың астына төселетін шпалдар мен соның бойына орналасқан телеграф бағандарының арнайы кесіп, дайындап, кептірілген бөрене-ағаштарын Омбының ішкі аймақтарынан қазақ жұмыскерлері мажар арбаға ат және өгіз жегіп тасыған.

### ***Ақсары және Амангелді***

***Ақсары.*** Бұрынғы «Тельман», немісше Найдорф атанған совхоздың орталығындағы ауылдың аты. Ашамайлы керей руының бір бұтағы Тарышы атасынан – Қуанбай, Жиенбай. Қуанбайдан – Смайыл – одан Ақсары, Күрсары, Тезағай, Жарылғас. Ақсарыдан –Ақымбет, Тоқымбет, Нұралы, Нұрымбет, Еменалы, Бает аталары тарайды. Бұл жерді Ақсарының Еменалы ұрпақтары мекен қылғандықтан солардың атына байланысты Ақсары атанған.

***Амангелді*** – Ақсары ауылынан 10 шақырым қашықтықта тоғай ортасына орналасқан ауылдың атауы. Қыпшақ руының ішінде Амангелді (Букин Садықтың арғы атасы) есімді адамның құрметіне сай атанған. Өз заманында кісілікті, аймағына, айналасындағы орыс-қазаққа сыйлы елдің бетке ұстайтын азаматтарының бірі болған дейді.

### ***Найзатомар***

1-ші май совхозының Коминтерн бөлімшесі аумағындағы көлдің бұрынғы атауы. Көлдің жағасында су мен желдің әсерінен құлаған емен мен қайыңның ұшы найза тәрізді сойдақталып қалған түбірлері (ағаштың жер бетінде тамырымен бірге қалған түбірін «томар» дейді) қалып қойғандықтан «Найзатомар» көлі атанған. Бұл жерді қыпшақ руының Оразбай аталары шамамен 19 ғасырдың аяғы мен

20 ғасырдың басында Ақмола өңірінен келіп келіп қоныстанған. Коллективтендіру жылдары «Коминтерн» колхозы болды да бертінге дейін сол атаумен қалды.

Ел, жер-су атауларын және соған қатысты аңыз-әңгімелерді көнекөз қариялардың аузынан естігеніміз бойынша қағаз бетіне түсірдік. Кейбір деректердің тарихи оқиғалардан ауытқып, дұрыс болмауы да ықтимал. Бірақ әрбір аңыз-әңгіменің түкпірінде тарихи шындық жататыны жасырын емес. Құлақ түріп естіген әңгімелердің көпшілігі есте сақтала бермейді. Арғы ата-бабаларымыздан сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан аңыздардан, осыдан үш-төрт ғасыр бұрын өткен оқиғалардың тарихи шындықтары көрініс береді. Қазақтың тарихын орыс та, татар да, шүршіт те қағаз бетіне түсіріп жазды. Бірақ қайсысының болмасын жазған қолжазбаларында халқымыздың тарихын бұрмалаушылық байқалады. Қазақты тумысынан надан, топас, ынжық, қорқау етіп көрсету жағы басым. Сонау Шыңғыс хан заманынан бұрын ата-бабаларымыздың құтты мекені мен ырысы болған Сібір өңірі қазаққа ешуақытта жат болған емес. Бұл өңірді батыстан жатжерліктер келіп басып алғаннан кейін көптеген жер атаулары солардың тілдеріне икемделіп өзгеріске ұшырады. Бірақ олардың байырғы атаулары әлі де болса халқымыздың санасынан көмескіленіп өше қойған жоқ.

Профессор Н.Фирсов 1915 жылы Петерборда жарық көрген «Сібір тарихының мәліметтері» атты еңбегінде: «Орыстардың негізгі мақсаты Сібірді отарлау болды. Бұл жорық ақырында қандыбалақ көсемнің (Жармақтың) басын жұтса, сібірліктердің қанын судай ағызды. Айталық, Сібір патшасы Жәдігердің тұсында (1555 жылы) салық төлеушілер саны 30700 адам болса, XVII ғасырда Батыс Сібір өлкесіндегі жеті уезде салық төлейтін қауқары бар 3000 адам қалды» деп жазады. Арада бір ғасыр уақыт өткенде ұлыстағы адам санының он есеге азайып кетуі сол заманда бейбіт өмір сүріп отырған жергілікті халықты отарлаушылар бала-шағасымен қоса қойша қырғандығынан хабар беріп тұрғаны айдан анық. Әлбетте, өзге мемлекеттің бодандығына бой ұсынған салық төлеуші ұлыстар адамының санын азайтуға тырысатынын ойласақ Сібір өлкесінде 16 ғасырдың орта шамасында 50-60 мың адам болды деп жорамалдауға болады. Көшпенді немесе жартылай көшпенді мемлекеттің әскери қуатына сай Сібір хандығының іргелі жауына қарсы жасақ шығаруға бір немесе екі түмен қол шығаратындай қауқары мол еді.

Кезбелер мен қарақшы тобырдан құралған Жармақтың бар-жоғы бес жүз адамы осындай ұлан – ғайыр аймақты аз ғана жылдың ішінде тізе бүктіруі ақылға сыйымсыз. Бұл шовинистік тұрғыдан әсірелеудің нағыз дәрекі түрі. Орта ғасырларда Батыс Еуропадан жаңадан ашылған Америка құрылығына аттанған испандық конкистадорлар жергілікті Ацтектер мен Инктердің көне мәдениетін тып-типыл қылып жойып жібергені тарихтан белгілі. Бүгінде еуропалықтар оқ-дәрі мен зеңбіректердің күшімен әрең тізе бүктірген бір кездегі жауынгер үндіс халықтарының жұрнағы ғана қалды. Бұл жағдайдан Сібір халықтары да шет қалмады. Мәскеу патшалығымен ат жалынан түспей елу соғысқан Көшім хан мен оның ұрпақтарынан қалған ұлыстың негізгі тірегі қазақтар болса, қалғандары отаршылармен араласып әртүрлі топтағы халықтардың құрамына енді. Бір кездегі естектер мен бұғылдар, қазіргі сібірдің, тебріздің, тобылдың, барабаның татарлары, жергілікті халықпен біржола араласып кеткен келімсектердің бүгінгі ұрпақтары шалдондар (өздерін Чалдоны немесе Челдоны деп атайды) мен керіжақтар (кер-жаки) бұрынғы Сібір жұртынан қалған жұрнақтар. Сібірліктер, соның ішінде біздің ата-бабаларымыз 1616 жылы Мәскеу отарлаушыларына қарсы соңғы рет бас көтерді. Көтерілісшілерді жалдамалы патша әскері қойдай бауыздап, қатын-қалаш, бала- шағасына дейін тұтқынға алды. Осылай Сібірдің сырбаз ханы Көшім жеңілгеннен кейін Ресей империясы Қазақ Ордасымен бетпе-бет қалды. Ал, Сібір хандығының құрамында болған қазақ тайпаларының көпшілігі Еңсегей бойлы Ер Есім ханның тұсында Қазақ хандығының құрамына енді.

Қорытындылап айтқанда, Алтын Орда мемлекеті ыдырағанда Қазақ хандығымен бір ғасыр бұрын Сібірде билік құрған Он ханның халық арасына тараған ауыз екі шежіре бойынша керей Тоғырыл ханнан Сәмкен, Үкі, Арыстан есімді үш ұл туады. Үкіден Мамық би одан Тайбұға туады. Тайбұғадан кейін Сібірге оның балалары Омар мен Мардан қатарынан билік жүргізді. (Омар Сансызбайұлынан естігеніміз. Ол кісі өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдар Ахмет Байтұрсыновтың тікелей бастамасы бойынша құрылған фольклорлық экспедиция құрамының мүшесі болды. Ахаңның ұсынысы бойынша көптеген қазақ ғұламалары қазақ халқы мен хандарының шығу тарихы туралы шежірелер мен деректерді жинастырды. Бұл мәселеге абыздарымыз Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, мемлекет және қоғам қайраткерлері Мұхамеджан

Тынышпаев, Санжар Асфандияров, Халел Досмұхамедов, Міржақып Дулатов және өзгелері де ат салысты. Солардың қатарында Омар Сансызбаевқа Сібір өлкесін мекендеген қазақтармен басқа да халықтардың шежірелері мен аңыз-әңгімелерін жинастыру тапсырылған болатын) шөбересі Тайбұға әулеттерінен кейін Сібірдегі Көшім патшалығы ширек ғасырдай өмір сүріп, тарихтың сұрлеу-соқпағында өзіндік ізін қалдырды. Бұл патшалық Ресей отаршылығына қарсы тұрған Азия құрлығындағы ең алғашқы күш ретінде тарихтан орын алды. Елтаңбасында екі басты самұрық құсы бейнеленген мемлекеттің қазақ хандығын отарлау саясаты бір жарым ғасырға бөгелді (1582 жылдан бастап 1731 жылға дейінгі аралық). Өз кезегінде қазақ даласы Орта Азия хандықтарының (Қоқан, Бұхар, Хиуа хандықтары) орыс әскерлерінің табанында жаншылуын бір жарым ғасырға кешіктірді. Бір заманда өздері тізелерін бүктіріп, алым – салық төлеткен орман адамдарына көкбөрінің ұрпақтары ауызбірлігі жоқ болудың салдарынан енді өздері сондай күйге түс.

### ***Омбы облысындағы елді мекендердің бұрынғы қазақша атаулары***

Одесское ауданындағы елді мекендер: Цветково – Жарқынағаш, Желанное – Шұбарбие, Одесское – Құрас, Бобровица – Сырнайшы, Ореховка – Шаңдақ, Цветково-Жарқынағаш, Гришковка – Атқырылған, Белосток – Сұлушілік, кейін осы шіліктер жер жағдайына байланысты қиғаш өскендіктен қисық ағаш атанды. Бұл жер Бөртебайдың Шәмелінің жазғы жайлауы болды. 19 ғасырдың аяғында осы жерге Омбының қаласының маңына 1850 жылдары қоныстанған «ауыздағы Қаржас» ауылынан Қаржас руының Ақша аталары 1895-96 жылдары қоныс тепті. Бұл жердің *Қисықтағы Қаржас* атауы әлі күнге дейін жұрттың жадында. Атаудың түп төркіні Қисық ағаш деген сөзден шыққан.

Москаленко ауданындағы елді мекендердің бұрынғы қазақша атаулары – *Новоцарицыно* – Кұмдықөл, *Татьяновка* – Баймырза, *Гвоздевка* – Буырлық, *Селивановка* – Қырық үй Бөкен. *Шереметьевка* – Садуақас ауылы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ әдебиеті сынының негізін қалаушы Ғаббас Тоғжановтың әкесі Тоғжанның Садуақасы осы ауылда туған. Бұдан өзге *Полтавка*, *Называевка*, *Любин*, *Шарбақкөл*, *Марьяновка* (Мырзағұл) елді мекендердің де бұрынғы қазақша атаулары бар.

## МАЗМҰНЫ

### РЕСМИЕТ

Республикалық ономастика комиссиясының шешімі.....3

### КӨКЕЙКЕСТІ

Қазақстандағы жер-су атауларын тарихтағы әуелгі атаулары арқылы жүйелеу басталды.....10

### ТАЛҚЫ

**С.Иманбердиева.** Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің құрылымы.....14

**З.Тайшыбай.** Солтүстік Қазақстан аумағындағы сын есім арқылы жасалған топонимдер.....23

**С.Мәлікова.** Айыртау ауданының елді мекен тарихынан.....31

**С.Мәлікова.** Солтүстік Қазақстан облысының аумақтық өзгерістерінің құжаттары- аймақ топонимикасын қайнар көзі.....42

**Ж.Самрат.** Заң өзгертілсе атау да дұрысталар еді.....57

**А.Әділова.** Қарағанды облысының гидронимдері.....62

**Ә.Ералы.** Ақмола өңірі – Қызылтопырақ болысы туралы қысқаша мәліметтер.....67

### МИРАС

**Т.Аршабеков.** XIX ғасырда Жаңаарқа өңірінің этнотопонимдерінің қалыптасу ерекшеліктері.....75

Қарағанды облысы кеңес дәуіріндегі елді мекендер өзгерістері.....96

**Т.Аршабеков.** Сарыарқаның сары белі.....106

### ТАНЫМ

**Ш.Кәрібаев.** Сібір жұрты немесе Көшім хандығы құлағаннан кейін Батыс Сібір аймағында өзгеріске ұшыраған жер-сулардың байырғы атаулары.....121

**РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ**  
Авторлардың стилі,  
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық  
ғылыми-практикалық орталығында  
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Қ.Есентай**  
Корректор **М.Шіменбай**  
Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған  
**С.Баубек**

***Редакцияның мекенжайы:***  
Қазақстан Республикасы  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Сығанақ көшесі, 25,  
Тел.: 8 (7172) 27-30-43  
info@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні 11.11.2020 ж.  
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 16.11.2020 ж.  
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 11,7





SÓZDIKQOR



Til-qural

